

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

Н.А. Муминов

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҰЛТТЫҚ БІРЕГЕЙЛІГІ
МЕН ОНТОЛОГИЯЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІГІ:
КОНСТРУКТИВИСТІК ТАЛДАУ

Монография

Алматы
«Қазақ университеті»
2025

ӘОЖ 111.1

КБЖ 87.1

М 78

*Баспаға әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Ғылыми кеңесі шешімімен ұсынылған
(№ 11 хаттама, 23 мамыр 2025 жыл)*

Еңбек Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғарғы білім министрлігі Ғылым комитетінің АР19175009 – «Жаңа жаһандық сын-қатерлер жағдайында Қазақстанның жады саясаты мен онтологиялық қауіпсіздігін талдау» гранттық қаржыландыру ғылыми жобасын іске асыру шеңберінде дайындалған.

Пікір жазғандар:

тарих ғылымдарының докторы, Абылай хан атындағы Халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінің профессоры **Зара Шаймарданова**

саяси ғылымдарының докторы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессоры **Сейілбек Мұсатаев**

Муминов Н.А.

М 78 Қазақстанның ұлттық бірегейлігі мен онтологиялық қауіпсіздігі: конструктивистік талдау: монография / Н.А. Муминов. – Алматы: Қазақ университеті, 2025. – 98 б.
ISBN 978-601-04-7243-3

Гранттық қаржыландыру ғылыми жобасы аясында жарық көріп отырған монографияда Қазақстандағы мектептерде оқытылатын тарих оқулықтарының ұлттық бірегейлікті қалыптастыруда және онтологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуде қандай рөл атқаратыны талданды. Зерттеу үшінші буын оқулықтарына сапалық контент-талдау жүргізуге және оларды әзірлеуге қатысқан сарапшылармен сұхбаттар негізінде жүзеге асты. Автор оқулықтардағы тарихи нарративтердің қалайша кеңістік пен уақытты құрылымдайтынын, ұлттық мемлекеттіліктің бастауын, сабақтастығы мен легитимдігін қандай әдістер арқылы бейнелейтінін зерттейді. Монография Қазақстандағы білім беру жүйесінің ұлттық биографиялық нарратив пен ұлттық бірегейлікті қалыптастырудағы орнына, сондай-ақ тарих білімі арқылы онтологиялық қауіпсіздікті нығайту үдерісіне ғылыми тұрғыдан үлес қосады.

ӘОЖ 111.1

КБЖ 87.1

ISBN 978-601-04-7243-3

© Муминов Н.А., 2025

МАЗМҰНЫ

АЛҒЫСӨЗ	4
КІРІСПЕ.....	7
1 ТАРАУ. ҰЛТТЫҚ БІРЕГЕЙЛІК ЖӘНЕ ОНТОЛОГИЯЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІК	16
1.1 Онтологиялық қауіпсіздік теориясы: тұжырымдамалық түсініктемелер.....	16
1.2 Үрей және нарратив.....	20
1.3 Тану және бірегейліктің қалыптасуы.....	22
1.4 Ұлттық бірегейлік және білім беру	23
2 ТАРАУ. ЗЕРТТЕУ ӘДІСНАМАСЫ.....	27
2.1 Сапалық контент талдау әдісі	27
2.2 Сұхбат әдісі	28
2.3 Деректерді жинау және талдау	30
3 ТАРАУ. ГЕОСАЯСИ ЖАҒДАЙ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ОНТОЛОГИЯЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІГІ	32
3.1 Геосаяси алғышарттар.....	32
3.2 Қазақстанның онтологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету әрекеттері.....	36
4 ТАРАУ. ҚАЗАҚСТАННЫҢ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІ ЖӘНЕ САЯСАТЫ	42
4.1 Білім беру жүйесі.....	42
4.2 Қазақстан тарихы оқулықтары	47
5 ТАРАУ. ЭМПИРИКАЛЫҚ ТАЛДАУ: МЕМЛЕКЕТТІЛІК ТУРАЛЫ БИОГРАФИЯЛЫҚ НАРРАТИВТЕР	54
5.1 Қазақ мемлекетінің құрылуы туралы нарратив	54
5.2 Мемлекеттіліктен айырылу туралы нарратив	65
5.3 Тәуелсіздікке қол жеткізу туралы нарратив	76
ҚОРЫТЫНДЫ	85
ӘДЕБИЕТТЕР.....	90

АЛҒЫСӨЗ

Тарихи нарративтердің Қазақстандағы ұлттық бірегейлік және онтологиялық қауіпсіздікпен байланысын зерттеу мені көптен бері қызықтырып келді. Себебі тарих білімі – өткенді үйретіп қана қоймай, ұлттың «өзін» қалай көретінін, қайдан шыққанын және қайда бет алып бара жатқанын айқындайтын қуатты құрал. Тарих – ұжымдық жадыны қалыптастырып, ұлттық бірегейлікті орнықтыратын, мемлекет пен азамат арасындағы қатынасты түсіндіретін негізгі құралдардың бірі.

Соңғы жылдары мемлекеттердің тарихи нарративтер арқылы өз ұлттық ерекшеліктерін қалай қалыптастыратыны туралы зерттеулер көбейді. Дегенмен, қазақстандық контекстте тарих білімінің онтологиялық қауіпсіздікпен байланысы туралы академиялық жұмыстар шектеулі. Бұл монографияда Қазақстандағы мектептерде оқытылатын тарих оқулықтарының ұлттық бірегейлікті қалыптастыруда және онтологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуде қандай рөл атқаратыны талданды.

Осы монография Қазақстандағы орта мектепте оқытылатын үшінші буын тарих кітаптарын жан-жақты талдауға негізделген, сонымен қатар білім беру саласындағы сарапшылармен, тарихшылармен және оқу бағдарламаларын жасаушылармен сұхбаттасу арқылы толықтырылған. Осы зерттеу барысында білім беру саласындағы сарапшылармен, тарихшылармен және оқу бағдарламаларын жасаушылармен сұхбат маған тақырыпты тереңірек түсінуге көмектесті. Сонымен қатар, үшінші буын Қазақстан тарихы оқулықтарының контент-талдауы мемлекеттің тарихи нарративтерді қалай қалыптастыратыны туралы маңызды қорытынды жасауға мүмкіндік берді.

Тарих пәні арқылы ұсынылатын ұлттық нарративтер – саяси биліктің, тарихи жадыны басқаруға бағытталған идеологиялық ұмтылыстың көрінісі. Әсіресе посткеңестік кеңістікте бұл үрдіс өте айқын байқалады. Қазақстанда тарихи білім тек өткенді сипаттаумен шектелмей, қазіргі заманғы ұлттық бірегейлікті қалыптастыруға қызмет етеді. Сол себепті оқулықтарда

ұсынылатын тарих нұсқасы – жай ғана фактілер жиынтығы емес, белгілі бір кеңістік пен уақыттағы ұжымдық «бізді» қалыптастыру механизмі.

Онтологиялық қауіпсіздік теориясы – осы үдерісті түсіндіретін маңызды теория. Мемлекет өз бірегейлігін тұрақты әрі қауіпсіз сезіну үшін символдық тіректерге сүйенеді. Бұл тіректер – тарихи сабақтастық, территорияның легитимдігі, ортақ ата-баба мұрасы сияқты категориялар. Осы тұрғыдан алғанда, тарих оқулықтарында Қазақ хандығынан бастап қазіргі тәуелсіздікке дейінгі уақытты үздіксіз, біртұтас тарихи сабақтастық ретінде сипаттау – онтологиялық қауіпсіздікке ұмтылудың бір көрінісі.

Зерттеу барысында жиналған деректер мен жүргізілген теориялық талдаулар Қазақстанда тарихи білімнің ұлттық жадыны нығайтудағы орны мен маңызын көрсетуге мүмкіндік берді. Бұл монография отарлықтан кейінгі мемлекеттерде ұлттық бірегейлік пен тарихи нарративтерді қалыптастыру жолдарын зерттеуге арналған ғылыми еңбектерге қосылған шағын үлес деп ойлаймын.

Бұл монографияны дайындау ұзақ уақыт пен күш-жігерді қажет етті. Осы ретте менің ғылыми жолыма қолдау көрсеткен, үнемі түсіністікпен қарап, рухани демеу болған отбасыма ерекше алғыс айтқым келеді. Бала кезімнен бастап білім мен еңбектің маңызын ұқтырған ата-анама және ағам, әрдайым маған сенім артып, ең қиын сәттерде де сабыр мен шабыт берген жұбайыма, күлкісі мен еркелегені мені үнемі алға ұмтылуға итермелеген қызым Айсафи мен ұлым Алиханға алғысым шексіз.

Сондай-ақ ғылыми кеңес берген әріптестерім Философия кафедрасының меңгерушісі, философия ғылымдарының кандидаты Әсет Құранбекке, Саясаттану және саяси технологиялар кафедрасының профессоры Сейілбек Мұсатаевқа, Абылай хан атындағы Халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінің профессоры Зара Шаймардановаға, сұхбат беруге келіскен тарихшылар мен сарапшыларға, осы жобаны жүзеге асыру барысында пікір білдіріп, қолдау көрсеткен достарыма алғыс білдіремін.

Бұл еңбек тек менің ғана жемісім емес, менімен бірге жүрген, қолдау көрсеткен жандардың ортақ үлесі деп білемін. Сондықтан бұл монография – отбасым мен ғылыми қауымдастық алдындағы менің борышымды орындауға деген талпынысымның нәтижесі.

Муминов Н.А.
Алматы, 2025 жыл

КІРІСПЕ

Тарих – өткеннің шежіресі ғана емес, сонымен бірге ұлттың бірегейлігін қалыптастыратын құрал. Қазіргі заманғы мемлекеттер өз бірегейліктерін тарихи нарративтер арқылы қалыптастырады және көбінесе бұл процесті білім беру жүйесі арқылы жүзеге асырады. Бұл процесс ұлттық бірегейлікті қалыптастырып қана қоймай, мемлекеттің онтологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз етудің маңызды тетігі ретінде де әрекет етеді. Мемлекеттер әскери және экономикалық қауіпсіздік мәселелерімен ғана емес, сонымен бірге өз бірегейліктерін қорғау және сақтау қажеттілігімен де бетпе-бет келеді. Бұл жағдай әсіресе тарихи нарративтер мен білім беру саясаты арқылы қалыптасатын онтологиялық қауіпсіздік тұжырымдамасымен тығыз байланысты. Қазақстандағы тарих білімі тек өткенді оқытумен ғана шектеліп қоймай, ұлттық бірегейлікті қалыптастыруда және мемлекеттің өзіне деген көзқарасын қалыптастыруда аса маңызды рөл атқарады.

Соңғы жылдары жаһандық және аймақтық қауіп-қатерлердің артуы жағдайында посткеңестік мемлекеттер үшін бірегейлік пен қауіпсіздік мәселелері ерекше маңызға ие болды. Аймақтағы ең ірі және стратегиялық маңызды мемлекеттердің бірі Қазақстан да ұлттық бірегейлігін қайта қарау мен мемлекеттілік идеясын нығайтуға байланысты қиындықтарға тап болды. Бұл алаңдаушылық көршілес мемлекеттердің агрессиялық құлықтарының күшеюі және елдің ұлттық бірегейлігі мен аумақтық тұтастығына күмән келтіретін екіұшты мәлімдемелер жағдайында әсіресе өзекті бола бастады.

1991 жылы тәуелсіздік алғаннан бері Қазақстан ұлы державалармен, әсіресе Ресеймен қарым-қатынасын мұқият жүргізу үшін мультивекторизм деп аталатын сыртқы саяси стратегияға сүйенді (Nyshanbayev et al., 2024). Осы мақсатта Қазақстан түптамыры Ресеймен байланысты еуразиялық идеологияны енгізіп, Ресей көш бастайтын барлық ірі аймақтық ұйымдарға мүше болды (Auzhanova, 2022). Бұл стратегияға ішкі және сыртқы факторлардың үйлесімі әсер етті: бір жағынан елдің

демографиялық құрамы, екінші жағынан оның геосаяси жағдайы. Тәуелсіздіктің басында халықтың шамамен 30 пайызын негізінен ірі қала орталықтары мен Ресей Федерациясымен шектесетін солтүстік аумақтарда тұратын этникалық орыстар құрады. Қазақстан географиялық жағынан екі ықпалды державаның арасында орналасқан: солтүстігінде Ресей және шығысында Қытай. Мемлекеттің қалыптасу жылдарында Қазақстан осы демографиялық және геосаяси жағдайлардың тоғысуынан ұлт болашағына қатысты алаңдаушылық пен белгісіздік туындатқан онтологиялық қауіпсіздік мәселесімен күресті. Онтологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Орталық Азия және Түркиямен байланысты бірегейлікті емес, еуразиялық мемлекеттік бірегейлікті қалыптастыруды жөн көрді.

Қазақстанның сыртқы саяси мінез-құлқы көбінесе Ресей, Қытай және Батыс (АҚШ және Еуропалық Одақ) (Hanks, 2009; Kassen, 2018), сияқты негізгі геосаяси ойыншылардың мүдделері арасында тепе-теңдікті сақтауға бағытталған көпвекторлы стратегияға негізделгенімен, соңғы жылдардағы оқиғалар бұл стратегияның елеулі проблемаларға тап болғанын көрсетті. Владимир Путиннің Ресейде билікке келуінен кейін Қазақстан өзінің көпвекторлы сыртқы саясатын қолдануда қиындықтарға тап бола бастады. Путин Ресейдің посткеңестік Еуразиядағы ықпалын қалпына келтіруге тырысты (Götz, 2022).

Посткеңестік кезеңдегі ұлттық бірегейлік мәселесі Қазақстандағы мемлекеттік саясаттың негізгі элементтерінің бірі. Бұл әсіресе геосаяси сын-қатерлердің күшеюі, идеологиялардың трансформациясы, жаһандық тұрақтылық дағдарысы және посткеңестік шекаралар мен егемендікке дискурстық қысымның күшеюі аясында өзекті болып отыр. Бұл жағдайда қоғамның символдық консолидациясы, оның сабақтастық сезімі мен тарихи тамырластығы ішкі тұрақтылықтың ажырамас факторларына айналады. Бұл тұрғыда соңғы жылдардағы мемлекеттік риторика бірлік пен әртүрлілік қағидаттарына негізделген азаматтық ұлттың бейнесін барған сайын белсенді түрде айқындап келеді. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқы Ассамблеясының «Әділетті

Қазақстан: бірлік, тұрақтылық, даму» атты XXXII сессиясында сөйлеген сөзінде былай деді:

«Біздің қоғам – ортақ идеалдар мен құндылықтар біріктірген еркін әрі жауапкершілігі мол азаматтардың одағы. Бұл – жалпы-ұлттық бірегейлігіміздің тағы бір жарқын көрінісі. Сондықтан бүгінде азаматтарымыздың барлығы өздерін үлкен әрі біртұтас қазақ отбасының, шын мәнінде, қазақ ұлтының мүшесі сезінеді. Біз бәріміз – бір отбасымыз ... Осынау ерекше бірегейлігіміз уақыт тезіне төтеп беріп, қоғамдық сананың өзегіне айналды» (Тоқаев, 2023).

«Мәңгілік Ел» идеясына дейін созылатын бұл дискурс этномәдени әртүрлілік басылмайтын, жалпы азаматтық бірегейлік шеңберіне енетін біртұтас және инклюзивті бірегейлік идеясын қуаттайды. Ол сондай-ақ ұлттық бірегейлік, әсіресе сыртқы қауіптер мен белгісіздік жағдайында тұрақтылықтың ішкі ресурсы ретінде қарастырылатын құндылықтардың аясын анықтайды. Асқынып келе жатқан жаһандық турбуленттілік, халықаралық тәртіптің дәстүрлі негіздерінің бұзылуы және идеологиялық поляризацияның күшеюі аясында мемлекеттер ішкі тұрақтылықтың стратегиялық ресурсы ретінде бірегейлік мәселелеріне көбірек жүгінуде. Сенат төрағасы Мәулен Әшімбаев атап өткендей:

«Тарихтың осынау асау толқынына жұтылып кетпеу үшін мемлекетке мызғымас ішкі өзек қажет. Бұл дегеніңіз, экономика да, саяси жүйе де емес ... бөлшектеуге келмейтін бірегейлік қана жалпыға ортақ дағдарыс дүрбелеңінде ұлттың ыдырауына жол бермейтін молекулярлық байланыс ... Бұл – барлық азаматтың өзіне ғана тән мәдени-болмыстық құндылық матрицасына жататынын сезінуі ... Сол ғана Қазақстанды біртұтас өміршең ағзаға біріктіре отырып, негізгі күштер мен сыртқы сын-қатерлерге төтеп бере алады. Егер саяси жүйе – оның тірегі, экономика – өмірлік нәрі болса, бірегейлік – ұлттың жаны, мәні, еркі мен рухы» (Әшімбаев, 2025).

Осылайша, бірегейлік тек мәдени саясаттың субъектісі ғана емес, сонымен бірге мемлекеттің онтологиялық қауіпсіздігінің

элементі – экзистенциалды сын-қатерлер жағдайында тұрақты ұжымдық «Менді» сақтау мүмкіндігіне айналады. Бұл логикада мектептегі білімнің орны ерекше. Тарих оқулықтары институттық және идеологиялық ресурс ретінде тек білімді жеткізіп қана қоймай, тарихи қиялды, аумақтық сананы, ұжымдық жадыны қалыптастырады. Оларды талдауы посткеңестік және постколониялық трансформация жағдайында өткеннің, аумақтың және мемлекеттіліктің қалай бейнеленетінін, заңды және үздіксіз ұлттық бірегейліктің қалай құрылғанын анықтауға мүмкіндік береді.

Бұл зерттеу онтологиялық қауіпсіздік теориясы мен тану концепциялары аясында талқыланады. Мемлекеттердің физикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін ғана емес, сонымен қатар бірегейліктерін сақтау үшін де күресетін алға тартатын онтологиялық қауіпсіздік перспективасы Қазақстанның өзі туралы тарихи нарративтерді қалай қалыптастыратынын түсіну үшін маңызды теориялық негіз ұсынады. Айта кетейік, Ресейдің Гүржістан аумағының бір бөлігін 2008 жылы тәуелсіз мемлекет ретінде мойындауы және 2014 жылы Қырымды Украинадан аннексиялауы оның ықпалы мен аумақтық ауқымын кеңейтті. Қырымды аннексиялап алғаннан кейін және Донбасс аймағындағы алғашқы қақтығыстардан кейін Қазақстан жаңа геосаяси жағдайға тап болды және өзінің қауіпсіздік ландшафтына қайта бағалады (Ambrosio, 2022). Еуразиялық экономикалық одақ (ЕАЭО) және Ұжымдық қауіпсіздік шарты ұйымы (ҰҚШҰ) аясында Ресеймен тығыз қарым-қатынаста болғанына қарамастан, 2014 жылғы оқиғалар Қазақстанды геосаяси тұрақсыздық жағдайында ықтимал қауіп-қатерлерге қарсы ұлттық бірегейлігі мен қауіпсіздікке деген көзқарасын қайта қарауға мәжбүр етті. 2014 жылға қарай Қазақстан үкіметі ЕАЭО жобасына сақтықпен қарай бастады және Ресейдің валюталық одақ құру жоспарынан бас тартып, интеграцияның шектеулі идеясын қолдады (Vanderhill et al., 2020, p. 983).

Этникалық орыс халқының көптігін және Ресеймен шекарасының кеңдігін ескере отырып, Қазақстан Ресейдің кеңейіп жатқан ықпал ету аймағындағы келесі нысана болу қаупіне тап болды (Sorbellо, 2022). Ресейлік мемлекеттік қайраткерлердің

Қазақстанның мемлекеттілігі мен территориясының тарихи тамырына қатысты сөздері елдің ұлттық бірегейлігінің сабақтастығы мен тұрақтылығына елеулі қатер ретінде қабылданып, халық арасында алаңдаушылық тудырды. Ресейдің батыл саясаты мен риторикасы, «Орыс әлемі» туралы пікірлері ұлттық бірегейлік, аумақтық тұтастық және қауіпсіздік мәселелерін алға шығарып, Қазақстанда ішкі саяси өзгерістер тудырды (Kalikulov, 2014). Этникалық орыс халқының едәуір санын және Ресеймен ұзақ шекараларын ескере отырып, Қазақстан бірегейлік мәселесіне ерекше көңіл бөле бастады (Sorbellо, 2022; Vieira, 2016).

Қазақстан мемлекеттілігінің тарихи түп-тамырына байланысты туындайтын үрейді бәсеңдету үшін Қазақстан үкіметі түрлі стратегияларды жүзеге асырды. Бұл мәселені шешудегі шешуші қадамдардың бірі 2017 жылы бұрынғы Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың «Рухани жаңғыру» мемлекеттік бағдарламасын енгізуі болды (Әділет, 2017). Бұл бағдарлама қазақ бірегейлігін қоршаған биографиялық нарративті құру арқылы қоғамдағы онтологиялық қауіпсіздікті сақтауға бағытталған. Өйткені Қазақстанды қазақтың ұлттық мемлекеті ретінде өзінің тарихи бірегейлігін сақтап қалу көбірек алаңдатады. Назарбаевтың мақаласының «Ұлттық бірегейлікті сақтау» деп аталатын бөлімінде былай дейді:

«Ұлттық жаңғыру деген ұғымның өзі ұлттық сананың кемелденуін білдіреді.

Оның екі қыры бар.

Біріншіден, ұлттық сана-сезімнің көкжиегін кеңейту.

Екіншіден, ұлттық болмыстың өзегін сақтай отырып, оның бірқатар сипаттарын өзгерту.

Қазір салтанат құрып тұрған жаңғыру үлгілерінің қандай қатері болуы мүмкін?

Әрине, туған жердің тарихын білген және оны мақтан еткен дұрыс. Бірақ, одан да маңыздырақ мәселені – өзінің біртұтас ұлы ұлттың перзенті екенінді ұмытуға әсте болмайды» (Назарбаев, 2017).

Мақалада «ұлттық жаңғыру» ұғымы жай ғана дәстүрге қайта оралу немесе өткенді дәріптеу емес, ұлттық сананың жаңа деңгейге көтерілуі ретінде ұғынылады. Автор бұл ұғымның екі

негізгі қырын айқындайды: біріншіден, ұлттық сана-сезімнің көкжиегін кеңейту, яғни ұлт өзін шектелген этнографиялық шеңберде емес, кең тарихи, мәдени және жаһандық контексте тануға тиіс; екіншіден, ұлттық болмыстың өзегін, яғни дәстүрлі құндылықтар мен тарихи негізді сақтай отырып, оның формаларын уақыт талабына сай өзгерту.

Мұнда жаңғыру мен ұлттың тарихи жады арасындағы тепе-теңдікке баса назар аударылады. Мәтін «жергілікті тарихты білген маңызды, бірақ одан да маңыздысы – ұлы ұлттың тұтас бір бөлшегі екенінді ұмытпау» деп атап көрсетеді. Бұл идея ұлттық тарихты локальды деңгейде (мысалы, өңірлік мақтан-ныштар) ғана емес, макро деңгейде – жалпыұлттық нарратив арқылы түсіну қажеттігін көрсетеді.

Басқаша айтқанда, автор ұлттық бірегейліктің бөлшектеніп кетуінен сақ болуды ескертеді. Егер тарихи жад тек тар аумақтық немесе этникалық бөлшектермен шектелсе, ол тұтас ұлттық бірлікті әлсіретуі мүмкін. Сондықтан «Рухани жаңғыру» бағдарламасы тарихи мұраны сақтай отырып, оны жаңаша түсіну және ұлтты болашаққа бағыттау мақсатын көздейді. Бұл онтологиялық қауіпсіздік концептімен де тығыз байланысты: ұлттық жаңғыру – ұлттық бірегейлікті, тұрақтылық пен ішкі тұтастықты сақтаудың тетігі ретінде ұсынылады. Осылайша, ұлттық сана мен тарихи жад елдің ішкі тұрақтылығы мен сыртқы қауіптерге төтеп беру қабілетінің негізі ретінде қарастырылады.

Содан бері Қазақстанның жалпы білім беретін мектептеріндегі ұлттық тарих пәні бойынша оқу бағдарламалары мен оқулықтары тек оқыту/оқу процесін ғана емес, сонымен бірге мемлекеттің ұлттық биографиясын өткенді бейнелеу тұрғысынан да елеулі өзгерістерге ұшырады. Осыған байланысты мектеп оқулықтары мемлекеттің жас ұрпаққа белгілі бір «мақұлданған ақпаратты» сіңіруді қамтамасыз ететін жады саясатының құралына айналады. Мектеп оқулықтары өткенді заман талабына сай қайта жазып, жалпы қабылданған ұлттық биографиялық нарративтерді жеткізе отырып, өткен, бүгін және болашақ арасында сабақтастық орнатады (Podeh, 2000).

Осы тұрғыда Қазақстандағы жалпы білім беретін мектептерде қолданылатын ұлттық тарих оқулықтарын талдау өте

маңызды. Олар онтологиялық үрейдің алдын алу үшін жаһандық контексте өз елінің тарихын, мәдениетін және орнын түсінуге негіз болады. Биографиялық нарративтер арқылы жастар мемлекеттіліктің сабақтастығы, өз ұлтының тұрақтылығы мен құндылықтары туралы нақты түсінік алады. Оқулықтардың тарихи сабақтастық пен бірегейлікті қабылдауды қалай қалыптастыратынын зерделеу олардың өскелең ұрпаққа ұлттық және әлемдік тарихтағы өз орнын жүзеге асыруға және нығайтуға қаншалықты тиімді екенін бағалауға мүмкіндік береді. Алайда мектеп оқулықтары мемлекеттің онтологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ететін құралдардың бірі ғана. Бірақ бұл монография мектеп оқулықтарының, соның ішінде «Қазақстан тарихы» оқулықтарының оқушылардың бойында онтологиялық қауіпсіздікті нығайту арқылы ұлттық бірегейлікті қалыптастырудағы рөлін талдаумен ғана шектеледі.

Осы монографиялық зерттеудің мақсаты – Қазақстандағы жалпы білім беретін орта мектептерде қолданылатын «Қазақстан тарихы» оқулықтарында қазақ мемлекеттілігі туралы биографиялық нарративтердің қалай құрастырылғанын және олардың ұлттық бірегейлікті сақтау мен онтологиялық қауіпсіздікті нығайтудағы рөлін зерттеу. Бұл мәселені шешуге бағытталған негізгі зерттеу сұрағы келесідей: «Жалпы білім беретін орта мектептерде қолданылатын «Қазақстан тарихы» оқулықтарында ұсынылған қазақ мемлекеттілігінің тарихи сабақтастығы туралы биографиялық нарративтердің Қазақстандағы ұлттық бірегейлік пен ұжымдық онтологиялық қауіпсіздікті нығайтуға қосқан үлесі қандай?»

Осы сұраққа жауап беру үшін зерттеу барысында үшінші буын тарих оқулықтарына сапалық контент талдау жүргізілді және білім беру саласындағы сарапшылармен, оқулық авторларымен және оқу бағдарламаларын әзірлеушілермен сұхбат барысында алынған мәліметтер пайдаланылды. Сонымен қатар, зерттеу онтологиялық қауіпсіздік теориясы мен тану концепцияларына сүйене отырып, мемлекеттердің физикалық қауіпсіздігін ғана емес, сонымен қатар онтологиялық қауіпсіздігін қалай қорғайтынын түсіндіруге бағытталған. Монография биографиялық нарративтерді Қазақстанның ұлттық бірегейлігі мен

қауіпсіздік мәселелері контекстінде түсінудің және шешудің маңыздылығын атап көрсетіп, олардың ұжымдық үрейді реттеуде маңызды рөл атқаратынын алға тартады. Ұлттық тарих оқулықтарында келтірілген нарративтерді зерттей отырып, жұмыс елдің бірегейлігін құру және қауіпсіздікті басқару динамикасын тереңірек түсінуге үлес қосады.

Бұл монография бес тараудан тұрады. Әр тарау ұлттық бірегейлік пен онтологиялық қауіпсіздік арасындағы өзара байланысты әртүрлі қырынан талдауға бағытталған. Бірінші тарауда ұлттық бірегейлік пен онтологиялық қауіпсіздік ұғымдарының теориялық негіздері қарастырылады. Онтологиялық қауіпсіздік – тек физикалық қауіптен емес, сонымен қатар бірегейліктің бұзылуынан туындайтын экзистенциалдық тұрақсыздықты түсіндіретін ұғым. Бұл тарауда Бенедикт Андерсон, Энтони Гидденс, Дженнифер Митцен, Трульс Хейсманс және Томас Стил секілді авторлардың тұжырымдары негізінде ұлттық «менді» қалыптастырудағы дискурстың рөлі мен мемлекеттің тұрақтылығы арасындағы байланыс сарапталады. Сонымен қатар, тану мен мойындамау арасындағы динамика онтологиялық қауіпсіздіктің сыртқы өлшемі ретінде қарастырылады.

Екінші тарау зерттеудің әдіснамалық негіздерін сипаттауға арналған. Мұнда қолданылған сапалық контент-талдау әдісі мен деректерді интерпретациялау тәсілдері түсіндіріледі. Сонымен қатар, сарапшылармен жүргізілген жартылай құрылымдалған сұхбаттардың мақсаты мен мазмұны баяндалады. Талдауға таңдалған оқулықтар жиынтығы, деректерді іріктеу критерийлері және сенімділік пен дәйектілікке қол жеткізу жолдары ашық көрсетіледі.

Үшінші тарауда Қазақстанның онтологиялық қауіпсіздігіне әсер ететін геосаяси контекст талданады. Бұл бөлімде посткеңестік кеңістіктегі тану, шекара мәселелері және тарихи мұраға байланысты саяси дискурстардың маңызы сипатталады. Ресей тарапынан айтылған даулы риторика, Қазақстанның тарихи заңдылығына қатысты пікірлер және олардың ел ішіндегі қабылдануы ұлттық бірегейліктің онтологиялық негізіне тікелей әсер ететіні көрсетіледі. Осыған орай, ұлттық нарративті қайта құруға деген қажеттілік пен оның стратегиялық маңызы кеңінен қарастырылады.

Төртінші тарау Қазақстанның білім беру жүйесі мен ұлттық идеология арасындағы өзара байланысты қарастырады. Тарихи білім беру саласында жүзеге асырылып жатқан реформалар, соның ішінде «Рухани жаңғыру» бағдарламасының мазмұны, үшінші буын оқулықтарының ерекшеліктері және тарих пәні арқылы ұсынылатын негізгі идеологиялық бағыттар талданады. Білім беру жүйесі мемлекеттілік, территория және тарихи сабақтастық идеясын қалай нығайтатынына назар аударылады.

Бесінші тарауда зерттеудің эмпирикалық нәтижелері ұсынылады. Қазақстан тарихының үшінші буын оқулықтарына жүргізілген сапалық контент-талдау мен деректерді сараптау негізінде, биографиялық нарративтер мен мемлекеттілік ұғымының репрезентациясы зерттеледі. Сонымен қатар, сұхбат нәтижелері арқылы ресми және бейресми түсіндірулер арасындағы өзара байланыс көрсетіледі. Бұл тарау тарихи білімнің ұлттық бірегейлікті қалыптастыруда қалай қызмет атқаратынын нақты мысалдар арқылы көрсететін зерттеудің өзегі.

1-тарау.

ҰЛТТЫҚ БІРЕГЕЙЛІК ЖӘНЕ ОНТОЛОГИЯЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІК

1.1 Онтологиялық қауіпсіздік теориясы: тұжырымдамалық түсініктемелер

Онтологиялық қауіпсіздік халықаралық қатынастардағы тұжырымдама ретінде мемлекеттердің ішкі және сыртқы сын-көзқарастарға қарсы тұрақты бірегейлік сезімін сақтауға қалай ұмтылатынын түсіндіру қабілетінің арқасында кеңінен танылды. Тарихи мұрасы мол және күрделі геосаяси қатынастары бар жас егемен мемлекет Қазақстан үшін бұл тұжырымдаманың айрықша маңызы бар. Ресейдің Қазақстанның Қазақ мемлекеті ретіндегі тарихи бірегейлігін мойындаудан бас тартуы онтологиялық қауіп сезімін нығайтқан жағдайда ұлттық бірегейлікті қалай қалыптастыру және нығайту мәселесі өте маңызды.

Дәстүрлі мағынада онтологиялық қауіпсіздік тұжырымдамасы әлемдегі когнитивті және эмоционалды тұрақтылықты сақтау үшін тұрақтылық пен сабақтастықты сезінудің маңыздылығын көрсетеді. Бастапқыда психиатр Рональд Д.Лаинг (1965) енгізген онтологиялық қауіпсіздік тұжырымдамасын (Laing, 1965) әлеуметтанушы Энтони Гидденс кеңейтті. Гидденс үшін онтологиялық қауіпсіздік жеке тұлға тікелей қабылдайтын оқиғалардан тыс жағдайлардағы сабақтастық пен тәртіптің субъективті сезімін білдіреді (Giddens, 1991, 243 б.). Оның еңбектері жеке адамдар үшін тұрақты бірегейлік әдеттегі әлеуметтік тәжірибелер арқылы қалыптасатынын және олардың бұзылуы мазасыздық пен жеке басының дағдарысына әкелуі мүмкін екенін көрсетті.

Халықаралық қатынастар контекстінде бұл тұжырымдама Дженнифер Митцен (2006), Brent Дж. Стил (2008), Феликс Рое (2008) сияқты зерттеушілердің еңбектерінде дамыды. Олар онтологиялық қауіпсіздік идеяларын мемлекеттердің мінез-

құлқын талдау үшін бейімдеп, мемлекеттер де олардың сыртқы және ішкі саясаттарына әсер ете алатын тұрақты бірегейлікті іздейтінін алға тартты. Крикель-Чой (2022b) мемлекеттердің өзіндік тұлғасы мен өзіндік ерекшелігі бар екенін атап көрсетеді және бұл оларға онтологиялық қауіпсіздік тұжырымдамасын қолдануына негіз болады. Мемлекеттерге тұлға ретінде қарау даулы болуы мүмкін болса да, ғалымдар мемлекеттердің ұжымдық субъектілер ретінде әрекет етіп, тұрақты бірегейліктің физикалық қауіпсіздік сияқты маңызды екенін атап көрсетеді.

Онтологиялық қауіпсіздіктің дәстүрлі зерттеулері физикалық және онтологиялық қауіпсіздіктің арасындағы нақты айырмашылықты көрсетеді, бұл мемлекеттер өздерінің материалдық өмір сүруінің есебінен де тұрақты өзіндік бірегейлікті сақтауға басымдық бере алады деп дәлелдейді. Бұл перспектива онтологиялық қауіпсіздікті өмір сүруге бағытталған қауіпсіздік шеңберінен шығып, болмыстың және болмыстың терең сезіміне баса назар аударады (Huysmans, 1998, 242-243 бб.; Roe, 2008, 784 б.; Steele, 2008, 51 б.). Ол «дененің қауіпсіздігін емес, бірегейліктің, яғни актордың іс-әрекеті мен таңдауына мүмкіндік беретін және оны ынталандыратын субъективті сезім» білдіреді (Mitzen, 2006, 344 б.). Онтологиялық қауіпсіздік акторлардың танымдық ортасы үшін тұрақтандырушы күш ретінде қызмет етіп, белгісіздікті азайтып, мақсатты мінез-құлқты қамтамасыз етеді (Hansel & Oppermann, 2019, 83 б.).

Онтологиялық қауіпсіздікке қол жеткізудің негізгі тетіктерінің бірі – маңызды басқалармен күнделікті өзара әрекеттесу ортасын қалыптастыру. Күнделікті өзара әрекеттесулер тұрақты агенттікке қажетті когнитивті сенімділікті немесе тиімді әрекет ету қабілетін қамтамасыз етіп, акторлар арасында осы берік әлеуметтік байланыстардың дамуына әкеледі (Mitzen, 2006, 342 б.). Мысалы, тұрақты дипломатиялық қарым-қатынастар, болжамды ішкі саясат және халықаралық өзара іс-қимылдың институттандырылған нысандары мемлекеттерге өз бірегейлігін сақтауға және белгісіздікті азайтуға көмектеседі.

Дәстүрлі онтологиялық қауіпсіздік тұжырымдамасы эмоциялық мәселемен, әсіресе мемлекеттің бірегейлігін тұрақты қабылдауын сақтау қабілетіне әсер ететін қорқыныш пен үрей

сияқты күйлермен де тығыз байланысты. Онтологиялық қауіпсіздікке деген ұмтылыс, ең алдымен, тұлғаның бірегейлігінің өзегіне қауіп төндіретін үрейлерді басқаруды қамтиды (Pusane & Pgit, 2022, 99 б.). Қорқыныш халықаралық қатынастарда мемлекет іс-әрекетінің негізгі қозғаушы күші ретінде жиі атап өтілгенімен, дәстүрлі онтологиялық қауіпсіздік теориясы саяси контексттердегі үрейдің маңыздылығына назар аударады (Berenskötter, 2020; Kinnvall & Mitzen, 2020; Rumelili, 2020). Осы екі эмоцияны ажыратудың күрделілігіне және олардың екіұштылағына қарамастан, дәстүрлі онтологиялық қауіпсіздік теориясының зерттеушілері қорқыныш пен үрей арасында нақты аналитикалық айырмашылықты көрсетуге болатынын алға тартады. Олардың айтуынша қорқыныш «тұлғаның өмір сүруіне қауіп төндіретін нәрсеге қарсы реакциясы; ал үрей тұлғаның бірегейлігіне қарсы қауіп туындаған кезде пайда болатын эмоциялық реакция» (Steele, 2005, 526 б.). Дегенмен, үрей тұрақты емес; ол қарқындылығы бойынша өзгереді. Үрей төмен болған кезде, бірегейлік тұрақты болып қалады және мемлекеттер өздерінің ұстанымдары мен өзін-өзі қабылдауына сенімді сезінеді. Дегенмен, үрейдің жоғарылауы бірегейлікке қатысты белгісіздікке әкеліп, айналадағы әлемді қабылдауды тұрақсыздандыруы мүмкін (Gustafsson, 2016, 619 б.).

Жаңа буын онтологиялық қауіпсіздік теориясының өкілдері физикалық қауіпсіздік мәселелерінің онтологиялық қауіпсіздікке ұмтылу тәжірибесін қалай қалыптастыратынын көрсете отырып, осы екеуінің арасындағы қатаң бөлініске қарсы шықты (Krickel-Choі, 2022a; Rumelili, 2015). Румели (2015) онтологиялық және физикалық қауіпсіздік бір-бірінен ерекшеленетін, бірақ өзара байланысты екі сатылы құрылымды ұсына отырып, осы құрылымдық бөлінуге қарсы тұрады. Оның пікірінше, онтологиялық қауіпсіздік «болмыстың қауіпсіздігі ретінде» (security-as-being) «өзгені» физикалық қауіп ретінде қауіпсіздік мәселесіне жатқызуды қажет етпейді. Соған қарамастан, онтологиялық қауіп жағдайында мемлекеттер бірегейлік пен аман қалу проблемалары арасындағы шекараны жойып, қауіпсіздік нарративтері арқылы бірегейлігін нығайтуға тырысуы мүмкін. Осылайша, онтологиялық қауіпсіздік физикалық қауіпсіздік

мәселелерін күшейтіп, қақтығыстардың күшеюіне және кейбір мәселелердің қауіпсіздік сферасынан шығаруға қарсылық көрсету әрекеттеріне әкелуі мүмкін.

Лаинг пен Гидденстің теорияларына сүйене отырып, Крикел-Чой (2022а, 168 б.) онтологиялық қауіпсіздікті «меннің қауіпсіздігі» деп түсінбеу керек, оны «тәндегі меннің қауіпсіздігі» ретінде қарастыру керек деп санайды. Бұл көзқарас физикалық және онтологиялық қауіпсіздік арасындағы ішкі екі жақты қарым-қатынасты көрсетеді. Мысалы, мемлекеттің физикалық тұтастығына (аумақтық басқыншылық немесе егемендікке нұқсан келтіру) төнген қауіп бір уақытта оның онтологиялық қауіпсіздігіне де қауіп төндіреді. Осы тұрғыдан алғанда, мемлекеттік үрей оның бірегейлігіне қатысты мәселелерден ғана емес, сонымен бірге оның егемендігіне нұқсан келтіретін қауіптерден де туындайды.

Крикель-Чой (2022а, 172-176 бб.) бұл динамиканы Солтүстік Кореяның Жапония азаматтарын ұрлауына қатысты Жапон мемлекетінің реакциясы арқылы көрсетеді. Ұрлау қауіпсіздікке физикалық қауіп ретінде ғана емес, Жапонияның егемендігіне нұқсан келтіру ретінде де қабылданып, оның халықаралық мәртебесіне қатысты үрейді күшейтті. Сол сияқты, Қазақстан жағдайында қазақ мемлекеттілігін жоққа шығаратын сыртқы әңгімелер оның тарихи бірегейлігіне қарсы шығып қана қоймай, оның аумақтық тұтастығы мен саяси егемендігіне байланысты үрей туғызады. Қазақстанның «шын» мемлекет екендігіне күмән келтіре отырып, бұл нарративтер оның автономды және толық егеменді актор ретінде әрекет ету қабілетіне күмән келтіреді.

Крикель-Чойдың (2022а) «тәндегі меннің қауіпсіздігі» ұғымына сүйене отырып, бұл монография Қазақстанның ұлттық биографиясын қалыптастыруды онтологиялық және физикалық қауіпсіздік мәселелеріне жауап ретінде қарастыруға болатындығын алға тартады. Крикель-Чойдың көзқарасы Қазақстан тарихы оқулықтары мемлекеттіліктің уақыт және кеңістік бойынша сабақтас биографиялық нарративтердің қалай құрастыратынын түсіндіруге көмектеседі. Бұл нарратив ұлттық бірегейлікті нығайтуға ұмтылып қана қоймай, Қазақстанның

егемендігі мен легитимділігіне сыртқы сын-қатерлерге қарсы тұру стратегиясы ретінде де қызмет етеді.

1.2 Үрей және нарратив

Биографиялық нарратив мемлекеттің үрейін басқаруда маңызды рөл атқарады. Онтологиялық қауіпсіздік биографиялық нарративпен тығыз байланысты, өйткені сабақтас және тұрақты жеке немесе ортақ тарихты сақтау жеке тұлғалар мен топтарға өздерінің негізгі бірегейлігін сақтай отырып, үрей мен белгісіздікті және өзгерістерді еңсеруге көмектеседі (Kazharski, 2020, 24 бб.). Осылайша, биографиялық нарративті – актордың өзі туралы әңгімесі деп анықтама беруге болады. Актор өзінің өткені туралы айта отырып, өзін-өзі тұрақты сезінуге қол жеткізеді (Giddens, 1991).

Ұлттық биографиялық нарратив жеке тұлғаның немесе топтың өмірлік тәжірибесі мен тарихы туралы құрылымдық және сабақтас әңгімесін білдіреді. Ол жеке тұлғаларға немесе топтарға сыртқы әлемдегі өзгерістер мен қиындықтарға тап болған кезде де өздерін сабақтас және біртұтас деп қабылдауға және түсінуге мүмкіндік беру арқылы бірегейліктің үздіксіздігі мен тұрақтылығын қамтамасыз етеді. Шын мәнінде, бұл жеке немесе ұжымдық оқиға, ол жеке адамдар мен топтарға өздерінің кім екендігі туралы біртұтас түсінікті сақтай отырып, қоршаған ортадағы өзгерістерді басқаруға көмектесу арқылы уақыт бойынша бірегейлік сезімін сақтайды (Kazharski 2020, 24).

Акторлар үрейді ұлттық биографиялық нарративтер немесе өздері туралы әңгімелер арқылы еңсереді (Steele, 2008; Subotić, 2016). Нарративтерді жеткізу әрекеті динамикалық процеске айналады, оның көмегімен өткен уақыт үнемі қайта түсіндіріліп, қазіргі контексте маңызды бола бастайды. Бұл тарихи нарративтердің елдің бірегейлігін қалыптастырудағы тұрақты рөлін және өткеннің ұжымдық санада қалай ұғынылатынын атап көрсетеді (Bachleitner, 2023, 26 б.). Мемлекеттер пайдаланатын автобиографиялық нарративтер ұлттық мемлекеттің қалыптасуы мен сақталуында оның өміршеңдігін, қоғам алдында өзектілігін

және заңдылығын көрсетуде шешуші рөл атқарады (Steele, 2008, 72 б.).

Сонымен қатар, ұлттық биографиялық нарративтер «қайдан келгеніміз және қайда екеніміз немесе болуы мүмкін екендігіміз туралы қажетті бағдар сезімін» қамтамасыз ететін тандалған тарихи травмалар мен жеңістерді немесе тәжірибелерді көрсетеді. Бұл мемлекеттің болашақ қамын реттеу, күнделікті өмірдің кеңістіктік және уақыттық параметрлерін анықтау арқылы онтологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етеді (Berenskoetter, 2014). Экзистенциалды үрейдің жоғарылауы кезінде тандалған тарихи травмалар мен жеңістер акторлардың қауіпсіздік сезімі мен басқа акторлармен байланысын реттейтін нарратив ретінде қызмет етеді. Егер акторлар ұлттық қаһармандардың рөлін, ұлы жеңістерді немесе халықтың тарихи қасіретін үнемі атап өтсе, бұл ұжымдық бірегейлікті нығайтып, мемлекеттің заңдылығын сақтайды. Әңгімелер, әсіресе тұрақтылық пен тиесілілік сезімін тудыратын әңгімелер адамдарға сенімділік пен жайлылық бере отырып, жоғалту және осалдық сезімін жеңуге көмектеседі (Kinnvall, 2004, 755 б.). Мысалы, постколониалдық мемлекеттерде ұлттық қаһармандар мен тәуелсіздік үшін күрес туралы нарративтер бірегейлік пен қауіпсіздік сезімін нығайтуы мүмкін. Осылайша, автобиографиялық нарративтер тек өткенді әңгімелеп қана қоймайды, олар мемлекетке азаматтардың ұлттың бір бөлігі болу дегенді түсінуін қалыптастыруға көмектеседі.

Автобиографиялық нарративті құру сыртқы саяси мақсат қана емес, онтологиялық қауіпсіздікке қол жеткізу немесе онтологиялық қауіпті сейілту үшін мемлекеттер қолданатын стратегия. Басқаша сөзбен айтқанда, мемлекеттер үшін өзінің өткені мен бірегейлігі туралы автобиографиялық нарративті қалыптастыру – олардың қауіпсіздігі мен аман қалуы үшін маңызды болып саналатын сабақтастық, тұрақтылық және заңдылық сезімін орнату құралы.

1.3 Тану және бірегейліктің қалыптасуы

Мемлекеттер әлеуметтік субъектілер ретінде олардың автобиографиялық нарративтерін басқа мемлекеттер мен субъектілердің тануына тәуелді. Алайда, онтологиялық қауіпсіздікке қол жеткізу бұл әңгімені халықаралық аренадағы басқа субъектілер мойындамайынша мүмкін емес. Басқа мемлекеттердің тануы оның бірегейлікке деген сенімін нығайтады, ал оны танымау бірегейлік дағдарысы мен онтологиялық сенімсіздік сезімін тудыруы мүмкін (Steele, 2008). Сыртқы субъектілер мемлекеттің бірегейлігін қалыптастыруда немесе оған қарсы тұруда маңызды рөл атқарады. Мемлекеттің бірегейлігі өз тағдырын өзі шешумен ғана емес, сонымен бірге оны басқалар қалай қабылдап, мойындайтынына да байланысты болғандықтан, мемлекеттің өзін қалай көретіні мен басқалардың оны қалай қабылдайтыны арасындағы кез келген сәйкессіздік үрей тудыруы мүмкін. Бұл сәйкессіздік мемлекеттің қауіпсіздік сезімін тұрақсыздандырып, оны әрекетке көшуге немесе тануды қайта қалпына келтіру үшін стратегиялар жасауға мәжбүрлейді. Осылайша, тану онтологиялық қауіпсіздікке әсер ететін негізгі фактор және мемлекеттің тұрақты бірегейлігін сезінуі үшін халықаралық әрекеттестіктің маңыздылығын көрсетеді (Gustafsson, 2016, 620 б.).

Тану теориясында мемлекеттер ұмтылатын танудың екі түрі бар: ресми тану (*thin recognition*) және толық тану (*thick recognition*). Ресми тану мемлекеттің халықаралық қоғамдастықта тәуелсіз және заңды тұлға ретінде танылуын білдіреді және бұл оның өмір сүруінің негізгі алғышарты. Толық тану мемлекеттің бірегейлігін, оның болмысын және өзін қалай қабылдайтынын мойындауды қамтиды (Wendt, 2003, 511-512 бб.). Егер мемлекет толық тануға қол жеткізбесе немесе мемлекеттің бірегейлігі танылмаса немесе бұрмаланса, бұл қате тануға әкеледі (Taylor, 1995, 25 б.) және бірегейлік дағдарысын тудырып, оның онтологиялық қауіпсіздігіне нұқсан келтіруі мүмкін. Керісінше, мемлекеттің бірегейлігін басқалар дұрыс таныса, оның үрейі сейіліп, тұрақтылығы мен онтологиялық қауіпсіздігін күшейтеді. Мемлекеттер басқа мемлекеттерден

дәйекті түрде мойындалғанда, бұл тұрақты бірегейлік сезімін сақтауға көмектеседі. Бұл танудың үздіксіздігі онтологиялық қауіпсіздік пен мемлекеттің бірегейлігіне деген сенімділікті арттырады (Gustafsson, 2015, 121 б.).

Сондықтан, басқа елдер мемлекеттің өзі туралы нарративті қабылдамай, оны мемлекет мәлімдеген бірегейлікті мойындаудан бас тартуы мүмкін (Ringmar, 2012, 7-8 бб.). Мойындаудан бас тарту күрделі жағдай немесе дағдарыс ретінде қарастырылуы мүмкін. Джутта Вельдес алға тартқандай, «дағдарыс – бұл мемлекеттік шенеуніктер мемлекеттік бірегейлікті жасау және жаңғырту барысында қолданатын әлеуметтік конструкциялар» (Weldes, 1999, 37 бб.). Ол мемлекеттің бірегейлігінің үздіксіздігі мен тұрақтылығына елеулі қатер төндіріп, түбегейлі ыдыраумен және болжау мүмкін еместігімен сипатталатын жағдайларды құрайды. Бұл жағдайлар қалыптасқан тәртіп мен сенімділікті бұзып, мемлекеттің бірегейлігінің негіздеріне күмән келтіреді (Steele, 2008, 51 б.). Дегенмен, дағдарыстар тек сыртқы қауіптерден немесе ішкі проблемалардан ғана емес, сонымен бірге үкіметтің белгілі бір оқиғаларды ерекше назар аударуды және әрекет етуді талап ететін сын-қатерлер ретінде көрсету шешімі арқылы туындайды (Berenskoetter & Giegerich, 2010, 421 б.). Мұндай жағдайларда акторлар үрейленіп, бірегейлікке қауіп төндіретін жағдайлармен байланысты белгісіздікке тап болады (Steele, 2008, 51 б.). Мұндай дағдарыстарға жауап бере отырып, үкіметтер мемлекеттік нарративке сәйкес келетін нақты шешімдер қабылдап, осылайша бірегейліктерін нығайтып, онтологиялық қауіпсіздігін күшейтеді (Berenskoetter & Giegerich, 2010, 421 б.).

1.4 Ұлттық бірегейлік және білім беру

Күрделі жағдайларда нарративтер акторларды түбегейлі белгісіздіктен туындаған үрейден қорғайды. Олар болмыстың тұрақты сезімін анықтау және сақтау мүмкіндіктерін ұсына отырып, бірегейлікті нығайтады. Мемлекеттер үшін мұндай нарративтер олардың тарихи болмысына мән бере отырып,

бірегейлік пен қауіпсіздік арасындағы алшақтықты жоюда шешуші рөл атқарады. Ұлттық тарих оқулықтары нарративтерді құрудың негізгі құралына айналды (Fadlallah & Janmaat, 2024; Gorinathan & Boon, 2005; Zadeh, 2012). Тарих оқулықтары ұлттық бірегейлікті қалыптастыратын, тарихты түсіндіретін және әлеуметтік өзара әрекеттесуге әсер ететін білім беру құралы мен саяси құжат (Klerides, 2010). Олар мемлекеттің сабақтастығын, оның егемендігінің заңдылығын және бірегейлігінің беріктігін баса көрсету арқылы ұжымдық жадты қалыптастырады (Podeh, 2000). Тарихи оқиғаларды баяндау арқылы оқулықтар тұрақты өз және сабақтастық сезімін нығайта отырып, ұлттың онтологиялық қауіпсіздігіне ықпал етеді.

Осылайша, тарих оқулықтары онтологиялық қауіпсіздікті сақтауда және бірегейлікті қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Қазақстан жағдайында тарих оқулықтарының ұлттық бірегейлікті қалыптастырудағы және ел егемендігін нығайтудағы рөлі кеңінен зерттелді. Мысалы, Киссане (2005) ұлттық бірегейлікті қалыптастырудағы «десоветизация» (кеңестік идеологияның іздерін жою) және «қайта қазақтандыру» (қазақ мәдениетіне, тіліне, салт-дәстүріне баса назар аудару) қосарлы процестеріне тоқталады. Киссане бұл күш-жігердің мектеп бағдарламаларының саясиленуін азайтуға және бейтарап тарихи-мәдени мазмұнға баса назар аударуға бағытталғанын, Қазақстанның тәуелсіз және шынайы бірегейлігін құруға бағытталған кең ауқымды әрекеттерге сәйкес келетінін атап көрсетеді. Сол сияқты, Бурханов пен Шарипова (2023) мемлекет ұсынған ұлттық бірегейлік нарративтерін көрсетуде және ілгерілетуде мемлекет мақұлдаған тарих оқулықтарының рөлін зерттейді. Олар бұл нарративтердің оқушылардың тарихи оқиғаларды қабылдауына және олардың бірегейлігін қалыптастыруға қалай әсер ететінін атап өтеді.

Осы зерттеулермен қатар, Ключарева (2022) кеңестік дәуірдегі оқулықтар мен қазіргі оқулықтарға жад зерттеулері тұрғысынан салыстырмалы талдау жүргізеді. Оның зерттеулері нарративтердегі елеулі өзгерістерді, әсіресе Қазақстанның отаршылдық және кеңестік билік кезіндегі «травмалық өткені» термині контекстінде көрсетеді. Бұл өзгеріс оқулықтар мемле-

кеттің ұлт құрудың кең мақсаттарына сәйкес келетін тұрақтылық пен тарихи сабақтастыққа негізделген ұлттық бірегейлікті құру үшін қалай пайдаланылатынын көрсетеді. Петренко (2011) болса посткеңестік мемлекет құрудағы кең ауқымды күштердің бөлігі ретінде Қазақстандағы ұлттық бірегейлікті қалыптастырудағы тарих оқулықтарының маңызды рөліне назар аударады. Ол тарих оқулықтары елдің өткені мен бүгіні туралы ортақ көзқарасты қалыптастырудың, саяси және қоғамдық келісімді ілгерілетудің негізгі құралы ретінде қызмет ететінін атап өтті. Оның талдауы тарихи нарративтердің Қазақстанның мемлекеттілік пен егемендікке апаратын бірегей жолын көрсетуге қалай бейімделгенін, сонымен бірге аймақтағы мәдени және этникалық әртүрлілік мәселелерін қалай шешкенін көрсетеді.

Дегенмен, бірде-бір зерттеу биографиялық нарративтерге баса назар аудара отырып бірегейлік пен қауіпсіздік арасындағы үйлесімді зерттеген жоқ. Осы монографиялық зерттеу посткеңестік Қазақстан жағдайында мемлекеттіліктің биографиялық нарративтердің қалыптасуын түсіну үшін онтологиялық қауіпсіздік пен тану теориясының концепциялық негіздерін біріктіру арқылы жаңа перспектива ұсынады. Қазақстан осы теориялардың қолданылуын көрсету үшін кейс-стади ретінде таңдалды, өйткені кез келген басқа мемлекет сияқты Қазақстан өзі туралы дәйекті және тұрақты нарративке ұмтылады. Ол бұған өзінің өткені мен болашағына мән беру, ішкі және халықаралық деңгейде өзіндік сабақтастық пен қауіпсіздікті нығайту арқылы қол жеткізеді. Бұл конструктивистік тәсіл қазақстандық нарративтің спецификалық ерекшеліктерін ашып қана қоймай, сонымен қатар мемлекеттердің сыртқы сын-қатерлер контекстінде онтологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін биографиялық нарративтерді қалай пайдаланатынын кеңірек түсінуге ықпал етеді.

Бұл зерттеуде ұлттық бірегейлік тарих, мәдениет, тіл және аумақ туралы ұжымдық идеялар арқылы қалыптасатын белгілі бір ұлтқа қатысты әлеуметтік тұрғыда қалыптасқан сезім ретінде қолданылады (Anderson, 1991; Smith, 1991). Ұлттық бірегейлік когнитивті компонентті (тарих пен мәдениет туралы білім) және эмоциялық компонентті (ұлтқа деген адалдық, мақтаныш, қатыс-

тылық) қамтиды. Мектеп оқулықтары тұрғысынан алғанда ұлттық бірегейлік тарихи нарративтер (ұлттың пайда болуы, тарихи негізгі оқиғалар), символдар (жер, мемлекет қайраткерлері, батырлар), идеологиялық негіздемелер (құндылықтар, мақсат-мүдделер, болашаққа деген көзқарас) арқылы білдірілетін «біздің» көрінісі ретінде концептуализацияланады.

Зерттеуде сапалық контент талдау аясында ұлттық бірегейлік қазақ халқының тарихи сабақтастығы мен «терең тарихын» атап өту, батырлықты, тәуелсіздік үшін күресті және жәбірленушінің бейнесін көрсету, аумақты «ата-баба жері» ретінде көрсету, «жау» бейнесін немесе сыртқы қатерді қалыптасырту, сондай-ақ ұлттық бірлік пен мәдени ерекшелік бейнелері арқылы операциялизацияланады.

Ал онтологиялық қауіпсіздік концепциясы (Giddens, 1991; Mitzen, 2006; Steele, 2008) мемлекеттің сыртқы немесе ішкі белгісіздік жағдайында өзінің бірегейлігі мен аман қалуы туралы тұрақты идеясын сақтау қабілеті ретінде қарастырылады. Бұл жай ғана физикалық қауіпсіздік емес, болжамдылыққа, рутиналыққа және тануға деген ұмтылыста көрініс табатын «мән» және «мен» қауіпсіздігі. Оқулықтар тұрғысынан қарағанда онтологиялық қауіпсіздік мемлекеттің тарихи дамуының сабақтастығын, шекаралар мен егемендіктің заңдылығын, қазақ мемлекеттілігінің өткен тарихта және қазіргі кездегі бар болуының негізділігін қамтамасыз етуге ұмтылысы ретінде көрінеді.

Оқулықтардағы онтологиялық қауіпсіздік мәселесін талдау үшін ұлттық биографияны құру, киелі жер туралы нарративтер арқылы қазіргі шекаралардың легитимділігін қамтамасыз ету, тұрақтылық, сабақтастық және «мәңгілік болу» риторикасының қайталануы, қазақ мемлекеттігінің тарихын жоққа шығару сияқты көрсеткіштер пайдаланылды.

2-тарау.

ЗЕРТТЕУ ӘДІСНАМАСЫ

1.5 Сапалық контент талдау әдісі

Бұл монографияда сапалық контент талдау және сұхбат әдістері қолданылды. Контент талдау әдісі мемлекеттің ұлттық биографиясын қалыптастыруда негізгі нарративтерді (Polkinghorne, 1995) жүйелеуге мүмкіндік береді. Өткен, қазір және болашақ арасындағы бірізділікті, байланысты және сабақтастықты анықтауға бағытталған зерттеуде таңдау әдісі ретінде сапалық контент талдау қолданылады. Бұл Қазақстан тарихындағы белгілі бір маңызды оқиғаларға бағытталған нарративтерді мұқият оқуды, талдауды және түсіндіруді қамтиды. Сапалық контент талдау әдісі оқулықтардың кезеңдер арасындағы өзгерістерді қалай сипаттайтынын, біртұтас нарратив құрайтынын және уақыттық және кеңістіктік өлшемдерді ескере отырып (Narozhna, 2021), негізгі оқиғаларға баса назар аударатынын бағалай отырып, тарихи нарративтің үйлесімділігін талдауды қамтиды (Berenskoetter, 2014).

Сапалық контент талдау осы монографияның негізгі әдіснамалық өзегі, өйткені ол ресми білім беру материалдарында ұсынылған тарихи нарративтерді жүйелі түрде саралап, ұлт пен мемлекеттіліктің символдық репрезентациясын ашуға мүмкіндік береді. Сапалық контент талдау – мәтіннің құрылымын ғана емес, оның астарлы мағынасын, қайталанатын мотивтерін, уақыттық және кеңістіктік құрылымын түсіндіруге бағытталған аналитикалық әдіс. Нарративтер – тек оқиғалар тізбегі емес, сонымен бірге субъективті мағына мен ұжымдық жадыға негізделген рәміздік құрылымдар. Бұл тұрғыда контент талдау әдісі ұлттық биографияны қалыптастыруда қандай оқиғалар іріктеліп алынғанын, олар қалай ұйымдастырылып, интерпретацияланғанын, қандай хронологиялық қисын ұсынылғанын зерттеуге мүмкіндік береді. онтологиялық қауіпсіздікке ұмтылу мемлекеттерді өткенді ретроспективті түрде қайта құрастыруға итер-

мелейді. Осыған байланысты Қазақстанда жарияланған үшінші буын оқулықтарында (2017–2021) тарихи уақыт пен кеңістіктің қалай репрезентацияланатынын түсіну зерттеудің басты мақсатына айналды.

Сапалық контент талдау әдісінің мақсаты тарих оқулықтарының әртүрлі буындарын салыстыру немесе ұлттық нарративтердің тарихи эволюциясын талдау емес. Оның орнына ол тек соңғы буын оқулықтарды (2018–2021) онтологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуде Қазақстанның ұлттық биографиясын қалай құрастыратынына назар аударады. Бұл оқулықтар «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында жаңартылғандықтан (Анонимді ақпарат беруші №6, 17 мамыр 2024) және білім беру саясатындағы соңғы өзгерістерді көрсететіндіктен және бұрынғы буындардан айтарлықтай ерекшеленетіндіктен таңдалды (Dukeyev, 2023). Жаңа буын оқулықтарында тарихи сабақтастық, кеңістік-уақыттық логика, сондай-ақ ұлттық мемлекеттілікті легитимациялау элементтері жаңаша тілмен, жаңа идеологиялық бағдармен ұсынылған.

Деректер 6-11-сыныптарда қолданылатын «Қазақстан тарихы» оқулықтарының мазмұнын талдау арқылы жинақталды. Оқулықтар Қазақстан Республикасы Білім министрлігінің ресми сайтынан алынды (*1-11 сынып оқулықтарының электрондық нұсқаларына сілтемелер*, 2022). Оқулықтарды тәуелсіз авторлар – мемлекеттік университеттер мен ғылыми институттардың профессорлары мен ғылыми қызметкерлері дайындап, Білім министрлігі бекіткен және «Атамұра» және «Мектеп» баспаларында жарық көрген. Барлық мектеп оқулықтары, соның ішінде «Қазақстан тарихы» оқулығы Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы бекіткен стандарттар мен оқу бағдарламаларына сәйкес әзірленген (Әділет, 2018).

1.6 Сұхбат әдісі

Сапалық контент талдау әдісіне қосымша сұхбат әдісі қолданылды. Қазақ және орыс тілдерінде барлығы 8 сұхбат жүргізілді. Зерттеуге төрт оқулық авторы – тарих оқулықтарын жазатын тарихшы ғалымдар – және мемлекеттік стандарттар мен оқу

бағдарламаларын әзірлейтін мемлекеттік институттың бір сарапшысы (оқулық авторларының бірі де осы институттың сарапшысы) қатысты. Сонымен қатар, сұхбатқа оқулықтарды сараптаушы органдардың екі өкілі мен Мемлекет тарихы институтының бір сарапшысы қатысты. Сұхбат 2024 жылдың ақпан-мамыр айлары аралығында Алматы және Астана қалаларында өткізілді.

Барлық қатысушы аты-жөнін жарияламай, анонимді болуды жөн көрді. Сұхбат жартылай құрылымдалған сұрақтарға сүйеніп, қатысушылардың ұсыныстары негізінде жентек қар әдісі арқылы жиналды. Сұхбат бетпе-бет кездесу арқылы жүргізіліп, қатысушының рұқсатымен аудио жазба құрылғысына жазылды. Содан кейін бұл жазбалар аудио транскрипция қызметін көрсететін *Scriber* бағдарламалық құралы арқылы транскрипцияланды. Сұхбат 40-тан 110 минутқа дейін созылды. Сұхбат жартылай құрылымдалған болғандықтан, алдын ала әзірленген негізгі сұрақтармен қатар, зерттеу барысында туындаған қосымша сұрақтар да қойылып отырды. Негізгі сұрақтар келесі тақырыптарға бағытталды:

– Қазақстан тарихы оқулықтарында ұлттық мемлекеттілік, тәуелсіздік және бірегейлік ұғымдары қалай ұсынылады?

– Мемлекеттілікке қатысты қандай тарихи кезеңдер мен оқиғаларға басымдық беріледі?

– Оқулықтардың мазмұны қандай идеологиялық және білім беру мақсаттарын көздейді?

– Мемлекеттік тапсырыс, сараптама мен бекіту процестері қалай ұйымдастырылған?

– Тарихи даулы немесе сезімтал тақырыптарға қатысты қандай шектеулер мен ұстанымдар байқалады?

Сұхбаттар мазмұны негізінде үш тарихи кезеңге ерекше назар аударылды:

1. Қазақ мемлекеттілігінің пайда болуы мен құрылуы (Қазақ хандығы дәуірі);

2. Ресей империясы мен Кеңестік кезеңдегі мемлекеттіліктің күйреуі және трансформациясы;

3. 1991 жылдан кейінгі ұлттық мемлекеттіліктің қайта жаңғыруы.

Бұл сұхбаттар зерттеуге екі маңызды аспекті бойынша үлес қосты. Біріншіден, олар ресми тарихи нарратив қалай құрылып, оқулық авторлары қандай қоғамдық және саяси шектеулермен бетпе-бет келеді деген сұрақтарға жауап беруге мүмкіндік берді. Екіншіден, олар контент талдау барысында алынған қорытындыларды мейлінше эмпатиялық әрі инсайдерлік көзқараспен толықтырды, яғни мәтіннен тыс мотивацияларды анықтауға мүмкіндік берді.

1.7 Деректерді жинау және талдау

Бұл зерттеудің эмпирикалық базасы ретінде Қазақстан Республикасындағы жалпы білім беретін мектептерге арналған 5–11-сыныптарға арналған «Қазақстан тарихы» оқулықтары таңдалды. Деректерді жинау кезінде басты назар тарихи нарративтердің онтологиялық қауіпсіздік пен ұлттық бірегейлікті қалыптастырудағы рөліне бағытталды. Оқулықтар Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің ресми интернет-платформасынан алынғанды (*1–11 сынып оқулықтарының электронды нұсқалары*, 2022). Бұл ресми дереккөз оқулықтардың ашықтығын және заңдылығын қамтамасыз ететін сенімді база.

Оқулықтарды тәуелсіз авторлар – мемлекеттік университеттер мен ғылыми институттардың профессорлары мен ғылыми қызметкерлері дайындап, Оқу-ағарту министрлігі бекіткен және «Атамұра» және «Мектеп» баспаларында жарық көрген. Бұл олардың мазмұнының академиялық және идеологиялық тұрғыдан ресми көзқарасты бейнелейтінін білдіреді. Сондықтан бұл оқулықтар ұлттық тарихи нарративті қалыптастыруға жауапты институттық дискурстың маңызды элементтері ретінде қарастырылады. Барлық мектеп оқулықтары, соның ішінде «Қазақстан тарихы» оқулығы Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы бекіткен стандарттар мен оқу бағдарламаларына сәйкес әзірленген (Әділет, 2018).

Деректерді іріктеу барысында келесі критерийлер басшылыққа алынды:

– Оқулықтың жариялану мерзімі (2017–2021), яғни «Рухани жаңғыру» бағдарламасынан кейінгі кезең;

– Оқулықтың бекітілгендігі мен таралу көлемі, жалпы білім беретін мектептерде ресми қолданылатын басылымдар;

– Тарихи нарративтің репрезентациялық әлеуеті, яғни мемлекеттілік, ұлттық бірегейлік, территория мен егемендік туралы мазмұнның болуы.

Талдау барысында оқулықтардың мәтіндік құрылымы, уақыттық шеңбері, тарихи кезеңдерді іріктеу логикасы, ұлттық тұлғаларды сипаттау тәсілдері, сондай-ақ ұжымдық жадқа қатысты риторика жүйелі түрде қарастырылды. Сонымен қатар, визуалды элементтерде кеңістік пен шекара қалай бейнеленетініне назар аударылды. Бұл Қазақстанның қазіргі шекарасын тарихи тұрғыдан легитимациялауға бағытталған дискурсивтік стратегияларды түсінуге мүмкіндік берді.

Контент-талдаудың нәтижесінде оқулықтарда мынадай үлгілер жиі кездесетіні байқалды:

– Қазақ хандығының құрылуын ұлттық мемлекеттіліктің бастау көзі ретінде көрсету;

– Кеңес дәуірін мемлекеттіліктің трансформацияланған кезеңі ретінде бейнелеу;

– Тәуелсіз Қазақстанды тарихи эволюцияның заңды жалғасы ретінде сипаттау;

– Кеңістік тұрғысынан Қазақстан аумағын біртұтас, қасиетті, ата-баба жері ретінде көрсету.

Зерттеу барысында алынған деректер қолмен кодтау әдісі арқылы жүйеленіп, қайталанатын тақырыптар, фреймдер мен ұғымдар жіктелді. Бұл тәсіл сапалық талдаудың тереңдігі мен шынайылығын қамтамасыз етуге мүмкіндік берді. Жалпы алғанда, бұл эмпирикалық база Қазақстанда ресми білім беру жүйесі арқылы ұсынылатын ұлттық тарих пен бірегейліктің репрезентациясын ғылыми тұрғыдан пайымдауға мүмкіндік береді және онтологиялық қауіпсіздік теориясын қолдануға берік негіз қалыптастырады.

3-тарау.

ГЕОСАЯСИ ЖАҒДАЙ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАН- НЫҢ ОНТОЛОГИЯЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІГІ

3.1 Геосаяси алғышарттар

1991 жылғы 16 желтоқсанда Қазақстан Республикасы өз тәуелсіздігін жариялап, ұзақ уақыт бойы отарлық және кеңестік басқару құрылымдары шеңберінде болған кезеңді ресми түрде аяқтады. Бұл тарихи шешім 1936 жылы Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының құрылуынан кейінгі алпыс жылға созылған кеңестік кезеңнің және одан бұрынғы екі ғасырға жуық уақытқа жалғасқан отарлық тәуелділіктің соңғы нүктесі болды. Бірақ Қазақстанның қазіргі мемлекеттік аумағы мен саяси мәртебесінің қалыптасу үдерісін тек XX ғасырдан бастау шектеулі түсінік болар еді. Шын мәнінде, қазақ жерлерінің сыртқы билік құрылымдарына бағынуы әлдеқайда бұрын, 1731 жылдан басталған болатын. Сол жылы Қазақ хандығының шағын бөлігі Ресей империясының протекторатын мойындап, империялық ықпал біртіндеп кеңейе бастады (Noda, 2016).

XVIII ғасырдан бастап қазақ даласы әскери бекіністер, әкімшілік реформалар, көші-қон саясаты және отарлық заңнамалар арқылы біртіндеп Ресей империясының бақылауына өтті. Бұл үдеріс тек аумақтық үстемдік орнатумен шектелмей, қазақ халқының демографиялық, әлеуметтік және мәдени құрылымын терең өзгеріске ұшыратты. Отарлық билік кезеңінде жүзеге асырылған демографиялық саясат кей жағдайда әлеуметтік-инженерлік және қасақана жойқын сипаттарға ие болғанын архивтік және тарихи деректер растайды (Chokobaeva et al., 2020; Morrison, 2021). 1890 жылдардағы қуаңшылық және оған байланысты орын алған ашаршылық империялық үкімет тарапынан тиімді шешілмеген гуманитарлық дағдарыс ретінде қарастырылуы мүмкін. Алайда 1916 жылы болған Ұлт-азаттық көтеріліс кезінде

патша билігінің қазақ халқының қарсылығын басу үшін қолданған шаралары, соның ішінде жаппай депортациялар мен жазалау отрядтарының әрекеттері, зорлықшыл демографиялық саясаттың мақсатты сипатын айқын көрсетеді. Бұл көтерілістен кейін қазақтардың үлкен бөлігі Қытайға, Ауғанстанға, Ферғана мен Жетісу сыртындағы өңірлерге мәжбүрлі көш жасауға мәжбүр болды, бұл ұлттың ішкі тұтастығы мен аумақтық бірегейлігіне терең соққы болып тиді (Chokobaeva et al., 2020). Кеңес Одағы кезеңі бұл үдерісті тек жалғастырып қойған жоқ, оны одан әрі жүйелендіріп, идеологиялық негізде түбегейлі жүзеге асырды. 1920–1930 жылдардағы ұжымдастыру мен отырықшыландыру саясаты қазақтардың дәстүрлі көшпелі мал шаруашылығына негізделген өмір салтын жойды. Сталиндік экономикалық эксперименттер, атап айтқанда ауыл шаруашылығын зорлап ұжымдастыру, 1931–1933 жылдардағы алапат ашаршылыққа әкеліп соқты. Тарихшылар бұл кезеңде төрттен алты миллионға дейін қазақ аштықтан қырылды деген баға береді (Olcott, 2002). Бұл оқиғалар қазақ халқының азаюына және қазақ даласында еуропалық халықтың көбеюіне әкелді.

1930-жылдардағы ауыр сипаттағы бұл саясатпен қатар, Кеңес билігі мәдени және тілдік бірегейлікті де трансформациялауға тырысты. Қазақ тілінің қолданылу аясы шектеліп, орыс тілі мен кеңестік дүниетаным басымдық алды. Ұлттық зиялылар қуғын-сүргінге ұшырады, ұлттық тарих пен мәдени мұра маргиналданды. Кеңестік биліктің Қазақстандағы демографиялық инженериясының тағы бір көрінісі – 1950 жылдардағы Тың және тынайған жерлерді игеру науқаны болды. Бұл науқан барысында миллиондаған орыстар, украиндар және басқа да славян халықтары Қазақстанның солтүстік және орталық бөліктеріне қоныстандырылды. Бұл әрекет тек ауыл шаруашылығын дамыту мақсатында ғана емес, сонымен қатар кеңестік этнодемографиялық тепе-теңдікті өзгерту арқылы ұлттық бірегейлікті әлсіретуге бағытталған саясат ретінде де қарастырылуы мүмкін. Тың игеру нәтижесінде қазақтар өздерінің дәстүрлі этникалық-территориялық кеңістіктерінен шеттетілді, ал кейбір аймақтарда қазақтар азшылыққа айналды. 1989 жылғы санақ бойынша, қазақтар өз елінің халқының тек 39,7%-ын ғана құрады (Dave, 2007).

Осы тарихи үдерістердің барлығы – отарлық экспансия, демографиялық трансформация, кеңестік қайта құру және егемендік алдындағы идеологиялық қысымдар – Қазақстанның қазіргі мемлекеттілігінің контекстін түсіну үшін аса маңызды. Олар қазақ ұлтының тарихи жады мен бірегейлік сезімін, сондай-ақ мемлекет үшін онтологиялық қауіпсіздікке деген ұмтылысты қалыптастырған факторлар қатарында. Тәуелсіздік жарияланған сәт – жай ғана саяси акт емес, тарихи әділеттіліктің қалпына келуін білдіретін символдық оқиға болды.

Қазақстан тәуелсіздігінің алғашқы онжылдықтары елдің егемендігін тек заңды тұрғыдан емес, сонымен бірге символдық, демографиялық және мәдени тұрғыдан да қайта қалыптастыру қажет болған өтпелі кезең ретінде сипатталады. Кеңестік жүйенің күйреуімен бірге бұрынғы республикалар өздерінің мемлекеттік рәміздері мен шекараларын қайта ой елегінен өткізіп, тарихи бірегейліктеріне қатысты терең сұрақтарға тап болды. Қазақстан бұл процеске ерекше жағдайда кірді: жаңа мемлекет өз аумағында этникалық қазақтардан да көп еуропалық диаспоралар – негізінен орыстар, украиндар мен немістер – өмір сүретін ел ретінде қалыптасты (Russo & Stoddard, 2018, 27 б.).

1991 жылы тәуелсіздік жарияланған сәтте титулды ұлт – қазақтардың жалпы халық ішіндегі үлесі небәрі 39–40 пайыз шамасында болды (Cummins, 2003, 145 б.; Eschment, 2020, 9 б.). Қалған бөлігі жүзден астам этнос өкілдерінен тұрды, ал орыс тілді халық абсолютті демографиялық артықшылыққа ие болды. Бұл жағдай жас мемлекеттің ұлттық негіздерін бекіту ісін едәуір қиындатты. Тәуелсіз Қазақстанның басшылығы бір жағынан этноұлттық негіздегі ұлтшылдық риторикасынан бас тартуға, екінші жағынан қазақ халқының тарихи, мәдени және тілдік рөлін қайта анықтауға мәжбүр болды. Орыс тілді халықтың едәуір бөлігі Қазақстанның солтүстік аймақтарында өмір сүрді (Власть, 2019; Zlobin, 2019). Орыс тілді тұрғындардың әсіресе Қазақстанның солтүстік аймақтарында шоғырлануы ерекше қауіп туғызды. Бұл өңірлерде этникалық қазақтар азшылықты құраса, орыстар мен славян диаспоралары әлеуметтік-экономикалық және саяси жағынан басым болды. 1990-жылдардың басында Ресей Федерациясындағы бірқатар саясаткерлер

мен сарапшылар (олардың қатарында Борис Ельциннің өзі де бар) Қазақстанның солтүстік облыстарын «тарихи Ресей жері» деп атап, бұл аумақтарды Ресейге қайтару жөнінде ашық пікір білдірді (Shlapentokh, 2016, 144 б.). «Қазақстан мен Ресейдің шекарасы 7000 шақырым» және «солтүстік шекара аймақтарда орыстілді халықтың көп» сияқты кең тараған нарративтер осы кезеңнің негізгі мәселесін көрсетті. Бұл нарративтер Қазақстанның ел ішіндегі көпмәдениеттілік саясатын және оның егемендігін қорғау және Ресей мен Қытай арасында аман қалу үшін сыртқы саясатында мультивекторлық саясатты заңдастыру үшін пайдаланылды (Vanderhill et al., 2020).

Мұндай геосаяси қысым жағдайында Қазақстан өзін-өзі сақтау стратегиясын әзірлеуге мәжбүр болды. Бұл стратегияның негізгі элементтері ретінде мультикультурализм, тілдік балансты сақтау, және мультивекторлық сыртқы саясат таңдалды. Елбасшы Нұрсұлтан Назарбаев ұсынған «еуразиялық» бірегейлік ұғымы осы стратегияның тұғырнамасына айналды. Ол этникалық гетерогенділікті әлсіздік емес, керісінше, тарихи байлық және интеграциялық әлеует ретінде ұсынды. Бұл риторика ұлттық мемлекеттілікті этностық негізде емес, азаматтық негізде қалыптастыру тұжырымдамасын алға тартты. Онтологиялық қауіпсіздік тұрғысынан қарағанда, бұл кезең Қазақстан үшін терең экзистенциалды сынақ болды. Кеңестік кеңістіктен шыққан посткеңестік республикалар өздерінің шекаралары мен тарихи негіздерін моральдық және символдық жағынан бекітуге тырысты. Қазақстан жағдайында бұл міндет тіптен күрделі болды, өйткені оның тарихи легитимдігіне қатысты күмән тудыратын ресейлік дискурстар, мысалы, Қазақстанда «ешқашан мемлекет болмаған» деген тұжырымдар мемлекеттің өзін-өзі түсінуіне, яғни онтологиялық негізіне қарсы бағытталған еді (Vanderhill et al., 2020, 980-981 бб.).

Қазақстан үкіметі бұл онтологиялық қауіпке прагматикалық жауап қайтарды. Бір жағынан, орыс тіліне қазақ тілімен тең мәртебе беру арқылы тілдік шиеленісті жұмсартты, екінші жағынан, «қазақ ұлты» ұғымын «қазақстандық ұлт» немесе «біртұтас азаматтық қоғам» ұғымдарымен алмастыруға тырысты. Бұл қадамдар ұлттық бірегейлікті моноэтникалық емес, көпэтни-

калық платформада қалыптастыруға бағытталды. Сонымен бірге, Қазақстан өзінің Ресеймен байланысын әлсіретпей, Қытай, АҚШ, Еуропа елдерімен тепе-тең стратегиялық серіктестік орнату арқылы мультивекторлық сыртқы саясатты белсенді түрде жүзеге асырды.

Демек, 1990-жылдардағы Қазақстанның ішкі және сыртқы саясатында ұлттық бірегейлік пен егемендікті қорғау тек физикалық қауіпсіздік мәселесі емес, сонымен қатар онтологиялық қауіпсіздік мәселесі ретінде көрініс тапты. Ресей тарапынан территориялық тұтастық пен тарихи легитимдікке күмән келтіру әрекеттері Қазақстанды өз мемлекеттілігін тек сырттан қорғауға емес, ішкі рәмізді нығайту мен азаматтық келісім жүйесі арқылы легитимдеуге мәжбүр етті.

Осылайша, тәуелсіздіктің алғашқы жылдары Қазақстан үшін тек жаңа мемлекеттіліктің институционалдық құрылымдарын қалыптастыру кезеңі ғана емес, сонымен бірге ұлттың тарихи нарративін, кеңістіктік шекарасын және бірегейлік матрицасын қайта жазу кезеңі де болды. Бұл үрдіс бүгінгі күнге дейін жалғасуда және оның басты мазмұны егемендік пен ұлттық болмысты уақыт пен кеңістікте үздіксіз, заңды және тарихи негізделген құбылыс ретінде көрсету болып отыр.

3.2 Қазақстанның онтологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету әрекеттері

Онтологиялық үрейді еңсеру үшін 1990 жылдардың ортасында Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың билігі тұсында Қазақстан басшылығы кеңестік идеологияның қатты ықпалында болған Қазақстандағы бірегейлікке қатысты екіжақты көзқарасты қабылдады. «Қазақ» және «қазақстандық» сияқты терминдерді қолдану кеңестік дәуірден бастау алып, этникалық ұғым тұрақты және объективті белгі ретінде қарастырылды. Қазақстан этникалық тегіне қарамастан инклюзивтілікке баса назар аудара отырып, қазақтардың да, қазақстандықтардың да Отаны ретінде қарастырылды. Қазақ үкіметі көп ұлтты азаматтық бірегейлікті қалыптастыруға тырысты. Бұл бірегейлік

этникалық тегіне қарамастан барлық азаматтар үшін тең құқықтар мен кемсітушіліктен қорғауды қамтамасыз етуге бағытталған. «Қазақстан – біздің ортақ үйіміз» ұраны инклюзивті көзқарасты бейнелеп, барлық этникалық топтарды бір ұлт аясында өздерінің мәдени мұраларын зерттеуге және атап өтуге шақырды. Сонымен қатар, Қазақстан халқы Ассамблеясы этносаралық қатынастарды қолдау және бірыңғай қазақстандық бірегейлік идеясын ілгерілету үшін құрылды (Eschment, 2020, 4-5 бб.). Бұл тәсіл онтологиялық алаңдаушылықты жеңілдетіп қана қоймай, сонымен бірге Ресеймен тығыз қарым-қатынасты жақсартуға және Қазақстанда тұратын орыс этникалық азшылықтарын тыныштандыруға ықпал етті.

Кенес Одағы ыдырағаннан бері Қазақстан мен Ресей сауда, транзит, аймақтық қауіпсіздік және этникалық ұлтшылдықты тежеудегі ортақ мүдделерге негізделген берік достық қарым-қатынасты сақтап қалды. Алайда бұл қатынас екі елдің тең дәрежеде екенін көрсетпеді. Ресей үнемі өзін аймақтық гегемон ретінде қарастырды. Ресей Федерациясының Президенті Владимир Путин Оралық Азия аймағында Ресей гегемониясын орнықтыру және қамтамасыз ету үшін Орталық Азиядағы экономикалық және ұжымдық қауіпсіздік институттарын стратегиялық тұрғыдан жоспарлады (Jones, 2023, 97 б.). Соған қарамастан Қазақстанның көпвекторлы сыртқы саясаты ұзақ жылдар бойы елімізге өзін тәуелсіз және егемен мемлекет ретінде сезінуге мүмкіндік берді. Ресеймен де, Батыспен де қарым-қатынасты дамыта отырып, Қазақстан елге тұрақтылық пен бірегейлік сезімін сыйлаған тәуелсіздік жолын ұстанды.

Алайда Қазақстанның Ресеймен тығыз байланысына және оның Ресейдің ықпалындағы аймақтық экономикалық және қорғаныс ұйымдарына мүшелігіне қарамастан, 2008 жылы Грузия мен 2014 жылы Украинадағы оқиғалар көптеген қазақстандықтарды Ресейдің араласуынан қорқуға мәжбүр етті. Бұл алаңдаушылық, әсіресе, Ресейдің Гүржістан мен Украинадағы егемендігі мен аумақтық тұтастығының бұзылуына байланысты Ресейдің араласуына қатысты алаңдаушылық күшейген елдің негізінен орыстілді солтүстік аймағында айқын байқалады. 2014 жылы Ресейдің посткеңестік мемлекеттерге қатысты агрессивті

сыртқы саясаты мен қазақ мемлекеттілігіне қатысты риторикасы күшейген кезде бұл тек қазақ бірегейлігіне күрделі жағдай туғызды. Ресейлік шенеуніктердің қазақ мемлекеттілігінің тарихына қатысты сөйлеген сөздері қазақ мемлекетінің тарихи тамырын және оның биографиялық нарративін жоққа шығару ретінде қарастырылды (Najibullah, 2014). Қазақстанның қазақ мемлекеті ретіндегі тарихи бірегейлігін жоққа шығару онтологиялық қауіпсіздіктің қазақстандық саясатта маңыздылыққа ие болуына әкелген маңызды фактор болды. Тарихи қазақ бірегейлігін Ресейдің мойындамауынан туындайтын мәселе ұжымдық онтологиялық қауіпсіздікке елеулі әсер етті. Ресейдің мойындамауы қазақтың бірегейлігі туралы биографиялық нарративтің өткені мен бүгінгіне күмән келтіріп қана қоймай, оның болашағына алаңдаушылық туғызды.

Осы мәлімдемелерден кейін Қазақстанда тарих және ұлттық бірегейлік мәселелері жаңадан маңызға ие болды. Мәселен, 2014 жылы Тәуелсіздік күні қарсаңында Н.Назарбаев «Бір халық – бір ел – бір тағдыр» және «Бірлік – әралуандылықта» ұрандарына негізделген «Мәңгілік ел» идеясын алға тартты (Ақорда, 2014). Сол жылдың шілде айында Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі ашылды. Бұл Ресейдің ықпалынан шығып, тәуелсіз ұлттық бірегейлікті қалыптастырудағы маңызды қадам болды. Бұл оқиғаны Ресей шенеуніктерінің Қазақстанның тарихи мемлекеттілігіне күмән келтірген мәлімдемелеріне жауап деп бағалауға болады. Музейдің тарихи залы XV ғасырдан бастап Қазақ хандығының құрылуы, ұлт-азаттық соғыстар мен көтерілістер сияқты маңызды кезеңдерді қамтитын Қазақстанның ұзақ және дербес даму жолына арналған (*ҚР Ұлттық музейі*, 2014). Осылайша, музей ұлттық бірегейлікті нығайтудың және қазақ мемлекетінің тарихи сабақтастығын растайтын символ ретінде қызмет ете отырып еліміздің онтологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады.

2015 жылдың қыркүйегінде Қазақстан тәуелсіздік жылдарында алғаш рет қазақ мемлекеттілігінің құрылғанына 550 жыл толуын атап өтті (Азаттық, 2015). Мұндай мереке бұрын-соңды болмаған, мемлекеттік маңызы бар шараға айналды. Ол ел ішінде де, шетелде де, әсіресе Америка Құрама Штаттарында

өткізілген ғылыми конференциялар, дөңгелек үстелдер, концерттер, тарихи реконструкцияларды қоса алғанда, 700-ден астам іс-шарамен кеңінен атап өтілді (Isenov, 2015). Вашингтондағы Қазақстан шенеуніктері америкалық шенеуніктерге және ғалымдарға Қазақстанның ерте тарихын баяндайтын кітаптың арнайы тұсаукесерін жасады. Бұл тұсаукесер Қазақ мемлекеттілігінің 550 жылдығына орай ұйымдастырылды (Казинформ, 2015; Shvartz, 2015). Қазақ шенеуніктерінің тек академиялық мәселе болып көрінетін іспен шұғылдануы елеулі саяси салдары болды. Бір жылға созылған мерекенің ең елеулі нәтижелерінің бірі, сөзсіз, Кремль мойындаған, Қазақстанның Мәскеудің қалауына қарамастан өз саясатын жүргізетіні және егемендігіне төнетін кез келген сын-қатерлерге қарсы тұратыны туралы үндеу болды (Shlapentokh, 2016, 143 б.).

Ресей Федерациясы тарапынан Қазақстанның тарихи мемлекеттілігіне күмән келтірген бірқатар мәлімдемелерге жауап ретінде, 2017 жылғы 12 сәуірде сол кездегі Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласын жариялады (Nazarbayev, 2017). Бұл мақала тәуелсіз Қазақстанның идеологиялық негіздерін қайта қарастыру және оны жаһандану жағдайында ұлттық бірегейлікті сақтау және нығайту бағытында дамытуды көздеген маңызды құжаттардың біріне айналды. Мақалада ұлттың рухани жаңғыруы, тарихи жады мен заманауи құндылықтардың үйлесімі арқылы қоғамды біріктіру идеясы алдыңғы қатарға шығарылды.

Мақалада ұсынылған идеялар кейіннен мемлекеттік деңгейде қабылданған «Рухани жаңғыру» ұлттық бағдарламасының негізіне айналды. Бұл бағдарлама тек мәдени-ағартушылық бастама ғана емес, сонымен қатар ұлттық идеологияны жүйелеу құралы ретінде іске қосылды. Оның басты мақсаты – жаһандану үдерісінде ұлттық кодты сақтау, тарихи сананы жаңғырту және ұлттың болмысын заманауи әлемдік өркениетпен үйлестіру. Бұл контексте бағдарлама қазақ мемлекеттілігінің тарихи сабақтасығын, ұлттық мәдениетті, тілді және дәстүрлі құндылықтарды қазіргі саяси-әлеуметтік өмірмен байланыстыруға бағытталды. «Рухани жаңғыру» бағдарламасының институттық қамтамасыз

етілуі үшін Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің жанынан «Рухани жаңғыру» қоғамдық даму институты құрылды (Казинформ, 2018). Бұл институт бағдарламаның жобаларын үйлестіруші, контентін өндіруші және сараптамалық мониторингін жүргізуші орталық ретінде жұмыс істей бастады. Оның жұмысы мемлекеттік аппарат пен азаматтық қоғамның өзара іс-қимылын күшейтуді, сондай-ақ білім беру, бұқаралық ақпарат құралдары және мәдениет салалары арқылы ұлттық бірегейлікті нығайту құралдарын жүйелеуді мақсат етті.

Бағдарламаның шеңберінде бірнеше маңызды жобалар жүзеге асты: «Қазақстанның киелі географиясы», «Ұлы даланың жеті қыры», «Жаңа гуманитарлық білім», және «Туған жер» сияқты бастамалар тарихи білімнің, кеңістіктік және мәдени репрезентациялардың жаңаруына ықпал етті. Атап айтқанда, ұлттық тарихты мектеп бағдарламаларында қайта қарау, оқулықтардың мазмұнын жаңарту, және ұлттық батырлар мен тарихи кезеңдерді қайта зерделеу секілді бағыттар Қазақстанның онтологиялық қауіпсіздігін нығайту стратегиясымен астасып жатты.

«Рухани жаңғыру» бастамасы басталғанға дейін бірнеше мемлекеттік жобалар Қазақстан тарихына қатысты болды. Осындай бастамалардың бірі «Мәдени мұра» бағдарламасы болды. 2004 жылдан 2011 жылға дейін жұмыс істеп келе жатқан «Мәдени мұра» бағдарламасы Қазақстанның мәдени және тарихи мұрасын сақтау және танымал ету бойынша мемлекеттің елеулі күш-жігерін көрсетті. Берел және Шілікті қорғандарын қазу сияқты ауқымды археологиялық зерттеулерді қаржыландыру арқылы бағдарлама елдің ежелгі өткенінің маңызды аспектілерін ашуға және құжаттандыруға бағытталған. Археологиялық жұмыстардан басқа, бағдарлама ұлттық мәдени және тарихи ғимараттарды қалпына келтіруге, сол арқылы болашақ ұрпақ үшін Қазақстан тарихының өмірлік маңызды рәміздерін сақтауға бағытталған (Әділет, 2004). «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асырудың негізгі құралдарының бірі білім беру жүйесіне, мектептегі білім берудің бірыңғай стандарттары мен қағидағтарын әзірлеуге, сондай-ақ оқу бағдарламасының мазмұнын жаңартуға көңіл бөлу болды.

Осылайша, «Рухани жаңғыру» бағдарламасы Қазақстанның ішкі саяси дискурсында тарихи мемлекеттіліктің үздіксіздігін дәлелдеу, аумақтық тұтастық пен егемендіктің символдық негіздерін бекіту, сондай-ақ сыртқы акторлардың терістеуші риторикасына жауап беру тетігіне айналды. Бұл бағдарлама – тек өткенге қайта қарау ғана емес, сонымен қатар болашаққа бағдарланған ұлттық идеологиялық жоба ретінде де бағалануы тиіс.

4-тарау.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІ ЖӘНЕ САЯСАТЫ

4.1 Білім беру жүйесі

1991 жылы тәуелсіздік алғаннан кейін Қазақстанның білім беру жүйесі кеңестік үлгіден жаңа ұлттық жүйеге біртіндеп көшуді бастады. Кеңестік кезеңде республикадағы білім беру ісі қатаң орталықтандырумен, идеологияландырумен, орыс тілінің үстемдігімен сипатталды. Оқу бағдарламалары Мәскеуде әзірленіп, барлық одақтық республикалар үшін біркелкі жасалды. Бұл стандарттауды қамтамасыз еткенімен, жергілікті ерекшеліктерді ескермеді. Техникалық пәндерді оқытуға және өндіріске кадрлар даярлауға басты назар аударылып, коммунистік идеологияға көп көңіл бөлінді. Бұл жүйе техникалық тұрғыдан тиімді болса да, жергілікті тарихи, тілдік және мәдени ерекшеліктерді жүйелі түрде елемеге алып келді (Rather & Abdullah, 2019/2020).

Кеңестік білім беру парадигмасы индустриализацияға қажетті кадрлар даярлау, атеистік дүниетанымды орнықтыру, және ең бастысы, кеңестік патриотизмді тәрбиелеу мақсатында құрылған болатын. Мектеп оқулықтары мен бағдарламаларында Қазақстан тарихы көбіне Ресей империясы мен Кеңес Одағының құрамындағы қосалқы элемент ретінде ғана көрсетіліп, қазақ мемлекеттілігі, көшпелілердің саяси құрылымы мен тарихи субъектілігі көп жағдайда маргиналданды немесе идеологиялық сүзгіден өтті. Орыс тілі білім берудің негізгі тіліне айналды, ал қазақ тілі тек шектеулі көлемде, негізінен гуманитарлық пәндерде ғана қолданылды.

КСРО ыдырағаннан кейін қазақстандық білім беру жүйесі айтарлықтай өзгерістерге ұшырады. Реформаның маңызды бағыты қазақ тілі мен ұлттық мәдениеттің оқу-тәрбие процесіндегі рөлін қалпына келтіру болды (Fierman, 2006). Алғашқы жылдары

білім беру саласында бірқатар институттық және мазмұндық реформалар қолға алынды. Ең алдымен, Қазақстан тарихы, қазақ әдебиеті мен тілі, географиясы секілді пәндер мазмұндық тұрғыдан қайта қарастырылып, ұлттық мазмұн мен тарихи әділдікті қалпына келтіру талпыныстары байқалды. Бұл үдеріс ұлт-тық сана мен жадыны жаңғырту, сондай-ақ онтологиялық қауіпсіздікті нығайту механизмдерінің бірі ретінде қарастырылады.

1990 жылдардың соңында және 2000 жылдардың басында Қазақстан халықаралық тәжірибеге сүйене отырып білім сапасын арттыруға бағытталған жаңа стратегиялар қабылдады. 2004 жылдан бастап енгізілген «Білім» мемлекеттік бағдарламасы, кейіннен «Болашақ» халықаралық стипендиясы, Ұлттық бірыңғай тестілеу жүйесі, және Кредиттік оқыту жүйесі білім беру саласындағы құрылымдық реформаларға жол ашты. Бұл реформалар егемен мемлекеттің білім беру арқылы өз болашағын стратегиялық түрде қалыптастыруға бағытталғандығын көрсетті.

Қазақ, орыс және ағылшын тілдерін біріктіретін үш тілді білім беру моделі енгізілді. Қазақстан Болон процесіне қосылды. Бұл процесс үш деңгейлі мамандарды даярлау жүйесімен жоғары білім берудің халықаралық стандарттарына көшуді талап етті. Оқу процесін цифрландыруға, заманауи оқыту технологияларын енгізуге және қашықтықтан білім беруді дамытуға көп көңіл бөлінді. Оқу бағдарламасына ұлттық бірегейлікті нығайтуға ықпал еткен Қазақстан тарихы мен мәдениеті бойынша пәндер енгізілді. Үштілділікті дамытуға ерекше көңіл бөлініп, қазақ және орыс тілдерімен қоса ағылшын тілін үйрену белсенді түрде енгізілді. Бұл оқушыларға жаһандық білім беру ресурстарына қолжетімділікті нығайтып, халықаралық аренадағы бәсекеге қабілеттілігін арттырды.

Осы кезеңде Қазақстан білім беру мазмұнын қайта қарау арқылы тек академиялық сапаны ғана емес, ұлттық идеология мен бірегейлікті де нығайтуды көздеді. Мемлекеттік білім беру стандарттары, оқулық мазмұндары және мұғалімдерді даярлау жүйесі ұлттық мүдде мен тарихи жадыны жаңғырту функциясын атқара бастады. Бұл контексте «Рухани жаңғыру» бағдар-

ламасы мен «Қазақстанның киелі географиясы» секілді жобалар білім беру саясатының мазмұндық өлшеміне жаңа идеологиялық салмақ қосты.

Білім беру жүйесінің бұл эволюциясы онтологиялық қауіпсіздік тұрғысынан үлкен маңызға ие болды. Мемлекет тарихи білім мен мектептік нарративтерді қоғамдық тұрақтылықты, мемлекеттілікті және ұлттық тұтастықты нығайтудың құралы ретінде қолдана бастады. Әсіресе Қазақстанның территориялық тұтастығына және тарихи легитимдігіне сыртқы акторлар тарапынан күмән келтірілген кезде, мектептегі тарихи білім ұлттық жадыны қорғаудың символдық қорғанына айналды.

Қазақстан Республикасының білім беру жүйесі өзінің құрылымы жағынан көпдеңгейлі, икемді және кезең-кезеңімен дамитын жүйе ретінде қалыптасқан. Білім беру құрылымы бірнеше негізгі сатыдан тұрады: мектепке дейінгі, бастауыш (1-4 сыныптар), негізгі орта (5-9 сыныптар), жалпы орта (10-11/12 сыныптар), сондай-ақ техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білім. Білім жүйесін Қазақстан Республикасының Білім министрлігі мен Ғылым және жоғары білім министрлігі басқарады. Жалпы орта білім міндетті және үш деңгейді қамтиды. Кәсіптік білімді колледждер мен лицейлерде 9-сыныптан кейін алуға болады (*Қазақстандағы білім*, 2024). Бұл өзгерістер қазақстандық білім беру жүйесінің бірегейлігі мен мәдени мұрасын сақтай отырып, қазіргі қоғам мен экономиканың қажеттіліктеріне икемді болуына мүмкіндік берді.

Жалпы орта білім Қазақстанда міндетті және тегін. Үш сатыдан тұратын бұл құрылым оқушылардың базалық білімді меңгеруіне, сыни ойлау мен функционалдық сауаттылықты дамытуына бағытталған. Жаңа білім беру стандарттары оқушының жеке қабілеттері мен бейімділігін ескере отырып, жеке білім траекториясын қалыптастыруға жағдай жасайды. Сонымен қатар, кәсіптік білім беру жүйесі де маңызды рөл атқарады: оқушылар 9-сыныпты аяқтаған соң лицейлер мен колледждерге түсіп, кәсіби-техникалық білім алуға мүмкіндік алады. Бұл модель жастарды еңбек нарығына ерте тарту, жұмысшы мамандықтарының беделін арттыру, сондай-ақ экономиканың нақты секторына кадрлар даярлау мақсатында іске асырылады.

Қазақстанның білім беру жүйесі посткеңестік кезеңде түбегейлі өзгерістерге ұшырап, идеологияланған модельден неғұрлым үйлестірілген форматқа көшті. Заманауи тәсіл тәжірибеге бағытталған оқытуды бұрын тек кеңестік доктринаның объективі арқылы берілген күрделі тарихи тақырыптарды мұқият үйлестірді. Қолданыстағы оқу бағдарламалары бұрынғы идеологиялық көзқарастардан ада, түбегейлі жаңа көзқарасты көрсетеді. Олар әлемдік білім беру үрдістерін ұлттық ерекшеліктермен үйлестіреді. Жаңа тарихты оқыту ерекше қиындық тудырады. Орталық Азияның аумақтық межеленуі, Қазақстанның кеңестік даму кезеңі және соған байланысты даулы мәселелер аса салмақты көзқарасты талап етеді. Педагогикалық тәжірибе ұлттық тарихтың біріктіруші аспектілеріне баса назар аудара отырып, мұндай тақырыптарды берудің арнайы форматын әзірледі (Burkhanov & Sharipova, 2023).

Бұл әдіс өскелең ұрпақты тез өзгертін әлемде және қазіргі заманның жаһандық сын-қатерлеріне сәтті бейімделуге дайындауға арналған. Жүргізіліп жатқан реформалар білім берудің түбегейлі жаңа моделін құруға бағытталған (Duman, 2024). Білім беру саласын мемлекеттік деңгейде екі негізгі орган басқарады: Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі (мектепке дейінгі, орта және техникалық-кәсіптік білім үшін) және Ғылым және жоғары білім министрлігі (жоғары білім беру және ғылыми зерттеулер үшін). Бұл басқару құрылымы білім беру жүйесінің көпдеңгейлілігін ескере отырып, функционалдық бөлініс пен салааралық үйлесімдікті қамтамасыз етуге бағытталған. Министрліктер мемлекеттік стандарттарды әзірлеу, білім мазмұнын сараптау, кадрларды даярлау және білім сапасын бағалау бағыттары бойынша үйлестіруші рөл атқарады (*Қазақстандағы білім*, 2024). Қазақстанның заманауи білім беру жүйесі қала мен ауыл мектептері арасындағы білім сапасының айырмашылығы, халықаралық аренадағы ұлттық университеттердің бәсекеге қабілеттілігін арттыру қажеттілігі, кеңестік педагогикалық дәстүрдің кейбір элементтерін сақтау сияқты бірқатар шешілмеген проблемалардың болуына қарамастан жетіліп келеді.

Құрылымдық және мазмұндық өзгерістер тек білім беру саласының функционалдық тиімділігін арттырып қана қоймай,

сонымен қатар ұлттық бірегейлікті нығайту, мәдени мұраны сақтау, және азаматтық жауапкершілік пен патриотизмді қалыптастыру міндеттерімен де тікелей байланысты болды. Осылайша, білім беру жүйесі қазіргі қоғам мен экономиканың қажеттіліктеріне бейімделіп қана қоймай, мемлекеттің онтологиялық қауіпсіздігіне үлес қосатын символдық және идеологиялық құрал ретінде де маңызды рөл атқарып келеді.

Қазақстандағы мектеп оқулықтарының дайындалу үдерісін үш негізгі кезеңге бөлуге болады: тәуелсіздіктің бастапқы жылдарындағы бірінші буын оқулықтары кезеңі (1992–2004), екінші буын оқулықтары кезеңі (2005–2017), және қазіргі қолданылып жүрген үшінші буын оқулықтары кезеңі (2017–2021) (қосымша қараңыз: Dukeuev, 2023). Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында білім беру жүйесі кеңестік мұрадан арылу және ұлттық мазмұнды қайта жаңғырту мақсатын көздеді. Осы кезеңде оқулықтар көбінесе бұрынғы кеңестік үлгіге сүйеніп, мазмұны үнемі түзетіліп, идеологиялық бейтараптық пен отандық тарихи көзқарасты енгізуге ұмтылыс жасалды.

2005 жылдан бастап екінші буын оқулықтары енгізіле бастады. Бұл кезеңде мемлекеттік стандарттар қайта қаралып, білім беру мазмұны құрылымдық тұрғыдан өзгерді. Оқулықтарда қазақ халқының тарихы, мәдениеті және тәуелсіз мемлекет ретінде қалыптасу жолы туралы тараулар жүйеленіп, ұлттық идеология мен тарихи жадыға ерекше назар аударылды. Сонымен қатар, бұл кезеңде оқулық сапасын сараптау мен авторлық ұжымдарды кәсібилендіру процесі де бастау алды.

2017 жылдан бастап қазіргі қолданыстағы үшінші буын оқулықтары кезеңі басталды. Бұл оқулықтар «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясындағы идеологиялық жаңғырумен және жаңартылған білім мазмұнының енгізілуімен ерекшеленеді. Олардың мазмұнында ұлттық бірегейлікті қалыптастыру, тарихи сабақтастықты көрсету және Қазақстанның егемендігін, аумақтық тұтастығы мен мемлекеттілігін дәлелдеу мақсатында арнайы құрылымдалған биографиялық және кеңістіктік нарративтер айқын көрініс табады.

4.2 Қазақстан тарихы оқулықтары

Қазақстандық білім беру жүйесінің маңызды және назар аударарлық ерекшеліктерінің бірі – тарих пәнінің стратегиялық маңызға ие болуы. Бұл маңыздылық ең алдымен Оқу-ағарту министрлігі қадағалайтын орталықтандырылған оқу бағдарламалары мен мемлекеттік стандарттардың негізінде қалыптасады. Қазақстан Республикасында тарихты оқыту процесі тек білім берудің мазмұндық аспектісі ғана емес, сонымен бірге мемлекеттік идеологияны, ұлттық бірегейлікті және тарихи жадыны қалыптастыру тетігі ретінде қарастырылады.

Бұл рөл тарих пәнінің құрылымынан және мазмұндық орналасуынан анық көрінеді. Орта білім беру жүйесінде екі тарихи пән – Қазақстан тарихы және Дүниежүзі тарихы – міндетті оқу пәндері ретінде енгізілген. Бұл пәндер оқу жоспарында жеке пән ретінде қарастырылып, әрқайсысына дербес сағат саны, жеке бағалау жүйесі және арнайы оқулықтар мен оқу құралдары қарастырылған. Мұндай құрылым ұлттық тарихты жаһандық контексте қарастыруға мүмкіндік береді, алайда сонымен бірге Қазақстан тарихының оқушы санасында ерекше және артықшылықты орын алуын да қамтамасыз етеді.

1-кесте

Жалпы білім беретін мектептерге арналған «Қазақстан тарихы» оқулықтарының тізімі

№	Сынып	Қазақша атауы	Орысша атауы	Автор(лар)	Жыл	Баспасы
1	6-сынып	Қазақстан тарихы	История Казахстана	Бакина Н., Жанақова Н., Сүлейменова К.	2018	Атамұра
				Омарбеков Т., Хабижанова Г., Қартаева Т., Ноғайбаева М.		Мектеп

2	7-сынып	Қазақстан тарихы	История Казахстана	Бакина Н., Жанақова Н., Сүлейменова К.	2017	Атамұра
3	8-сынып	Қазақстан тарихы	История Казахстана	Омарбеков Т., Хабижанова Г., Қартаева Т., Ноғайбаева М.	2018	Мектеп
				Кабульдинов З., Қалиев Ж.Н., Бейсембаева А.Т.		Атамұра
4	9-сынып	Қазақстан тарихы	История Казахстана	Өскембаев Қ., Сақтағанова З., Зуева Л., Мұхтарұлы Ғ.	2019	Мектеп
		Қазақстан тарихы (1946 жылдан бүгінгі күнге дейін)	История Казахстана. (с 1946 года по настоящее время)	Аяган Б., Адиет К., Сатанов А.		Атамұра
5	10-сынып	Қазақстан тарихы	История Казахстана	Жандосова З.А.	2019	Мектеп
6	11-сынып	Қазақстан тарихы	История Казахстана	Кабульдинов З., Сандыбаева А.Д., Лебаев Ф.Р.	2020	Атамұра
				Жандосова З.А.	2019	Мектеп

Дереккөз: ҚР Оқу-ағарту министрлігінің ресми сайтындағы электронды оқулықтар базасы (2022).

Қазақстан тарихы пәні 5-сыныптан бастап 11-сыныпқа дейінгі барлық деңгейде оқытылады. Бұл пән тек орта білім деңгейінде ғана емес, сондай-ақ жоғары оқу орындарына түсу үшін тапсыратын ұлттық бірыңғай тестілеуде (ҰБТ) негізгі пәндердің бірі ретінде енгізілген. Сонымен қатар, бұл пән жоғары оқу орындарының гуманитарлық және әлеуметтік бағыт-тағы мамандықтарында да міндетті компонент болып табылады: көптеген университеттерде Қазақстан тарихынан мемлекеттік емтихан тапсыру талап етіледі.

Мұндай институттық мәртебе Қазақстан тарихы пәнін ұлттық нарративті тасымалдаушы басты құралдардың біріне айналдырады. Бұл пән арқылы оқушылар тек фактілер мен оқиғалар туралы білім ғана алып қоймайды, сонымен қатар ұлттық тарихтың канондық интерпретациясын, мемлекеттілік туралы түсініктерді, және территориялық тұтастық пен ұлттық субъектілікке қатысты идеяларды бойына сіңіреді. Мемлекет тарапынан тарих пәнінің маңыздылығын арттыру білім беру жүйесінің онтологиялық қауіпсіздік пен ұлттың символдық шекараларын қорғау құралы ретінде жұмыс істеп тұрғанын көрсетеді. Қазақстандағы тарих пәнінің институционалдық орны мен мазмұндық ерекшеліктері оны ұлттық биографияны қалыптастыру мен таратудағы басты идеологиялық механизмдердің бірі ретінде сипаттауға мүмкіндік береді. Бұл механизм мемлекеттілікті легитимдеу, тарихи жадыны кристалдандыру және болашақ ұрпақтың ұлттық бірегейлігін қалыптастыруда шешуші рөл атқарады.

Қазақстан Республикасындағы орта білім беру жүйесінің оқу бағдарламалары мен мазмұндық құрылымын қалыптастыру мен үйлестіру міндеті Ыбырай Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясына жүктелген. Бұл академия – мектептегі білім берудің жалпыұлттық стандарттарын, әдістемелік тәсілдерін және білім беру мазмұнын әзірлейтін және бекітетін жетекші ғылыми-әдістемелік мекеме. Оның негізгі функциясы – білім беру сапасының бірыңғай стандарттарын қамтамасыз ету, оқу бағдарламаларын ұлттық идеологиялық бағдармен ұштастыра отырып қалыптастыру және жаңғырту.

2016 жылы білім беру саласында маңызды құрылымдық реформа басталды: Назарбаев Зияткерлік мектептерінің сарап-

шылары мен педагогикалық қоғамдастығының қатысуымен жаңартылған мазмұнға негізделген білім беру стандарты жасалды. Бұл стандарт құндылыққа бағытталған тәсілді, құзыреттілік моделін және оқушының тұлғалық дамуын басты назарға алатын жаңа парадигманы ұсынды. Жаңа стандарттар оқу мазмұнын жаңғыртып қана қоймай, жаңаша бағалау жүйесін және оқытудағы белсенді әдістерді де енгізді.

Алайда 2017 жылы, «Рухани жаңғыру» бағдарламасының саяси және идеологиялық басымдықтарын ескере отырып, Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы жаңа мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартын әзірледі. Бұл құжат қазақстандық патриотизм, ұлттық тарихи сана, мәдени мұра және дәстүрлер секілді компоненттерге басымдық беріп, оқу бағдарламасының мазмұнына ұлттық бірегейлікті нығайтатын идеологиялық элементтерді кеңінен енгізуді көздеді (Анонимді ақпарат беруші №8, 17 мамыр 2024).

Барлық мектеп оқулықтары, соның ішінде «Қазақстан тарихы» пәніне арналған оқулықтар, Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы бекіткен мемлекеттік стандарттар мен оқу бағдарламаларына сәйкес әзірленеді. Бұл білім беру бағдарламалары мемлекеттік идеологиялық бағдарды, ұлттық бірегейлік концепциясын және тарихи жадыны қалыптастыруда негізгі құралдардың бірі болып табылады. Сондықтан пән мазмұны мен құрылымындағы әрбір өзгеріс мемлекеттің тарихи нарративке қатысты ұстанымын көрсетеді.

Ұлттық білім академиясының тарих пәні бойынша сарапшысы, анонимді ақпарат беруші №6, 2024 жылы жүргізілген сұхбатында, оқу жүктемесіндегі өзгерістердің мазмұндық-мағыналық негізін атап өтті. Оның айтуынша, 2016 жылға дейін Қазақстан тарихы мен Дүниежүзі тарихы пәндеріне аптасына әрқайсысына 1,5 сағат, яғни жалпы 3 сағат бөлінген. Бұл сағат саны пәндерге тең дәрежеде көңіл бөлінетінін білдіргенімен, ұлттық тарихтың басымдылығын нақты көрсете алмаған.

2016 жылдан кейін енгізілген жаңартылған оқу мазмұны аясында бұл жағдай өзгеріске ұшырады: Қазақстан тарихы пәнінің үлесі аптасына 2 сағатқа дейін арттырылды, ал Дүниежүзі

тарихы пәнінің сағат саны 1 сағатқа дейін қысқартылды. Бұл өзгеріс білім беру саясатындағы ұлттық приоритеттердің айқын басымдығын көрсетеді және Қазақстан тарихын оқытуды ұлттық бірегейлікті қалыптастырудың негізгі құралы ретінде қарастырумен тікелей байланысты (Анонимді ақпарат беруші №6, 17 мамыр 2024).

Сонымен қатар, анонимді ақпарат беруші №6 атап өткендей, Қазақ хандығына арналған бөлім бұрын тек бір-екі сағаттық шолу дәрісінде қамтылса, жаңартылған бағдарламада бұл тақырып дербес академиялық бөлімге айналды. Ол бір тоқсан бойы (академиялық кезеңде) жүйелі түрде оқытылып, хандықтың құрылуы, дамуы, ішкі және сыртқы саясаты, тарихи тұлғалары мен мұрасы терең әрі жан-жақты қарастырылады.

Осылайша, пән мазмұнындағы сағат санының өзгеруі тек техникалық өзгеріс емес, ол тарихи білімді институционализациялау, ұлттық нарративтің басымдықтарын нығайту және мемлекеттік онтологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатын көздейтін мағыналық шешім. Бұл өзгерістер арқылы оқушылар ұлттық тарихқа тереңірек бойлап, мемлекет пен ұлттың тарихи легитимділігі туралы ұғымды ерте жастан меңгеруге бағытталады.

Тарих оқулықтарын тарих пәнінің профессорлары немесе жоғары оқу орындарының немесе мекемелердің ғылыми қызметкерлері Ұлттық білім академиясы жетекшілік ететін баспалармен бірлесе отырып жазады (Анонимді ақпарат беруші №6, 17 мамыр 2024; Анонимді ақпарат беруші №7 17 мамыр 2024; Анонимді ақпарат беруші №5, 16 мамыр 2024).

Қазіргі уақытта Қазақстандағы оқулықтар жүйесі орталықтандырылған әрі шектеулі құрылымымен ерекшеленеді. Оқулықтарды әзірлеу мен тарату үдерісі негізінен Алматы қаласында орналасқан екі ірі баспа – «Атамұра» және «Мектеп» баспаларының қолында шоғырланған. Бұл екі баспа білім беру ресурстары нарығында іс жүзінде дуополия орнатқан және оқулық өндірісі мен таратуында монополиялық емес, бірақ үстемдік сипатындағы рөлге ие. Нәтижесінде, білім беру мазмұнының идеологиялық және академиялық плюрализмі шектеулі күйде қалып отыр.

Оқулықтардың мазмұны дайындалғаннан кейін олар Республикалық ғылыми-практикалық білім мазмұнын сараптау орталығына (БСМО) ұсынылады. Бұл мекеме Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің қарамағында жұмыс істейді және оқулықтардың ғылыми-әдістемелік, тілдік және идеологиялық дұрыстығын бағалайтын тәуелсіз сарапшылар тобының көмегімен рецензия жасайды. Бұл үдеріс оқу құралдарының мемлекеттік білім беру стандарттары мен бағдарламаларына сәйкестігін қамтамасыз етуді, сондай-ақ идеологиялық рұқсат етілген тарихи интерпретациялардан ауытқымауын көздейді. (Анонимді ақпарат беруші №3 16 мамыр 2024; Анонимді ақпарат беруші №2,16 мамыр 2024). Сараптамадан өткен және мақұлданған оқулықтар кейін Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі тарапынан ресми түрде бекітіледі. Министрлік жыл сайын бекітілген оқу-әдістемелік кешендердің тізімін ресми порталдарда жариялап отырады. Бұл тізім білім беру ұйымдары, мектеп мұғалімдері мен ата-аналар үшін ашық және қолжетімді, әрі оқулықтарды ресми түрде таңдау мен пайдалану барысында нормативтік-нұсқаулық құжат ретінде қызмет етеді.

Алайда оқулықтар өндірісінің шектелгендігі мен баламалы баспалардың жоқтығы оқу мазмұнының плюралистік және сыни тұрғыда дамуына кедергі келтіреді. Баспалар арасындағы бәсекелестіктің төмендігі мен мазмұнды бекітудегі орталықтандырылған бақылау Қазақстандағы тарих оқулықтарының бірізді идеологиялық бағытта қалыптасуына алып келеді. Бұл өз кезегінде мемлекеттік онтологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жолындағы білім беру арқылы тарихи нарративті бақылаудың тетігіне айналады.

2018 жылы «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында шығарылған соңғы Мемлекеттік стандартта «Қазақстан тарихы» пәні студенттерге (1) қазақ халқының этникалық тарихын білуге; және Қазақстан мемлекеттілігінің тарихи даму кезеңдері; (2) Қазақстанның тарихи дамуының негізгі оқиғалары, құбылыстары мен процестерінің мәнін түсіну; (3) Қазақстанның дамуындағы тарихи тұлғалардың рөлін анықтауды қалай қолдану керек; (4) жалпы белгілер мен белгілерді анықтай отырып, Қазақстанның тарихи дамуын дүниежүзілік тарих контекстінде қалай

талдау керек; (5) Қазақстанның тарихи дамуының жалпы заңдылықтары мен сипаттамаларын анықтау мақсатында салыстырмалы тарихи сипаттамаларды синтездеу; және (6) әртүрлі тарихи кезеңдердегі Қазақстанның дамуына әртүрлі факторлардың (географиялық, демографиялық, көші-қон, саяси, әлеуметтік-экономикалық, мәдени және т.б.) әсер ету дәрежесін бағалауға мүмкіндік береді (Әділет, 2018, 98-99 бб.).

Қазақстан тарихы бойынша оқу жоспарының кезеңділігі сынып деңгейіне қарай ұйымдастырылған. 5-сыныптан бастап Қазақстан тарихы курсы «Қазақстан тарихы туралы әңгімелер» оқулығы арқылы кең шолу жасайды. 6-сынып көне тарихқа көңіл бөледі, ал 7-сынып ортағасырлық кезеңді (шамамен VI-XVIII ғасырлар) зерттейді. 8-сыныпта Қазақ хандығы және оның Ресей империясына қосылуы (XVIII ғ-1914) туралы егжей-тегжейлі қарастырылады. 9-сыныпта Бірінші дүниежүзілік соғыстан бүгінгі күнге дейінгі кезең қарастырылады. 10 және 11-сыныптар нарративтерді жан-жақты қамти отырып бәрін қайталайды: 10-сынып Қазақстан тарихының көне дәуірден XVIII ғасырға дейінгі кезеңін қамтиды, ал 11-сынып XVIII ғасырдан тәуелсіздік алғаннан кейінгі кезеңді қамтиды (Әділет 2018).

Сонымен қатар, Қазақстан тарихы оқулықтарында қабылданған педагогикалық әдіс сыни ойлау мен талдау дағдыларын дамытуға емес, фактілерді көрсетуге мән береді. Оқиғалар көбінесе дәйекті хронологиямен беріледі, бұл оқиғаларды жаһандық және аймақтық үдерістер контекстінде түсіндіру мен интерпретациялаудың маңыздылығы ескерілмейді (Анонимді ақпарат беруші №1, 9 ақпан 2024; Burkhanov & Sharipova, 2023). Клеридестің (2010) сөзімен айтқанда, оқулықтар «дәстүрлі жанрда» жазылған, мұнда тарих тек есте сақтауға арналған фактілердің дәйекті тізбегі ретінде ұсынылған. Бұл форматта автор білімнің күмәнсіз тасымалдаушысы ретінде әрекет етеді, ал оқырманға материалды түсіндіру немесе белсенді түсіну мүмкіндігінен айырылған тыңдаушының пассивті рөлі беріледі.

5-тарау.

ЭМПИРИКАЛЫҚ ТАЛДАУ: МЕМЛЕКЕТТІЛІК ТУРАЛЫ БИОГРАФИЯЛЫҚ НАРРАТИВТЕР

Мектеп тарих оқулықтарында экзистенциалық үрейді басқаруға арналған, биографиялық нарратив қазақ хандығының ортағасырлық дәуірінен басталады. Ол 1860–1870 жылдардағы Ресейдің қазақ даласына экспансиясының басталуынан 1991 жылы Кеңес Одағының ыдырауына дейінгі 150 жылға жуық кезеңді баяндаумен жалғасады, қазақтар үшін азаматсыз дәуір деп есептеліп, қазақ тарихындағы қасіретке толы кезең болып саналады. Қазақстанның ұлттық биографиясы Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік жылдарындағы нарративтермен және қазақ мемлекеттілігінің болашағына қатысты нарративтермен аяқталады. Осы үш шешуші уақыт кезеңі экзистенциалық үйрейді басқару үшін ұлттық бірегейлікті қалыптастырудағы мемлекеттік саясатты көрсетуге мүмкіндік береді.

5.1 Қазақ мемлекетінің құрылуы туралы нарратив

Зерттеудің алғашқы нәтижесі қазақ мемлекеттілігінің тарихи бастауларына, Қазақ хандығының Қазақстанның ұлттық биографиясында негізгі нарратив ретінде пайда болуына қатысты. XV ғасырдағы қазақ мемлекеттілігінің тарихы және оның қалыптасуы алғаш рет 6-сыныптың Қазақстан тарихы оқулықтарында берілген. Бұл нарративке сәйкес, Қазақ хандығы 1465 жылы жергілікті тайпа көсемдері Керей мен Жәнібектің үлкен тайпалық одақтан бөлініп, Оңтүстік Қазақстанда өздерінің егемен мемлекетін қалыптастырған кезде құрылған (Бакина et al., 2018, 162-163 бб.). Соған қарамастан, осы нарратив бойынша, қазақ халқы қазақ мемлекеттілігінен бұрын қалыптасқан. «Атамұра» баспасынан шыққан 6-сыныптың қазақ тіліндегі «Қазақстан тарихы» оқулығында

«Біртұтас Қазақ мемлекетінің құрылуы» деген бөлімінде қазақ халқының қалыптасуы туралы нарративтен басталады.

Кез келген этностың қалыптасуында қоныстанған аумақ-тың тұтастығы маңызды рөл атқарады ... Қазақстан жерінде қола дәуірінде өмір сүрген андрон тайпалары қазақтардың ертедегі ата-бабалары олар қазақ халқы қалыптасуының негізін қалады ... Қазақстан аумағындағы халықтар мен тайпалардың одан әрі бірігу үрдісі моңғол кезеңінен кейінгі Ақ Орда, Әбілқайыр хандығы, Ноғай Ордасы және Моғолстан мемлекеттерінің тарихымен байланысты ... XIV-XV ғасырларда қазақ тілі қалыптасты. Тұрғындар бірыңғай антропологиялық түрге ие болды ... түркі тайпаларының біртұтас Қазақ хандығына бірігуімен қазақ халқының қалыптасуы аяқталды (Бакина және Жанақова, 2017, 159-161 бб.).

Бұл қазақ этносының уақыт бойынша тамыры тереңде жатқаны туралы нарративті алға тартады: қола дәуірінен бастап андронов тайпалары қазақтардың ең көне арғы бабалары ретінде қарастырылады, одан кейін түркі тайпалары Қазақ хандығының құрамында біртұтас этностың қалыптасуын аяқтайды. Нарратив оқушыларға онтологиялық тұрақтылықтың негізі болып саналатын «біз әрқашан осы жерде тұрдық» деген сезім тудырады. Осылайша, ұлттық бірегейлікті нығайтуға ықпал ететін мемлекеттілік сабақтастығына баса назар аударылады. Сонымен бірге, «Мектеп» баспасынан шыққан 6-сыныптың «Қазақстан тарихы» оқулықтарында Зейн ад-Дин Уасифидің «Бадай әл уақай» кітабына сілтеме жасай отырып, «Қазақ» атауының қалыптасуы мен «Қазақстан» атауының жасалуы арасындағы байланысты анықтауға талпыныс жасалған.

XVI ғасырдың 30-шы жылдарындағы оқиғаларды баяндайтын шығармалардың бірінде этникалық мәндегі *қазақ* сөзіне парсы жұрнағының қосылуы арқылы Қазақстан сөзі пайда болып, қазақ халқының мекендеу аймағын көрсетіп тұр. Ал енді жазба деректерге келсек, 1245 жылғы мамлюктік Египет мемлекетіндегі қыпшақтар ортасында жасалған араб-қыпшақ сөздігінде «қазақ» сөзі алғаш рет кездеседі және ол «еркін», «кезбе» деген мағынаны білдіреді (Омарбеков et al., 2018б, 132 б.).

Нарративте этноним мен топонимді белгілі бір кеңістікке тарихи-тілдік байланыстыру арқылы онтологиялық қауіпсіздікті нығайтуға деген ұмтылыс байқалады. «Қазақстан» сөзінің XV ғасырда «қазақ» этникалық белгісінің аумақтық тиесілілікті білдіретін парсы жұрнағымен тіркесуі арқылы пайда болғаны, бұл өзіндік, атаулы кеңістікте тамырлас халықтың бейнесін күшейтетіні атап өтіледі. Сонымен бірге этнонимнің көнелігі де баса айтылады. Осылайша, нарратив тарихи сабақтастық сезімін тудырып, халықтың тек атауға ғана емес, сонымен қатар аумаққа заңды құқығы бар екенін көрсетеді.

Қазақ этникалық тобы мен мемлекеттілігінің қалыптасуын егжей-тегжейлі әңгімелейтін биографиялық нарратив «Атамұра» баспасынан шыққан 7-сынып оқулықтарында толығырақ баяндалған. Бұл оқулықтар ерекше қазақ мемлекетінің пайда болуын Әбілқайыр хандығының Ойрат Моңғол мемлекетінен жеңілгеннен кейінгі құлдырауымен байланыстырады.

Керей мен Жәнібек Әбілқайыр хандығы әлсіреген кезде Көшпелі өзбектер мемлекетінен көшіп кетті ... Шу мен Талас алқаптарында 1465 жылы Қазақ хандығы жарияланды, оның алғашқы ханы Керей, ордасы Қозыбасы болды. ... Керей мен Жәнібектің жүргізген белсенді саясаты нәтижесінде Қазақ хандығының жер аумағы біршама кеңейді. Өзінің құрамына Орталық Қазақстан аймақтарын, Батыс Жетісу аумағын, Сырдарияның төменгі ағысын қосып алды (Бакина және Жанақова, 2017, 164-165 бб.).

1465 жылғы оқиғаларға негізделген Қазақ хандығының пайда болуы туралы нарратив тарихи-территориялық өзін-өзі танытудың негізгі элементі ретінде қызмет етеді. Нарратив Әбілқайыр ханның әлсіреген мемлекетінен шыққан Керей мен Жәнібектің жаңа саяси форма хандықты орнатқанын әңгімелеп қана қоймай, оны белгілі бір кеңістікте, яғни Шу мен Талас аңғарларында, Қозыбасыдағы ордасы бар жерде нығайтқаны баса айтылады. Жаңа хандықтың белсенді аумақтық кеңеюі арқылы Орталық Қазақстанды, Батыс Жетісуды және Сырдарияның төменгі ағысын қосуды одан әрі атап өтеді. Мұндай нарратив аумақты жай ғана оқиғалардың тізбегіне айналдырып қоймайды, сонымен бірге алғашқы қазақ мемлекетінің заңды және географиялық

тамыры бар құрылым ретіндегі идеясын қалыптастыра отырып, саяси субъективтіліктің материалдық дәлелі болады. Онтологиялық қауіпсіздік тұрғысынан бұл нарратив қазақ мемлекеттілігі кездейсоқ пайда болмағанын, оның дағдарысқа табиғи жауабы және тәуелсіздікке, аумақтық тұтастық пен бірегейлікке деген ерік-жігердің көрінісі екенін көрсету арқылы тарихи сабақтас-тық сезімін тұрақтандырады.

Мұхаммед Хайдар Дулатидің «Тарих-и Рашиди» еңбегіне сілтеме жасаған 7-сынып оқулығында қазақ мемлекеттілігінің қалыптасуына заңдылық пен тарихи тереңдік беру мақсатында Қазақ хандығының негізі қаланғанын растайтын санаулы жазба деректердің бірі пайдаланылған.

Қазақ хандығының құрылуы – біздің тарихымыздағы ең маңызды оқиғалардың бірі. Сондықтан ол нақты тарихи деректер негізінде қарастырылуы қажет. Қазақ хандығының құрылуы жөнінде бізге жеткен басты жазба дерек – Мұхаммед Хайдар Дулатидің «Тарих-и Рашиди» еңбегі. Негізінен, еңбек Орталық Азия халықтарының XIV–XVI ғасырлардағы тарихын баяндайды. Онда Қазақ хандығының бір ғасырдай саяси тіршілігі мен өсіп-өркендеуі туралы тың мәліметтер кездеседі. Қазақ мемлекетінің құрылуына байланысты шығармада былай делінген: «Ол кезде Дешті Қыпшақты Әбілқайыр хан биледі. Жошы ұрпағының сұлтандары жорық жасап, Жәнібек хан мен Керей хан одан қашып Моғолстанға кетіп қалды. Есен-Бұға хан оларды құрметпен қарсы алды. Қоныстануға Моғолстанның батыс бөлігіндегі Шу өзені алқабындағы Қозыбасыны берді. Олар бұл аймақта тыныш өмір сүрген. Әбілқайыр хан дүние салды да, өзбек ұлысының шаңырағы шайқалды. Ірі-ірі шиеленістер басталды. Халықтың үлкен бөлігі Керей мен Жәнібек хандарға көшіп кетті. Сөйтіп, олардың маңына жиналғандардың саны 200 мыңға жетті. Оларды өзбек-қазақтар деп атады. Қазақ сұлтандары мемлекеттілікті бастады 870 жылдан (яғни 1465 жыл)» (Юсупова et al., 2019, 133 б.).

Осы кітапқа сілтеме жасау бірден бірнеше функцияны орындайды. Біріншіден, бұл қазақ мемлекеттілігі кейінгі қайта

құрудың жемісі емес, XVI ғасырдағы беделді шежірелерде мойындалып, жазылып қалған құбылыс екенін көрсетеді. Екіншіден, «Тарих-и Рашидиге» сілтеме жасау хандықтың пайда болуын саяси қайшылықтар мен бұрынғы билік құрылымдарының, атап айтқанда, Әбілқайыр хандығының құлдырауы аясында болған табиғи тарихи процесс ретінде көрсетуге мүмкіндік береді.

Олай болса, оқулық сабақтастық туралы нарративке сүйенеді: Керей мен Жәнібектің бөлінуі, Есен-Бұға ханның қолдауы және одан кейінгі тайпалардың жаппай қоныс аударуы заңды басшылыққа және халықты топтастыруға негізделген әділ биліктің қайта жаңғыру сәті ретінде түсіндіріледі. 200 000 қоныс аударушылардың саны мен «мемлекеттіктің басталуы» туралы сөз осы оқиғаның ауқымы мен саяси маңыздылығын айғақтайды. Сонымен қатар, нақты күнін көрсету (1465 ж.) оқиғаға тәуелсіз қазақ мемлекеттілігі тарихының «басталуы» деген ресми мәртебе береді. Осылайша, «Тарих-и Рашидиді» пайдалану егемендік құқығын тарихи негіздеумен қатар, қазіргі Қазақстанның тұрақты ұлттық бірегейлігін қалыптастыру және онтологиялық қауіпсіздігін нығайту құралы қызметін атқарады.

XIII–XV ғасырлар аралығында Алтын Орда, Ноғай Ордасы, Әбілқайыр хандығы, Моғолстан бір уақытта өмір сүріп немесе бірінің орнына бірі келіп отырды. Соған байланысты саяси жағдай тұрақсыз күйінде қалды. XV ғасырдың ортасынан бір ғана саяси термин – «Қазақ хандығы» атауы орнықты (Юсупова et al., 2019, 135 б.).

Бұл үзіндіде қазақ мемлекеттілігінің тарихи сабақтастығы мен саяси тұрақтылыққа ұмтылу процесі көрініс табады. XIII–XV ғасырлар аралығындағы Алтын Орда, Ноғай Ордасы, Әбілқайыр хандығы мен Моғолстан сияқты саяси құрылымдардың қатар өмір сүруі мен бірінің орнын бірі басуы қазақ даласындағы билік пен бірегейлік жүйесінің әлі де қалыптасу үстінде болғанын көрсетеді. Мұндай саяси бытыраңқылық кезеңінде мемлекеттілік пен ұлттық бірегейліктің онтологиялық іргетасы әлсіз күйде қалып, тұрақты құрылым қажет болды.

Осы тарихи контексте XV ғасырдың ортасында «Қазақ хандығы» ұғымының орнығуы – мемлекеттіліктің жаңаша және

тұрақты формасының қалыптасуын білдіреді. Бұл терминнің орнығуы – тек атаудың ғана емес, сонымен қатар ұлттың өз-өзіне деген танымының, ортақ тарихи кеңістік пен билік құрылымының қалыптасқанын айғақтайды. Бұл оқиғалар тарих оқулықтарында ұлттық бірегейліктің қалыптасуы мен онтологиялық қауіпсіздікті нығайтудың негізгі нарративі ретінде ұсынылады: яғни, бұрынғы тұрақсыздық пен бытыраңқылықтың орнына біртұтас Қазақ хандығы келді деген идея алдыңғы орынға шығады. Сонымен, «Қазақ хандығы» атауының орнығуы тарихи үздіксіздікті қалыптастырып, қазіргі Қазақстанның егемендігі мен біртұтастығының символына айналады.

Тарих оқулықтарындағы қызық аспект – Қазақ мемлекеті Орталық Азиядағы алғашқы ұлттық-мемлекеттік құрылым ретіндегі қарастырылуы (Джандосова, 2019, 136 б.) Қазақ хандығының қазіргі заманғы интерпретациясы орталықтандырылған билік пен бекітілген шекаралық белгілердің жоқтығына қарамастан Вестфалия ұлттық-мемлекеттер жүйесі тұрғысынан сипатталып, ұлттық мемлекеттің прототипі ретінде қарастырылады. Бұл нарративте XV ғасырдағы Қазақ хандығының құрылуынан бастап қазақ мемлекеттілігінің тарихи сабақтастығына назар аударылады, бұл қазіргі Қазақстанның терең тарихи тамыры бар деген идеяны нығайтуға көмектеседі.

Бұл көзқарас қазақ руларының біртұтас мемлекеттік құрылым шеңберіндегі саяси және мәдени бірлігін атап көрсетіп қана қоймайды, сонымен қатар қазіргі Қазақстанды бай тарихи дәстүрі бар егеменді мемлекет ретінде заңдастырып, қазақ тарихын қазіргі ұлттар мен мемлекеттердің қалыптасуының кең парадигмасына сәйкестендіру әрекетін көрсетеді. Қазақ хандығының өңірдегі тұңғыш ұлттық мемлекет ретінде танылуы ұлттық мақтаныш сезімін нығайтуға және қазақ бірегейлігін сезінуге ықпал етеді, бұл өз кезегінде еліміздің онтологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз етуде, тарихи сілкіністер мен сыртқы қауіп-қатер жағдайында сабақтастық пен тұтастық сезімін сақтауда маңызды рөл атқарады.

«Мектеп» баспасынан шыққан 10-сыныптың «Қазақстан тарихы» оқулықтарында қазақ мемлекеттілігінің тарихи сабақтастығы мен оның сонау сақ, үйсін, түрік, моңғол мемлекеттері

сияқты көне көшпелі формациялардан бастау алатын терең тамырына баса назар аударылады. Негізгі міндет – XV–XVIII ғасырлардағы Қазақ хандығының оқшау құбылыс емес, қазіргі Қазақстан аумағында болған бұрынғы мемлекеттік құрылымдардың дәстүрлерін жалғастырып келе жатқанын көрсету.

Қазақ мемлекеттілігі XV–XVIII ғасырлар шеңберімен шектелмейді. Оның бастаулары сақтар мен үйсіндердің ерте көшпелі мемлекеттерінде, түркілер мен моңғолдардың көшпелілер империяларында жатыр. Мемлекет құрылысындағы сабақтастық байқалады (Жандосова, 2019, 147 б.).

Бұл фрагментте қазақ мемлекеттілігі тек XV ғасырдан басталмайтыны, оның тамыры ерте дәуірлерге – сақтар мен үйсіндерден, кейінгі түркі және моңғол империяларына дейін жалғасатыны айтылады. Мұндай нарратив ұлттық мемлекеттілікті уақыт жағынан кеңейтіп, оны кездейсоқ немесе кеш пайда болған құбылыс емес, терең тарихи заңдылық ретінде таныстырады. Мемлекеттік құрылымның сабақтастығын атап көрсету арқылы оқу материалы қазақ мемлекеттілігін өркениеттік дамудың логикалық жалғасы ретінде қалыптастырады. Онтологиялық қауіпсіздік тұрғысынан алғанда, бұл тәсіл ұлттық «мен» сезімін тұрақтандыруға және мемлекеттіліктің тарихи заңдылығын негіздеуге қызмет етеді. Бұл арқылы қазіргі Қазақстанның территориясы мен саяси тәуелсіздігі тарихи сабақтастық пен мұрагерлік логикасына негізделіп, оқушы санасында табиғи әрі заңды құбылыс ретінде орнығады. Тарихи сабақтастық ұлттың биографиялық нарративтің тұтастығын сақтауға, сыртқы сын-көзқарастарға қарсы оның өзіндік болмысына сенімділігін қамтамасыз етуге көмектеседі.

Көп ұзамай, XVI ғасырдағы «Тар заманы» деп аталатын қысқа кезеңді қоспағанда, Қасым хан, Хақназар хан, Тәуекел хан және Есім хан сияқты көрнекті қазақ хандарының билігі тұсында Қазақ хандығы территориясы қазіргі Ресейдің, Өзбекстанның және Қырғызстанның көптеген бөліктерін қамтып, кеңейді (Бакина және Жанақова, 2017, 165-180 бб.). Сонымен қатар, биографиялық нарратив Қазақ хандығына төнген басты экзистенциалық қауіптердің бірі – қазақ-жоңғар соғыстарымен жалғасады. Қазақ хандығы кейіннен қазіргі Шыңжаң жерінің көп

бөлігіне билігін жүргізіп, кейін Қытайдың Цин әулеті талқандаған ойрат моңғол мемлекеті Жоңғар хандығымен бірнеше рет қақтығысты.

Оқулықтарда Қазақ хандығының шарықтау кезеңі Тәуке хан басқарған жылдармен байланыстырылған. Мектеп оқулықтарындағы Тәуке ханның билігі туралы нарратив тарихи образдардың ұлттық мақтаныш сезімін тудыру, мемлекеттіліктің легитимділігін қамтамасыз ету, ұлттық бірегейлікті нығайту үшін қолданылғанының жарқын мысалы.

... Тәуке хан билік еткен кезең Қазақ мемлекетінің «Алтын ғасыры» деп аталады. Хандықтағы тәртіпті Тәуке әскері күш есебінен ғана емес, дипломатиялық және ел басқарудағы шеберлігінің арқасында қамтамасыз етті. Бұл қасиеттер Тәуке ханның беделінің барлық үш жүзде өсуіне ықпал етті ... Бұл қасиет оған елді біріктіріп, мемлекетті нығайтуға мүмкіндік берді ... Ұлы Дала тұрғындарының Тәуке хан юбилік еткен жылдарды «қой үстінде бозторғай жұмыртқалаған заман» деп бағалауы кездейсоқ емес. Бұл Дала өңіріндегі тұрақтылық, тыныштық пен халықтың жақсы өмірінің жетістігі ретінде түсіндіріледі (Бакина және Жанақова, 2017, 189 б.).

Мәтінде Тәуке хан күшті және әділ билеуші ретінде ғана емес, қазақ мемлекеттілігінің алтын дәуірінің символы ретінде де көрініс тапқан. Оның дипломатиядағы, саяси басқарудағы және тәртіпті сақтаудағы қабілеттеріне баса назар аударатырып, нарратив билік зорлық-зомбылық арқылы емес, дана көшбасшылық арқылы жүзеге асырылатын жетілген және орталықтандырылған мемлекеттің бейнесін жасайды. Бұл Қазақстанның тәуелсіз құрылым ретіндегі саяси кемелдігі мен тарихи заңдылығының дәлелі ретінде тарихи прецеденттерге жүгінетін мемлекеттіліктің заманауи бейнесін құру тұрғысынан маңызды. Мәтіндегі «қой үстінде бозторғай жұмыртқалаған заман» метафорасы бейбітшілік, молшылық пен қоғамдық келісімнің ерекше көрінісін бейнелейді. Бұл поэтикалық образ Тәуке ханның билік құрған кезеңін мифологизациялып қана қоймайды, сонымен бірге бүгінгі күннің стандартын, яғни ұмтылу керек тұрақтылықтың идеалды үлгісін бейнелейді. Сонымен, бұл жерде өткен

тек тарихи дерек ретінде ғана емес, сонымен қатар бүгінгі күн үшін өзекті саяси және нормативтік үлгі ретінде түсіндіріледі. Тәуке ханның жүздің үшеуінде де беделге ие болғандығы туралы айта отырып, онтологиялық қауіпсіздік контекстінде үлкен маңызға ие қазақ мемлекеттілігінің ұлттық бірлігі мен сабақтастығы идеясын атап көрсетеді. Қазіргі мемлекет өзінің тарихи заңдылығына күмән келтіруден туындайтын сыртқы сын-қатерлермен бетпе-бет келген жағдайда мұндай нарративтер тұрақтандырушы қызмет атқарады, яғни қазақ мемлекеттілігінің терең тамыры, саяси тәжірибе мен мәдени бірегейлік сабақтастығы туралы ұжымдық идеяны нығайтады. Демек, бұл нарратив тек білім беру мақсатына ғана емес, сонымен бірге маңызды идеологиялық функцияға да қызмет етеді. Ол өткенге үндеу арқылы Қазақстанның заманауи шекаралары мен институттарын заңдастырып, ұлттық билеушінің оң имиджін құрып, тұрақтылық пен болашаққа деген сенімділік сезімін қалыптастырады.

Тәуке хан ойраттармен күрестің қиын жылдарында Қазақ хандығының бірлігін сақтай алды. Тәуке хан билігі бүкіл мемлекет аумағына жүрді. Ол Қазақ хандығының ыдырауына жол бермеді. Халықты сыртқы жаудан қорғануға жұмылдырды. Қазақ хандығының абыройын асырып, күш-қуатын арттырды (Бакина және Жанақова, 2017, 191 б.).

Қазақ-жоңғар соғыстары туралы нарратив «Мектеп» баспасынан шыққан 8-сыныптың «Қазақстан тарихы» оқулықтарында толығырақ баяндалған. Бұл оқулықтар жоңғар шапқыншылығын қазақ мемлекеті үшін экзистенциалық қауіп ретінде көрсетіп, соған сәйкес қақтығыс «Отан соғысы» деп атаған. Мұндай анықтама ерекше назар аудартады, өйткені «Отан соғысы» термині көбінесе Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде фашистік Германияға қарсы қорғаныспен байланысты. Бұл атауды қазақ-жоңғар соғыстарын сипаттау арқылы оқулықтар қазақ елінің тәуелсіздігі мен бірегейлігін сақтаудағы бұл тарихи күрестің маңыздылығын атап көрсетеді. Бұл қақтығысты «Отан соғысы» ретінде қасақана көрсету ұлттық мақтаныш пен сабақтастық сезімін оятып, Қазақ мемлекетінің тарихи қорғанысын сыртқы

басқыншыларға қарсы тұру мен аман қалудың кең тақырыптарымен байланыстырады. Бұл қазақ-жоңғар соғыстарының ұлттық тарихи нарративтегі маңызын нығайтады және оны халықтар өздерінің егемендігі мен өмір салтын қорғау үшін күрескен жаһандық тарихтағы басқа да маңызды сәттермен сәйкестендіреді.

XVIII ғасырдың басында сыртқы қауіп күшейе түсті. Оңтүстік-батыстан орыс-казак әскерлеріне сүйенген Еділ қалмақтары, солтүстіктен Сібір казактары, башқұрттар, оңтүстіктен Орта Азия хандықтары (Бұқара, Хиуа), шығыстан жоңғарлар оңтайлы сәтті күтіп, шабуыл жасауға дайын тұрды. Қазақ хандығының тәуелсіздігіне мейілінше қауіп төндірген басты жауы – Жоңғария әскери-көшпелі мемлекеті еді (Омарбеков et al., 2018a, 5-6 б.).

XVIII ғасырдың басындағы геосаяси жағдайға арналған бұл нарратив қазақ мемлекеттілігінің сыртқы қауіп-қатерлермен үздіксіз күресте қалыптасқанын және бекігенін көрсетеді. Төрт тараптан төнген қауіп – Еділ қалмақтары, Сібір казактары, Орта Азия хандықтары және жоңғарлар – кеңістіктің тек географиялық ғана емес, экзистенциалды маңызға ие екенін аңғартады. Бұл жерде территория жай «мекен ету аумағы» емес, қорғауға тиісті «біздің кеңістік», «өмір сүру негізі» ретінде бейнеленеді. Жоңғарияның ерекше қауіптілігі атап өтілуі арқылы оқушылардың тарихи санасында нақты «жау» образы қалыптасады, ал бұл өз кезегінде біртұтас «біз» деген ұжымдық субъектіні нығайтады. Онтологиялық қауіпсіздік тұрғысынан алғанда, мұндай нарративтер ұжымдық «мен» сезімін сыртқы қауіп арқылы нығайтуға, тарихи жады арқылы бірегейлікті сақтауға мүмкіндік береді. Бұл жердегі «қауіп» ұғымы нақты әскери басқыншылықтан бөлек, территориялық тұтастық пен мемлекеттілікке төнген символдық қатерді де меңзейді. Сөйтіп, қазақ даласы тарихи жадыдағы қорғаныс кеңістігіне айналады, ал мемлекеттілік – жоғалтпау үшін күресетін құндылық ретінде ұсынылады.

Сол сияқты «Атамұра» баспасынан шыққан 8-сынып оқулығында да жоңғарларға қарсы соғыстың жалпыхалықтық сипатына баса назар аударылған. Нарратив бойынша, қазақтар өз

жерін қорғау үшін ерлікпен шайқасқанымен, қазақ-жоңғар соғыстарының зардаптары олардың тарихындағы моңғол шапқыншылығынан кейінгі ең ауыр қасіреттердің бірі болды. Бұл күйзеліс кезеңі «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» деп аталады.

XVIII ғасырдың 20-жылдарының бас кезінде жоңғарлардың Қазақ жеріне кезекті ірі жорық жасауына қолайлы жағдай қалыптасты ... Бұл кезең (1723–1727 жылдар) қазақ тарихында «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» деген атпен аталады. Оның қазақ халқына тигізген зардабы, қайғы-қасіреті, аштығы мен қайыршылық халге душар етуі өте ауыр болды. Мыңдаған адам қырылды немесе тұтқын ретінде айдалып кетті. Жүздеген, мыңдаған ауыл қатты күйзеліске ұшырады. Мал-мүлік талан-таражға түсті, сауда байланысы үзілді, бір кезде гүлденіп тұрған қалалар жау қолында қалып, аяусыз қиратылды ... Қазақ халқының басынан кешірген сол бір орасан ауыр қайғы-қасіреттің символы «Елім-ай» атты зарлы жыр болды ... Батырлардың Отан қорғаудағы ерлік істерін Үмбетей, Тәтіғара, Бұқар, Көтеш т.б. жыраулар жазып қалдырды (Қабылдинов et al., 2018, 9-12 бб.).

«Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» оқиғасы – Қазақ даласындағы онтологиялық тұрақтылықтың түбегейлі шайқалған тарихи сәті ретінде ұсынылады. Бұл кезеңде жер тек қана соғыс алаңы емес, жоғалту мен қайғының нысаны, қорғануға тиіс қасиетті кеңістік ретінде бейнеленеді. Жоңғар шапқыншылығы нәтижесінде қазақ халқының басынан өткерген аштық, босқындық, тұтқынға түсу және қалалардың күйреуі сияқты қасіреттер кеңістікпен тығыз байланыста беріледі. Бұл – кеңістік травмасы. Осы трагедияның ұжымдық санада мәңгілік белгісі ретінде «Елім-ай» зары мен батырлар ерлігін жырлаған жыраулардың есімі ұсынылады. Мұндай мәдени элементтер тарихи оқиғаны тек баяндап қана қоймайды, онтологиялық травманы символдық түрде өңдеуге көмектеседі, ұлттың өзін-өзі тануына рухани негіз береді. Бұл репрезентация арқылы қазақ кеңістігі – қайғы мен үміттің, қасірет пен күрестің символдық өрісі ретінде орнығып, оқушы санасында «Отан» ұғымы тек шекара емес,

жоғалтпау үшін есте сақталатын тарихи мән ретінде қалыптасады.

Нарративте қазақ-жоңғар соғыстары Қазақ хандығының айтарлықтай әлсіреуі, оның құлдырауына және ақырында қазақ жүздері деп аталатын үш тайпалық одаққа ыдырауына әкелді деген қорытынды жасалады. Уақыт өте келе бұл жүздер бірте-бірте егемендіктен айырылып, XVIII-XIX ғасырларда кеңейіп жатқан Ресей империясының құрамына сіңіп кетті. Сонымен қатар, нарратив қазақ даласына Ресейдің экспансиясын және аймақта Ресейдің отаршылдық әкімшілігінің орнауын талқылауға арналған, сонымен бірге қазақ даласы ақсүйектері арасындағы элитаішілік келіспеушіліктерді дәйекті түрде көрсетеді. Осылайша, Қазақстанның ұжымдық биографиялық нарративінде Ресей қазақтың мен-концепциясы мен сыртқы саясатын терең қалыптастыратын негізгі сыртқы күш ретінде орнығады.

5.2 Мемлекеттіліктен айырылу туралы нарратив

Бұл нарратив Қазақстанның тәуелсіздігінен айырылып, алдымен Ресей империясының ықпалына түсіп, кейін КСРО құрамына ену кезеңіне тоқталады. Әдетте оқулықтарда Ресей империясының қазақ жүздерін бірте-бірте бағындыруы, отаршылдық және кеңестік саясаттың қазақ жері мен мәдениетіне тигізген әсері сияқты драмалық сәттерге баса назар аударылады. Тәуелсіздіктен айырылу көбінесе зұлмат кезең және ұлттық бірегейлікке қауіп төндіретін кезең ретінде қабылданады.

Қазақстандық биографиялық нарративте 1860-1870 жылдардағы Ресейдің қазақ даласына экспансиясының басталуынан 1991 жылы Кеңес Одағының ыдырауына дейінгі шамамен 150 жылдық кезең қазақтар үшін мемлекетсіз дәуір ретінде қабылданып, қазақ тарихындағы травматикалық тарау болып саналады. Бұл кезең Тәуке хан қайтыс болғаннан кейінгі Қазақ хандығының әлсірей бастағанына қатысты нарративпен басталады.

1715 жылы Тәуке хан қайтыс болғаннан кейін Қазақ хандығының саяси бірлігі әлсіреп, үш жүздің билеушілері бір-бірінен алшақтай бастады. Тақ мұрагері Қайып хан

1718 саяси қарсыластардың қолынан қаза тапты. Ұлы жүзде жолбарыс, Орта жүзде Болат, Сәмеке, Күшік хандар, Кіші жүзде Әбілқайыр ханның билігі нығайды. Осындай жағдайда Қазақ хандығы аумағына сыртқы қауіп күшейді. Қазақ хандығының әлсіреуі Ресей, Қытай сияқты көрші алпауыт империялардың мүддесіне сай келді (Аманқұлова et al., 2019, 11-12 бб.)

Бұл нарративте Қазақ хандығының XVIII ғасыр басындағы ішкі саяси бытыраңқылығы мен оның сыртқы қауіпсіздікке әсері сипатталады. Тәуке хан қайтыс болғаннан кейін хандықтың ішкі бірлігі әлсіреп, үш жүздің билеушілері арасындағы байланыс пен үйлесім бұзылғаны көрсетіледі. Бұл тарихи кезең оқулықтарда мемлекеттіліктің ішкі тұрақтылығына төнген қауіп және оның онтологиялық қауіпсіздікпен байланысы ретінде ұсынылады: яғни, орталық биліктің әлсіреуі мен саяси бөлшектену ұлттық бірегейлігіне, ішкі тұтастық пен болашаққа сенімділікке нұқсан келтірді.

Сонымен қатар, бұл ішкі әлсіздік сыртқы күштердің, яғни Ресей мен Қытай сияқты империялардың қазақ даласына деген мүдделерін күшейтті деген тезис арқылы онтологиялық қауіпсіздік ұғымына тән тағы бір аспект, яғни «сыртқы қауіп» мәселесін көтереді. Ішкі саяси әлсіздік мемлекеттің өзін-өзі сақтау қабілетіне қауіп төндіріп, сыртқы күштердің ықпалына түсіреді. Оқулықтағы бұл нарратив қазақ мемлекеттілігінің тұрақтылығының тек әскери немесе саяси емес, сонымен қатар символдық және онтологиялық сипатта маңызды екенін көрсетеді. Мемлекеттілік пен ұлттық бірегейліктің тарихи сабақтастығы мен тұтастығы тек ішкі келісім мен үйлесім арқылы ғана сақталатыны туралы көзқарас осындай нарративтер арқылы оқушыларға ұсынылады.

Нарратив бойынша Ресейдің қазақ даласына енуі 1730 жылдардың басында, сол кездегі Қазақ хандығының ішіндегі күрделі геосаяси жағдай мен алауыздық бірнеше қазақ билеушілерін Ресей империясымен одақтасуға мәжбүр еткен кезде басталды. Кіші жүз ханы Әбілқайыр ханның басты мақсаты «Жоңғар басқыншылығына тойтарыс беруге барлық күштерді бағыттау, ақырында оларды талқандау және бытыраңқы Қазақ хандығын

біріктіріп, оны нығайту үшін Ресеймен сенімді қарым-қатынас орнату» (Омарбеков және т.б. 2018а, 25 б.). Ресеймен әскери одақ жасау және қалмақтардың, башқұрттардың, орал казактарының қазақ даласына жорықтарын тоқтату үшін Ресейдің бағынуды қабылдады. Бірақ патша үкіметі Ресей империясының «жаңа бағыныштысы» саналатын қазақтардың жоңғарларға қарсы күресінде айтарлықтай әскери көмек көрсетпеді және қазақтар мен қалмақтардың, башқұрттар мен орал казактарының арасындағы шекаралық қақтығыстар тоқтамады.

Ресей империясы қазақ-жоңғар соғыстарын пайдаланып, қазақ жерін одан әрі жаулап алу әрекетіне кірісті ... Кіші жүз бен Орта жүз қазақтарының бір бөлігі Ресейдің қол астына өтуіне байланысты жағымсыз салдар орын алды. Қазақ халқы бірте-бірте өз тәуелсіздігінен айырыла бастады ... Патша үкіметі жалпықазақ хандығы болуын мойындамау арқылы Қазақ мемлекетінің аумақтық тұтастығын бұзып, бірлігін ыдырата бастады (Қабылдинов et al., 2018, 33-34 бб.).

Бұл нарративте Ресей империясының қазақ жеріне енуі қазақ мемлекеттілігі мен кеңістігінің тұтастығына тікелей қауіп ретінде сипатталады. Қазақ-жоңғар соғыстарының салдарын пайдаланып, патша үкіметінің қазақ даласына қарай экспансия жасауы қазақтардың біртіндеп тәуелсіздігін жоғалтуымен байланыстырылады. Мұнда отарлық саясат тек саяси бағындыру ретінде емес, территориялық ыдырау мен онтологиялық тұрақсыздандыру құралы ретінде көрсетіледі: біртұтас кеңістік бөлшектеніп, ұлт бірлігі әлсірей бастайды. Мемлекеттіліктің ресми түрде мойындалмауы тарихи субъект ретінде қазақтардың болмысын тұтастықтан айыру әрекеті ретінде интерпретацияланады. Онтологиялық қауіпсіздік тұрғысынан алғанда, мұндай жағдай «біз кімбіз?» деген ұжымдық сұрақты бұлдыратып, кеңістікпен байланысты бірегейлікті әлсіретеді. Осылайша, бұл репрезентация оқушыға қазақ жерінің отарлануы тек материалдық немесе саяси процесс қана емес, бүлінген тұтастық пен сабақтастықтың онтологиялық дағдарысы екенін түсіндіреді.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында оқу бағдарламалары мен оқулықтардың жанартылғанына қарамастан, «Мектеп»

және «Атамұра» баспасынан шыққан 8-сынып оқулықтарында Ресейді кеңестік түсіндірудің ізі әлі де бар. Қазақстанның Ресейге қосылуы туралы пікірталас негізінен Ресей империясының Орталық Азиядағы саясатын атап көрсете отырып, кеңестік нарративке сүйенеді. Мысалы, Қабылдинов және басқалар Қазақстанның Ресейге қосылуына қазақ хандары мен сұлтандары арасындағы билік үшін өзара тартыс, сондай-ақ Әбілқайыр ханның жеке мүдделері сияқты ішкі мәселелер себеп болғанын айтады (Қабылдинов, Қалиев, және Бейсембаева, 2018, 30-31 бб.).

Бұл түсіндірмеде қазақ билеушілерінің Ресеймен жақындасуды сыртқы қауіп-қатерлерге байланысты және өз позицияларын нығайту мақсатында өздері бастады деген ойға баса назар аударылады. Сонымен қатар, мәтінде әңгіме тәуелсіздіктен айырылу емес, керісінше әскери одақтас іздеу болғаны айтылған. Бұл Ресей империясының Орталық Азиядағы экспансиясын негіздеуге тырысқан және бұл процестің «ерікті» сипатын атап көрсеткен кеңестік тарихнамаға тән.

Өз сұхбатында тарихшы анонимді ақпарат беруші №1 (Анонимді ақпарат беруші №1, 9 ақпан 2024 жылғы) «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында әзірленген жаңартылған оқулықтар Қазақстанның Ресей империясына қосылуының «ерікті» сипатына сілтемелерді толығымен жойды деп мәлімдеді. Алайда, бұл сөздердің жоқтығына қарамастан, оқулық талдауының нәтижелері Ресеймен өз еркімен жақындасу идеясына баса мән беретінін көрсетеді. Жазылымы өзгергенімен, Қазақстанның Ресей империясына қосылуын негіздеу және Әбілқайыр ханның жеке рөліне баса назар аудару сияқты кеңестік тарихнаманың негізгі элементтері әлі де мәтіндерде сақталған. Бұл Қазақстандағы тарихты оқытудың бөлігі болып қалуы мүмкін белгілі бір қалыптасқан түсіндірулердің сақталуын көрсетеді.

1731 жылдың 10 қазан күні Әбілқайыр хан, бірқатар сұлтандар және ірі билер мен батырлардың шағын тобы Ресей империясының қол астына өту туралы ант қабылдады ... Бірінші болып Әбілқайыр хан, одан соң оның төңірегіндегілер ант қабылдады ... Ресейдің қол астына өтуі, міне, осылай басталды (Қабылдинов, Қалиев, және Бейсембаева, 2018, 32 б.).

1731 жылғы Әбілқайыр хан бастаған топтың Ресей империясына ант беруі қазақ мемлекеттілігі тарихындағы бетбұрыс сәті ретінде сипатталады. Мұнда назар тек саяси шешімге ғана емес, осы актінің ұжымдық және символикалық сипатына да аударылады. Осылайша, тәуелділік бір сәттік емес, жүйелі түрде енгізілген саяси бағыныштылықтың басы ретінде түсіндіріледі. Онтологиялық қауіпсіздік тұрғысынан алғанда, бұл оқиға қазақтардың саяси субъект ретіндегі тұтастығына тікелей қауіп төндіріп, кеңістіктің де, мемлекеттіліктің де толыққанды иесі болу сезімін әлсіретеді. Оқулықтағы «міне, осылай басталды» деген тұжырым бұл үрдісті қайтымсыз және тағдырлы сәт ретінде бейнелейді. Мұндай нарратив оқушы санасында жоғалту сезімі мен тарихи трагедияның бастапқы нүктесін қалыптастырады, ал территория бұл жағдайда бұрынғы егемендіктің шекарасы мен отарлық тәуелділіктің бастауы ретінде репрезентацияланады.

Қазақ элитасы қосылуды мемлекеттіліктің жоғалуы деп санамады деген тұжырым Ресейдің отаршылдық әрекеттерін сынауды жеңілдетуге қызмет етеді. Осылайша, Орталық Азиядағы ресейлік отарлау XVIII–XIX ғасырлардағы басқа еуропа елдерінің отаршылдық науқандары туралы кеңірек дискурстардан алшақтап қалды. Осыған ұқсас әңгімелер Омарбеков (2018а, 25 б.) және Жандосованың (2019, 157 б.) оқулықтарында кездеседі, олар Ресейге қосылу туралы шешім империяның мәжбүрлеу актісі емес, билікті қорғау және тұрақтандыру қажеттілігінен туындаған стратегиялық қадам екенін атап көрсетеді. Осылайша, Қазақстанның биографиялық нарративінде Ресей қазақ мемлекетінің өзін-өзі қабылдауы мен сыртқы саясатына елеулі әсер ететін көрнекті сыртқы референт ретінде көрінді. Ресей қазақ ұлттық санасының ажырамас бөлігіне айналды.

Биографиялық нарратив бойынша, бұл жағдайда қазақ даласын әскери отарлау басталып, Ресей империясы бұл аймаққа орыстар мен басқа халықтардың қоныс аударуымен бірге аумақты бақылауды нығайту әрекетін күшейтті. Бұл демографиялық жағдайдың өзгеруіне әкеліп соқты және жергілікті халық үшін жаңа экономикалық және әлеуметтік шындықтарды тудырды. Мемлекет тәуелсіздігінен айырылу қаупі төнген қазақ

тар отарлау әрекеттеріне белсенді түрде қарсы тұра бастады, бұл наразылық пен көтерілістің әртүрлі формаларына ұласты.

Биографиялық нарративте XVIII ғасырдағы Абылай ханның рөліне ерекше мән берілген. Абылай хан өз тарихындағы ең аласапыран кезеңдердің бірінде қазақ халқын басқарған шешуші тұлға ретінде бейнеленген. Жоңғарлардың да, ресейдің экспансиясының да қауіп-қатерлеріне тап болған Абылай хан қазақ мемлекетінің тәуелсіздігін сақтау үшін күрделі геосаяси міндеттерді сәтті шешті. Оның басшылығымен әр түрлі қазақ тайпаларын біріктіру және дипломатияны әскери күшпен теңестіру қабілеті оны ұлттық қаһарман дәрежесіне көтерді. Абылай ханның мұрасы бірліктің, төзімділіктің және қазақ халқының егемендікке деген мызғымас ұмтылысының символы ретінде қарастырылады. Ол үлкен қысым кезінде қазақ мемлекетінің өмір сүруін қамтамасыз еткен көшбасшы ретінде бейнеленген.

Абылай патша өкіметімен де, Қытаймен де бейбіт қатынастарды сақтауға күш салды. Ол өзінің бодандықты мойындайтынын мәлімдегенімен, іс жүзінде екі империяға да бағына қоймаған. Бұл – қазақ елін күшті жаулардан сақтау үшін Абылайдың қолданған саясаты еді. Осылайша ол патша өкіметімен қақтығыста Қытайдан қолдау тапса, ал Қытаймен қарым-қатынас ауырлап кеткенде Ресейдің қолдауына сүйеніп отырды (Омарбеков et al., 2018, 35-36 бб.).

Абылай ханның Қытай мен Ресей арасындағы тепе-теңдікті сақтауға бағытталған саясаты қазақ мемлекетінің сол кезеңдегі экзистенциалды қауіптерге қарсы онтологиялық жауап ретінде көрсетіледі. Оқулық бұл әрекетті егемендікті формалды түрде шектеуге келісу арқылы реалды кеңістіктік және саяси автономияны қорғау деп сипаттайды. «Бодандықты мойындаса да, бағына қоймаған» деген тұжырым қазақ билігінің тек бағынышты объект емес, агенттігі бар ұжымдық субъект екенін көрсетеді. Екі империя арасындағы шекаралық кеңістікте өмір сүріп жатқан халық үшін Абылайдың осындай саясат жүргізуі – онтологиялық қауіпсіздікті сақтау амалы: кеңістіктің бөлшектеуіне жол бермеу, егемендікті ресми түрде болмаса да бейресми түрде ұстау. Осылайша, территория тек географиялық орын ғана

емес, стратегиялық тепе-теңдік алаңы ретінде репрезентацияланады, ал мемлекеттілік – сыртқы қысымға бейімделе отырып, ішкі тұтастықты сақтаудың динамикалық формасы ретінде түсіндіріледі.

Нарративте Абылай ханның өлімімен Қазақ хандығы үшін салыстырмалы тұрақтылық пен бірлік дәуірінің қалай аяқталғаны туралы егжей-тегжейлі баяндалған. Орталық биліктің әлсіреуімен қазақ рулары арасындағы ішкі алауыздық пен қайшылықтар күшейіп, аймақты одан әрі тұрақсыздандырды. Бұл ішкі бытыраңқылық Ресей империясының өз бақылауын орнатып, қазақ жерлерін кеңейіп келе жатқан билігіне біріктіруді жеңілдетті (Омарбеков et al., 2018, 55 б.).

Сонымен қатар, оқулықта әртүрлі қазақ басшылары мен қауымдастықтарының Ресейдің қол сұғушылықтарына қарсылық көрсету әрекеттері көрсетілген. Осы күш-жігерге қарамастан, Ресей отаршыл күштерінің тынымсыз ілгерілеуі және империяның стратегиялық «бөліп ал да, билей бер» тактикасы түптеп келгенде Қазақ хандығының өзіне бағынышты болуына әкелді. XIX ғасырдың ортасына қарай Ресей империясы қазақ жерлеріне өз бақылауын мықтап орнатып, қазақ тәуелсіздігінің аяқталып, отаршылдық биліктің жаңа тарауының басталғанын білдіреді (Омарбеков et al., 2018, 58-82 бб.).

8-сыныптың «Қазақстан тарихы» оқулықтарында XVIII–XIX ғасырлардағы қазақ көтерілістерін «Ұлт-азаттық қозғалыс» ретінде сипаттай отырып, Қазақстандағы Ресейдің отаршылдығына қарсы наразылықтар мен көтерілістерге толығырақ шолу жасалады.

Ресей империясы XIX ғасырдың бірінші жартысында Қазақстан аумағындағы отаршылдық іс-әрекеттерін күшейте түсті. Бұл қазақтардың жерін тартып алу барысында айқын көрінді ... Жаңа аймақтың аумағына әскери адамдар мен казактар, Ресейден қоныс аударып келген шаруалар орналастырылды. Мұның өзі төзімі таусылған жергілікті қазақтарды ашықтан-ашық қарулы көтеріліске шығуға итермеледі ... көтерілістер жеңіліс тапқанымен, қазақ халқының ұлт-азаттық күресі тарихында ерекше орын алады (Кабулдинов, Калиев және Бейсембаева 2018, 64 б.).

XIX ғасырдың бірінші жартысында Ресей империясының қазақ даласындағы отаршылдық әрекеттерінің күшеюі кеңістіктік үстемдіктің күшеюімен қатар, қазақ халқының онтологиялық қауіпсіздігіне тікелей қатер төндірген тарихи кезең ретінде сипатталады. Жердің тартып алынуы – тек экономикалық ресурстан айырылу емес, тарихи-мәдени және символдық кеңістіктен ығыстырылу әрекеті ретінде бейнеленеді. Жаңа қоныс аударушылар – әскери адамдар, казактар, орыс шаруалары – жергілікті қазақтар үшін кеңістіктегі «өз» және «өзге» шекараларын бұзушы агенттерге айналады. Мұндай отаршылдық саясат қазақ халқын тек материалдық тұрғыда ғана емес, рухани және идентификациялық тұрғыда да ығыстырып, қарулы қарсылыққа итермелейді. Көтерілістердің жеңіліс табуына қарамастан, олар кеңістікті қорғау мен ұлт ретінде сақталудың әрекеті ретінде репрезентацияланады. Бұл жағдайда территория – тек экономикалық ресурс емес, бірегейлікпен өзара байланыстағы тарихи және символдық құндылық, ал оны қорғау – онтологиялық тіршілік үшін күрес. Сондықтан ұлт-азаттық көтерілістер тарихы – отарлық үстемдік жағдайындағы кеңістіктік «менді» сақтап қалудың жолы ретінде маңызға ие болады (Омарбеков et al., 2018, 79 б.). Алайда, Жандосованың (2019, 153 б.) 10-сыныпқа арналған «Қазақстан тарихы» оқулығында XVIII–XIX ғасырлардағы қазақтардың наразылықтары мен көтерілістері «Мемлекеттік егемендікті қалпына келтіру жолындағы қазақ халқының күресі» ретінде берілген.

Сұлтан Кенесары Қасымұлы шашыраңқы күштерін біріктіре алды ... Ол патша әскерлеріне қарсы он жылдай күресті ... Көтеріліс басталған кезде Кенесары көптеген жеңіске жетті ... Орыс әскерлерінің Ұлы Далаға жазалаушы жорықтары біраз уақытқа тоқтатылды ... 1841 жылы Кенесары Қасымұлы хан болып сайланып, Қазақ мемлекеттілігі қалпына келтірілді (Жандосова, 2019, 165 б.).

Кенесары Қасымұлы бастаған көтеріліс оқу мәтінінде қазақ мемлекеттілігінің символдық және саяси қалпына келу сәті ретінде ұсынылады. «Шашыраңқы күштерді біріктіру», «хан болып сайлануы», «қазақ мемлекеттілігі қалпына келтірілді» деген сөйлем тіркестері мемлекеттілік тек саяси құрылым емес,

бірегейліктің онтологиялық тірегі екенін білдіреді. Бұл репрезентация кеңістікті қайтару, біріктіру, қорғау арқылы жоғалған егемендікті қалпына келтірудің әрекеті ретінде қарастырылады. Орыс әскерлерінің жаза жорықтарының уақытша тоқтатылуы да кеңістікке бақылауды қайтару мен онтологиялық қауіпсіздікті орнату ретіндегі жеңіс ретінде сипатталады. Кенесары көтерілісінің «көптеген жеңіспен» басталуы оның батырлық легитимдігін, ал хан сайлануы саяси субъект ретіндегі толыққанды статусын көрсетеді. Осылайша, бұл нарратив Кенесары хан тұлғасында қазақ ұлтының өзін-өзі тану, бірігу және кеңістіктегі орнына қайта ие болу ұмтылысын бейнелейді. Бұл онтологиялық қауіпсіздіктің классикалық механизмі: бұрынғы саяси реттілікті, тарихи шекараны және ішкі тұтастықты қалпына келтіру арқылы «біз кіміз?» деген сұраққа сенімді жауап беру.

Ұжымдық биографиялық нарративте Ресей отарлауына қарсы наразылықтар мен көтерілістер ХХ ғасырдың аяғында тәуелсіздіктің жойылуынан бастап оның қалпына келтірілуіне дейінгі ұлттық күрестің сабақтастығын атап көрсететін қазақ қарсыласу тарихындағы маңызды кезең Сырым Датов, Кенесары Қасымов және басқа да көсемдер бастаған көтерілістер қазақ халқының өз мемлекеттілігі мен егемендігін сақтауға ұмтылысының символына айналды. Олар Қазақстанның ғасырлар бойы отарлау әрекеттеріне және тәуелсіздігін басып-жаншу әрекеттеріне тойтарыс берген ұлт ретіндегі имиджін қалыптастыруға ықпал ететін сыртқы қауіп-қатерлерге қарсы күрес дәстүрінің жалғасы ретінде көрсетілген. Сондай-ақ, бұл нарратив ұлттық бірегейлікті қалыптастыру үдерісінде, тарихи сабақтастық пен тәуелсіздік үшін күресті көрсетуде және қазіргі жағдайда елдің онтологиялық қауіпсіздігін нығайтуда маңызды рөл атқарады.

Қазақстанның ХХ ғасырдағы тәжірибесі туралы нарратив 9, 10 және 11-сынып оқулықтарының басты назарында. Бұл кезеңдегі биографиялық нарратив қазақтардың өз елінің тәуелсіздігі үшін күресін көрсетуге тырысты. Оқулықтарда Кеңестік кезеңде Қазақ мемлекеті Кеңес Одағы құрамында Кеңестік Қазақстан болып сақталып қалды. 9-сыныпқа арналған тарих оқулығында баяндау «Алаш» қазақ ұлттық қозғалысының Ресей Социалис-

тік Федеративтік Кеңестік Республикасы (РКФСР) құрамында казактың ұлттық мемлекеттілігін құру әрекеттерінен басталады.

Биографиялық нарративте Қазақстанның XIX ғасырда Ресей империясының құрамына еніп, ақырында Кеңес Одағының құрамына кіргеніне қарамастан, қазақ мемлекеттілігі ешқашан толығымен жойылған деп саналмайды. Керісінше, оқулықтардағы нарратив қазақ бірегейлігі мен саяси құрылымдарының кеңестік кезеңде де басқа формада болса да сақталғанын меңзейді. Нарратив кеңестік Қазақстанды КСРО құрамындағы республика ретінде мұқият көрсетіп, казактардың өзіндік ұлттық болмысын сақтағанын алға тартады. Бұл құрылым Кеңестік Қазақстанды бағындырылған отар ретінде емес, үлкен саяси шеңбердегі қазақ мемлекеттілігінің сабақтастығы ретінде көрсетеді. Бұл интерпретация кеңестік кезеңге дейінгі Қазақстан мен қазіргі тәуелсіз мемлекет арасындағы тарихи алшақтықты жоюға көмектеседі, тіпті Кеңес Одағы кезінде де қазақстандық саяси құрылымның үздіксіз болғанын атап көрсетеді. Дегенмен бұл ұмтылыстар большевиктер партиясының саяси мүдделеріне сәйкес келмеді. 1917 жылы желтоқсанда Алаш-Орда Үкіметінің басқаруындағы Қазақ облыстарының автономиясы жарияланып, РКФСР құрамынан шығуға шешім қабылданды. Алайда автономияны құруға Кеңестік Ресей қарсы болды және оның жойылуына әкелді (Оскембаев et al., 2019, 76-80 бб.).

1920 жыл Кеңес өкіметі ... РКФСР-дің құрамында, астанасы Орынбор қаласында болатын «Қырғыз (Қазақ) Автономиялы Кеңестік Социалистік Республикасын құру туралы» Декрет жариялады. Қазақ АКСР-ін құру туралы Декрет Қазақстан аумағын анықтады ... Қазақ АКСР-інің құрылуы казактар мекендеген барлық жерлерді біріктіру мәселелесін қойды ... Қазақ халқының аумақтық бірігуі мемлекеттілікті нығайтып, республиканың экономикалық және мәдени дамуы үшін маңызы зор болды. Қазақ АКСР-інің құрылуы халқымыздың тарихындағы аса маңызды оқиға болып саналады (Қабылдинов, Шаймерденова, Куркеев, 2019, 70-75 бб.).

1920 жылдары Қазақ АКСР-інің құрылуын сипаттайтын бұл нарратив кеңестік биліктің шеңберінде жүзеге асқанымен, оқу

материалында ол қазақ ұлтының аумақтық тұтастығын қалпына келтіру және саяси танылуын қамтамасыз ету жолындағы маңызды қадам ретінде репрезентацияланады. Атап айтқанда, Декреттің жариялануы тек әкімшілік реформа емес, кеңістікті тарихи және этникалық негізде біріктіру талпынысы ретінде ұсынылады. «Қазақтар мекендеген барлық жерлерді біріктіру» мәселесінің көтерілуі кеңістіктегі этнос пен территория арасындағы байланыс идеясын қолдайды. Бұл – кеңістіктік символдық тұтастықты қалпына келтіру арқылы мемлекеттіліктің тарихи жалғастығы мен заңдылығын мойындату әрекеті. Онтологиялық қауіпсіздік тұрғысынан алғанда, бұл кезең қазақ қоғамы үшін ұзақ отарлық күйзелістен кейінгі “қайта жинақталу” сәті ретінде бейнеленеді: тарихи субъект ретінде танылу, нақты территориямен байланыс орнату, және осы негізде мәдени-экономикалық даму мүмкіндігін алу. Осылайша, Қазақ АКСР-інің құрылуы мемлекеттілік пен кеңістіктің арасындағы байланысты қалпына келтіріп, ұлттың өзін-өзі тану мен бірегейлігін сақтау үдерісін заңдастыратын тарихи оқиға ретінде түсіндіріледі.

Бұрынғы Қазақ облыстары автономиясының аумағында 1924 жылы РКФСР құрамында 1936 жылға дейін өмір сүрген Қазақ Автономиялық Кеңестік Социалистік Республикасы (ҚАКСР) құрылды. 1936 жылғы КСРО Конституциясына сәйкес ҚАКСР Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы (Қазақ КСР) болып қайта құрылды, бұл кеңес жүйесіндегі қазақ мемлекеттілігін мойындатудағы маңызды қадам болды. 10-сыныпқа арналған тарих оқулығындағы «Қазақ мемлекеттілігінің кеңестік формасы» бөлімінде нарратив кеңестік кезеңді тәуелсіздік алу үдерісімен байланыстыратын біртұтас тарихи траекторияның құрамдас бөлігі ретінде берілген.

1936-1991 жылдар – Қазақстанның кеңестік республикалық мемлекеттілік кезеңі. Республика федерация субъектісіне айналды және формальды-заңдық жағынан егеменді мемлекет ретінде дами бастады ... Алайда нақты өмірде республиканың егемендігі іске асырылған жоқ ... Қазақ КСР-інің егемендігі шектелді ... Өз конституциясы бар Қаз КСР-інің құрылуы ұлттық егемендікті қалпына

келтірудің келесі бір сатысына айналды ... Кеңестік қазақ мемлекетінің құрылуы болашақта ұлттық егемендік пен тәуелсіздікке ие болудың мүмкіндігін жасады (Жандосова, 2019, 183-185 бб.).

Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының 1936 жылдан 1991 жылға дейінгі өмір сүру кезеңі биографиялық нарративте қазақстандық мемлекеттіліктің дамуының формальды-институттандырылған кезеңі ретінде ұсынылған. Нақты саяси тәжірибеде көрсетілген егемендіктің шектелуіне қарамастан, республиканың КСРО құрамында болу фактісі және оның өз конституциясының болуы ұлттық субъективтілікті қалпына келтіру кезеңі ретінде түсіндіріледі. Республика формалды түрде федерация субъектісі болып жарияланғанымен, мәтінде нақты өмірде егемендіктің жүзеге аспағаны, шынайы дербестіктің шектелгені атап көрсетіледі. Онтологиялық қауіпсіздік тұрғысынан бұл кезеңді ұлттық «менді» ішінара тану кезеңі деп түсінуге болады, онда шынайы автономия болмаса да, бірегейліктің институттық көрінісі сақталады. Осылайша, нарратив Қазақ КСР тәуелсіздік жолындағы аралық, бірақ қажетті кезең ретінде түсінуді қалыптастырады. Ал бұл өз кезегінде тәуелсіздікке көшуге психологиялық және құрылымдық дайындық жасаған тарихи кезең ретінде ұсынылады.

5.3 Тәуелсіздікке қол жеткізу туралы нарратив

Қорытынды биографиялық нарративте КСРО ыдырағаннан кейінгі 1991 жылы Қазақстанның тәуелсіздігін қалпына келтіру қарастырылады. Аяған және басқалары (Аяған et al., 2019, 77 б.) жазған 9-сынып «Қазақстан тарихы» оқулығында Қазақстанның тәуелсіздігінің алғашқы жылдары «Қазақстан мемлекеттілігінің қайта жаңғыруы» деген тараумен басталады. Тәуелсіздік жаңа нәрсенің басталуы ретінде емес, айырылып қалған немесе сабақтастығы үзілген мемлекеттілікке оралу, яғни онтологиялық қалпына келтіру ретінде түсіндіріледі. Оқулық мемлекеттіліктің қайта жаңғыруына арқау болған Желтоқсан оқиғасын былай сипаттайды:

Желтоқсан қозғалысы – ұлт-азаттық тарихында ерекше орын алады. Бұл ұлттық рухтың жаңғыру, қайта түлеу кезеңінің басы болды. Ұлт-азаттық қозғалыс жаңа сатыға көтерілді. Ол бүкіл халықтың рухани өміріне әсер етіп, ұлттық сананы өсірді, ұлттық рухты жандандырды.

Бұл қозғалыс Одақтың құлдырауына, ыдырауына әкелді. КСРО-ны құрушы республикалардың бөлініп шығып, мемлекеттік тәуелсіздігін жариялауына жеткізді. Сөйтіп, Желтоқсан қозғалысы республика шеңберінен асып, еуразиялық сипат алды (Аяған et al., 2019, 78 б.).

Желтоқсан қозғалысы оқу дискурсында ұлттық рухтың ояну сәті және мемлекеттілікке символдық оралудың басталуы ретінде бейнеленген. Ол «рухани жаңғыру» кезеңі, яғни ұлттық бірегейлікті жаңарту және қайта түсіну кезеңі ретінде айқындалады. «ұлттық сана», «ұлттық рухты жандырады» сияқты тұжырымдар арқылы оқулықта көтерілістің жай ғана саяси наразылық емес, халықтың өзін тәуелсіз субъект ретінде жариялаған экзистенциалды әрекеті екендігі баса айтылады. Қозғалыс Кеңес империясының ыдырау процесін бастаған және республикалардың егемендігіне әкелген тарихи тұрғыдан кері қайтпайтын оқиға ретінде түсіндіріледі. Тәуелсіздікке көшу әкімшілік акт ретінде емес, 1986 жылы желтоқсанда басталған рухани азаттық жолының заңды жалғасы деп түсініледі. Осылайша, Желтоқсан оқиғасы оқулықта аумақ, халық және саяси ерік қайтадан біртұтас тұтастыққа тоғысатын қазіргі мемлекеттіліктің символдық негізі мәртебесін алады.

Аяғын және басқаларының 9-сыныбына арналған «Қазақстан тарихы» оқулығында «Уақыт сызығы» деп аталатын кесте мен тапсырма берілген (**1-сурет**). Тапсырмада Қазақстанның тәуелсіздігіне жетуінде маңызды оқиғалар тізбегі берілген. Уақыт сызығы хронологиялық ғана емес, сонымен қатар дискурсивтік-қалыптастырушы рөл атқарады. Яғни оқушыларда арасында қазақстандық мемлекеттіліктің қалыптасу үдерісі туралы тұтас түсінікті қалыптастыруға ықпал етеді.

Кестеде төрт негізгі жылды, яғни 1920, 1936, 1990 және 1991 жылдарды қамтиды және осылайша қазіргі Қазақстан мемлекетінің қалыптасуының үдемелі, қисынды аяқталған тарихы-

ның бейнесін қалыптастырады. Оқушылар бұл тізбекті басқа маңызды жылдар және оқиғалармен толықтыруға болады, бұл оларды өз білімдерін мемлекет мақұлданған нарративпен ұштастыруға итермелейді. Онтологиялық қауіпсіздік тұрғысынан алғанда, мұндай құрылым қазіргі тәуелсіздік жаңадан пайда болған дүние емес, автономия, одақтық республика, егемендіктің жариялануы, сайып келгенде, құқықтық тәуелсіздік кезеңдерін бастан өткерген қазақ мемлекеттілігінің бірте-бірте институттандырылуының нәтижесі деген пікірді тұрақтандыруға мүмкіндік береді.

Уақыт сызығы

1920 жыл 26 тамыз	1936 жыл 5 желтоқсан	1990 жыл 25 қазан	1991 жыл 16 желтоқсан
Қырғыз (Қазақ) Автономиялы Кеңестік Социалистік Республикасын құру туралы декрет жарияланды	1936 жылы 5 желтоқсанда КСРО Конституциясы қабылданып, РКФСР-ден бөлінген Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы (Қазақ КСР-і)	1990 жылғы 25 қазанда Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі «Қазақ КСР-інің Мемлекеттік егемендігі туралы» Декларация қабылдады	Қазақстан Республикасы Жоғары Кеңесінің «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Тәуелсіздігі туралы» ҚР Конституциялық Заңы қабылданды

1-тапсырма. Уақыт сызығын қолданып, Қазақстанның Тәуелсіздігін жариялау жолындағы тағы қандай маңызды жылдары мен оқиғалары бар екенін анықтандар.

1-сурет. Оқушыға арналған тапсырма (дереккөз: Аяған et al., 2019, 86 б.)

Қазақ мемлекеттілігінің қалпына келуін Желтоқсан көтерілісінен 1991 жылғы 16 желтоқсандағы тәуелсіздік жарияланғанға дейін және одан кейінгі кезеңдерді байланыстыра оты-

рып, нарратив оқушылардың бойында мақтаныш сезімін және тарихи сабақтастықты қалыптастыруды көздейді. Олар бұл кезеңді оқиғалар тізбегі ретінде ғана емес, Қазақстанның заманауи болмысын қалыптастырған терең трансформация ретінде түсінудің маңыздылығын атап көрсетеді. Бұл биографиялық нарратив арқылы оқушылар өз ұлтының өткенімен және оның болашағына деген адалдығымен терең байланыста бола отырып, өзінен бұрынғылардың құрбандары мен күрестерін бағалауға шақырады. Бұл нарратив 10 және 11-сыныптың оқулықтарында әрі қарай жалғасын тапты. Тәуелсіздік жылдарында мемлекеттің нығаюындағы Н.Ә. Назарбаевтың рөліне ерекше тоқталды.

1991 жылдан бастап Қазақстан Республикасы тәуелсіз мемлекет ретінде дамып келеді. Ұлттық мемлекеттіліктің нығаюы өз жалғасын тапты. Ұлт көшбасшысы – мемлекеттік басқарудың қазақстандық моделін қалыптастырудың факторы. Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың қазақстандық мемлекеттілікті қайта өрлетуіндегі рөлі өте зор. Оның жүргізген сындарлы саясаты жаңа Қазақстан құрылысының тиімді құралына айналды (Жандосова, 2019, 183-187 бб.).

1991 жылдан кейінгі кезең оқу мәтінінде Қазақстанның тәуелсіз мемлекет ретінде дамуымен қатар, ұлттық мемлекеттіліктің тарихи жалғастығы мен қайта жаңғыруының заңды нәтижесі ретінде сипатталады. Бұл дискурста мемлекеттілік тек құрылымдық емес, онтологиялық деңгейдегі құндылық ретінде қарастырылады: кеңістік, билік және ұлттық болмыс қайтадан біртұтас жүйеге айналады. Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың рөлі мемлекеттілікті қайта қалыптастырудағы шешуші фактор ретінде бейнеленіп, оның саясаты жаңа ұлттық жобаның институционалдық және символикалық тірегі ретінде ұсынылады. Мұнда «қазақстандық басқару моделі» ұғымы мемлекеттілікке тән ерекше жолдың қалыптасқанын білдіреді, бұл өз кезегінде тәуелсіздік жағдайындағы ұлттың онтологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ететін саяси архитектура ретінде түсіндіріледі. Осылайша, Қазақстан Республикасының тәуелсіздік кезеңіндегі дамуы оқу материалында тарихи үзілісті еңсеріп, тұрақты «біз»

бейнесін бекітуге бағытталған онтологиялық реконструкция ретінде репрезентацияланады. Әрі қарай биографиялық нарративте мемлекеттің өткеніне шолу жасалып, бүгінгі тәуелсіздік кезеңмен байланыстырылып түйін жасалады.

XVIII–XIX ғасырларда мемлекеттік тәуелсіздігін жоғалтқан қазақ этносы жер бетінен жоғалып кеткен жоқ. Ұлт-азаттық күрес ұлттың мәдени-генетикалық кодын сақтауға көмектесті. Тіпті кеңестік уақыттағы көшпелілік өркениет негіздерін жоғалтуға және орасан демографиялық шығындарға байланысты қасірет қазақ халқының сағын сындырған жоқ. 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасы қазақ халқының ұлттық тәуелсіздікке деген ұмтылысы күшті екендігін көрсетті. Қазақстанның тәуелсіздігі заңды құбылыс болып табылады. КСРО құрамындағы Қазақ КСР-ның шекаралары қазақтардың этникалық аумағының негізінде құрылды ... Еліміздегі мемлекетті құрушы ұлт – қазақтар ... Бұл қазақ мемлекеттілігінің қайта өрлеуін білдіреді ... Қазақстан Республикасы қазақ мемлекеттілігінің дәстүрін мұраға алды, бірақ ол ортағасырлық Қазақ хандығына ұқсамайды ... Қазақстан заманауи мемлекетке айналды (Жандосова, 2019, 191-192 бб.).

Бұл мәтінде Қазақстанның тәуелсіздігін жариялауы кездейсоқ тарихи оқиға емес, ұлттың үзілмеген тарихи болмысы мен отарлық кезеңдегі қарсыласу тәжірибесінің заңды нәтижесі ретінде түсіндіріледі. XVIII–XIX ғасырларда мемлекеттік тәуелсіздігін жоғалтқанына қарамастан, қазақ этносының жер бетінен жоғалмағаны, керісінше, ұлт-азаттық күрестер мен мәдени жады арқылы өзінің онтологиялық негізін сақтап қалғаны ерекше аталады. Кеңестік кезеңдегі көшпелілік өркениетінің ыдырауы мен демографиялық қасіреттер де бұл болмысты жоя алмағаны – онтологиялық тұрақтылықтың дәлелі ретінде ұсынылады. Желтоқсан оқиғасы осы рухани тұтастықтың жаңғыру сәті ретінде сипатталады. Сонымен қатар, Қазақстанның тәуелсіздігін жариялауы – этникалық аумақ шеңберінде жүзеге асқан заңды процесс ретінде түсіндіріледі. Бұл ретте «мемлекетті құрушы ұлт – қазақтар» деген сөз тіркесі мемлекеттілік пен этнос арасындағы символдық байланысты күшейтіп, тарихи

сабақтастық идеясын нығайтады. Қазақ мемлекеттілігі мұра ретінде алынып, жаңа сапалық мазмұнда жаңғыртылды деген тұжырым Қазақстан Республикасын заманауи, егемен және тарихи тұрғыда легитимді ұлттық мемлекет ретінде сипаттайды. Бұл – онтологиялық қауіпсіздікті толыққанды нығайтатын ұжымдық биографиялық нарратив.

Онтологиялық қауіпсіздік мәселесі өткен және бүгінмен ғана шектелмейді, болашақпен де тікелей байланысты. Қазақстан тарихы оқулықтарындағы биографиялық нарративтер мемлекеттіліктің болашағына қатысты түсініктерді қалыптастырады. Осылайша өткен, бүгін және болашақ арасында байланыс орната отырып, оқушылардың мемлекеттің болашағына қатысты үрейін бәсеңдетіп, сенімін нығайтады. Оқулықтарда биографиялық нарратив мемлекеттің болашағына қатысты стратегиялар, даму және ұлттық идеологиялық бағдарламалары арқылы жалғасады.

Кез келген мемлекет өз дамуының негізгі бағыттарын алдын ала айқындап алуы керек. Негізгі басымдықтарға сәйкес құрылған жүйелі бағдарламасыз алға қарай дамудың қиынға түсері анық ... Тұңғыш Президент Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан – 2030» даму Стратегиялық бағдарламасын ұсынды ... Стратегияда ұлттық қауіпсіздік бірінші орынға қойылды. Тәуелсіз мемлекетіміздің ұлттық қауіпсіздігі азаматтардың гүлденіп көркеюі мен жүргізіп жатқан реформамыздың табысқа жетуінің басты кепілі ... Елбасы даму стратегиясын белгілеуде келешек мүмкіндіктеріміздің қандай екенін, оның қалай жүзеге асатынын, қалай пайымдайтынын ортаға салып, халыққа сенім артты (Аяған et al., 2019, 114-115 бб.).

Мәтінде Қазақстанның стратегиялық дамуы ұлттық бірегейлік пен онтологиялық қауіпсіздікті нығайту үдерісінің құрамдас бөлігі ретінде берілген. Тұңғыш Президент Н.Ә. Назарбаевтың сабақтастықтың, тұрақтылықтың және болашаққа сенімнің кепілі ретінде ұсынылған. Бұл тұрғыда «Қазақстан-2030» стратегиясы әдеттегі мемлекеттік жоспарлау құжатының шеңберіне сыймайды. Ол постимпериялық және посттоталитарлық кезеңге өту контекстінде ұлттық аман қалу мен тұрақтылықтың

манифесі ретінде көрініс табады. Осылайша, Даму стратегиясы тек әлеуметтік-экономикалық болашақты ғана емес, сонымен бірге халықтың өзінің тұтастығына, агенттігі мен тұрақтылығына деген экзистенциалды сенімділігін сипаттайтын символға айналады. Тұңғыш Президент осы абстрактілі категорияларға белгілі бір форма беріп, беделді және тарихи тұрғыдан негізделген қайраткердің басшылығымен алға жылжып келе жатқан мемлекеттің бейнесін жасайды.

«Қазақстан-2050» Стратегиясында мемлекеттің болашағы көрініс тапты. Стратегияда «қалыптасқан мемлекет» деген жаңа ұғым қолданылды. Бұл өткен 20 жыл ішінде тәуелсіздіктің баянды болып, ел іргесі қаланып, Қазақстан әлемдегі 50 іргелі, мықты мемлекеттің бірі болды деген саяси тұжырым. Мемлекет басшысы енді бұл бағдарламада 30 елдің қатарына жеткізу міндетін қойды (Аяған et al., 2019, 153 бет).

«Қазақстан–2050» стратегиясы да оқу материалында тек әлеуметтік-экономикалық бағдарлама емес, тәуелсіз мемлекеттіліктің тұрақтылығы мен тарихи заңдылығын нығайтқан символ ретінде сипатталады. «Қалыптасқан мемлекет» ұғымының енгізілуі – өткен жиырма жылдық тәуелсіз даму жолының аяқталған, бекіген кезең екендігін көрсетуге бағытталған. Бұл арқылы Қазақстанның әлемдегі мықты 50 мемлекеттің қатарына енуі – оқушының санасында ұлттық жетістіктің өлшемі ретінде орнығып, тарихи жетістіктің онтологиялық дәлелі ретінде ұсынылады. Мемлекет басшысының ендігі міндет ретінде 30 іргелі елдің қатарына қосылу мақсатын қоюы – ұлттық даму логикасының үздіксіз әрі болашаққа бағытталған сипатқа ие екендігін білдіреді. Бұл стратегиялық мақсаттар тарихи сабақтастық, кеңістік тұрақтылық және ұлттық сенімділік сезімін нығайтуға қызмет етеді. Онтологиялық қауіпсіздік теориясы тұрғысынан алғанда, мұндай нарратив – мемлекеттіліктің аяқталғанын емес, үнемі дамиды тірі құрылым екендігі туралы сенімді орнықтырады. Стратегия болашақты жоспарлаудан бұрын, өткеннің маңыздылығын көрсетіп, бүгінгі мемлекеттілікке тарих, тәжірибе және миссиялық мән береді.

Қазақстан тарихы оқулықтарында хандық кезеңіне «Зар заман» кезеңіне, әрі қарай «Алаш Ордадан» қазіргі «Мәңгілік Ел» идеологиясына дейінгі қазақтың қоғамдық-саяси ой-пікірінің даму траекториясын бір ізді және сабақтас етіп көрсету ұмтылысы байқалады. Мұндай құрылым тәуелсіздік пен қазіргі заманғы мемлекет құрылымы КСРО-ның ыдырауының кездейсоқ нәтижесі емес, тарихи жолдың логикалық жалғасы екенін көрсету.

Қоғамның орнықты дамуы мен барлық азаматтардың бақытын қамтамасыз ететін тәуелсіз мемлекет құру туралы арман ретіндегі «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясының алғышарттары ұзақ ғасырлар бойында қаланды. Бұл арман түркі және қазақ ойшылдарының «Мәңгілік Ел» идеясы мен тәуелсіздік, бостандық, әділдік мен береке идеялары үйлескен мәтіндерінен орын тапқан. Қазақ ағартушылары мен Жаңа заманның революционер демократтары өмір заңын, тең құқықтық, бостандық, демократия, экономикалық және әлеуметтік прогресс анықтайтын тәуелсіз ұлттық мемлекет туралы армандады ... Тәуелсіз ұлттық қазақ мемлекеті туралы арман егемендік, одан кейін 1991 жылы Қазақстанның тәуелсіздігін жариялаумен жүзеге асырылды ... Елдің тәуелсіз даму эволюциясына «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық патриоттық идеясының қабылдануы мүмкіндік берді ... Жалпыұлттық идея негізінде ұлттың сан қилы оқиғалы өткен тарихы және қазіргі жасампаздығы мен жарқын болашағы жатыр ... «Мәңгілік Ел» болашаққа ұмтылған біздің мемлекеттің табысты даму векторын құрады (Жандосова, 2019, 247-251 бб.).

Биографиялық нарративте «Мәңгілік Ел» идеясы жай ғана заманауи мемлекеттік доктрина немесе стратегиялық бағдарлама ретінде емес, қазақ халқының ғасырлар бойы арман еткен еркіндігі, әділеттілігі мен тұрақты мемлекеттілігіне қатысты терең тамыр жайған өркениеттік архетип ретінде ұсынылады. Оқулық «Мәңгілік Ел» идеясын түркі ойшылдарының, XIX ғасыр ағартушыларының және XX ғасырдың басындағы революциялық-демократиялық қозғалыстың интеллектуалдық дәстүрінде ғасырлар бойы қалыптасқан тұжырым ретінде бейнелейді.

«Мәңгілік Ел» ұлттық бірегейліктің уақыттық өлшемін көрсетеді, яғни батыр бабалардың өткенін, жасампаз халықтың бүгінін және жас ұрпақтың жарқын болашағын біріктіретін интегративті метанарратив ретінде қызметін атқарады. Нарратив 1991 жылғы тәуелсіздікті тарихи жобаның жүзеге асуы ретінде көрсету арқылы революцияға дейінгі ұлт-азаттық армандар мен қазіргі мемлекеттілік арасындағы генеалогиялық сабақтастыққа назар аударады. Бұл контексте «Мәңгілік Ел» ұғымы жай ғана саяси метафора емес, ұжымдық бірегейлікті тұрақтандыратын онтологиялық тұғыр, ұлттық жобаны заңдастыратын символдық іргетас ретінде көрініс табады. Мемлекеттілік халыққа органикалық түрде тән бірегейліктің мәңгілік формасы ретінде қарастырылатын ұлттық қиялдың бұл формуласы тарихи сабақтастықты институттандыруға, отарлық өткеннің травмаларын еңсеруге және саяси өмір сүруге моральдық құқықты қамтамасыз етуге ұмтылатын постколониалдық қоғамдарға тән. Осы тұрғыдан алғанда, «Мәңгілік Ел» тек идеологема ғана емес, жаһандық өзгерістер мен модернизация жағдайында ұлттың символдық тұтастығын қамтамасыз ететін онтологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету құралы.

ҚОРЫТЫНДЫ

Осы зерттеуде Қазақстанда 2017–2021 жылдары қолданысқа енген жаңа буын тарих оқулықтарындағы қазақ мемлекеттілігі туралы биографиялық нарративтердің онтологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі рөлі талданды. Эмпирикалық база ретінде мектептің 6–11-сыныптарындағы «Қазақстан тарихы» пәні бойынша оқулықтар, сондай-ақ тарихшылармен, сарапшылармен және оқулық авторларымен жүргізілген жартылай құрылымдалған сұхбаттар пайдаланылды. Сапалық контент талдау арқылы тарихи нарративтерде қазақ мемлекеттілігінің үш негізгі кезеңі – Қазақ хандығы кезеңі, отарлық және кеңестік кезең, тәуелсіздік кезеңі – арқылы ұлттық бірегейлік пен территориялық тұтастық туралы тұрақты, сабақтастыққа құрылған тарихи түсінік қалыптастырылатыны анықталды.

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, оқулықтардағы биографиялық нарративтер тарихи сабақтастық сезімін қалыптастыруға көмектесіп, ұлттық бірегейлік пен мемлекеттіліктің легитимділігін нығайтады. Бұл нарративтерде қазақ жерінің байырғы, «ата-баба жері» ретінде сипатталуы, ата-бабаларымыздың жер мен мемлекетті сақтау жолындағы күресі, отарлық езгі мен кеңестік кезеңде жоғалған егемендікті қайта қалпына келтіру мотивтері ерекше орын алады. Мұндай тәсіл қазіргі Қазақстанның тәуелсіздігін кездейсоқ тарихи оқиға емес, ұзақ тарихи дамудың заңды нәтижесі ретінде көрсетуге бағытталған.

Оқулықтарда мемлекеттілік идеясы кеңістік және уақыттық тұрғыдан нақты негізделеді. Біріншіден, кеңістіктік аспектіде қазақ мемлекеттілігінің тарихи шекаралары нақты карталармен және тарихи сипаттамалармен бейнеленеді. Мысалы, Қазақ хандығының территориясы Ертістен Жайыққа дейін, Шу мен Талас алқаптарынан Сырдарияға дейінгі аумақтармен айқындалады. Бұл тәсіл қазіргі Қазақстанның шекараларын тарихи тұрғыдан легитимдеуге бағытталған. Екіншіден, уақыттық аспектіде қазақ мемлекеттілігі бір сәтте пайда болған құрылым емес, сақтар мен ғұндардан бастау алатын, түркі және моңғол империялары арқылы дамыған, Қазақ хандығында шоғырланған тарихи эволюцияның нәтижесі ретінде ұсынылады.

Зерттеу аясында Қазақстан тарихы оқулықтарының мазмұны тек білім беру құралы ғана емес, сонымен қатар онтологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің маңызды идеологиялық тетігі екендігі айқындалды. Бұл оқулықтарда қазақ халқының отарлық кезеңдегі күресі, ұлт-азаттық қозғалыстар (мысалы, Кенесары Қасымұлы көтерілісі), кеңестік кезеңдегі ұлттық езгі, сондай-ақ 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасы арқылы тарихи субъективтілік қалыптасады. Әсіресе Желтоқсан көтерілісінің тәуелсіздікке бастар жол ретінде сипатталуы, қазақ халқының тарихи бірегейлігі мен мемлекет құру қабілетіне деген сенімді нығайтады.

Қазақстанда соңғы онжылдықтарда Ресей тарапынан айтылған мәлімдемелер мемлекеттің онтологиялық қауіпсіздігіне тікелей сын-қатер ретінде қабылданды. Осы тұрғыда «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында тарих оқулықтарын қайта қарау, қазақ мемлекеттілігінің үздіксіздігін және территориялық легитимдігін көрсету – бұл ресми дискурстың онтологиялық қауіпсіздікке реакциясы ретінде түсіндірілуі мүмкін.

Сондай-ақ, зерттеуде анықталғандай, онтологиялық қауіпсіздікке ұмтылу көбінесе физикалық қауіпсіздікке байланысты үреймен тығыз байланысты. Қазақстан басшылығы үшін Ресейдің Грузия мен Украинаға қатысты әрекеттері, посткеңестік кеңістіктегі мемлекеттердің егемендігі мен территориялық тұтастығына нақты қауіп төндіретінін көрсетті. Мұндай жағдайда онтологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің басты құралы ретінде тарихи білім беру, әсіресе мектеп оқулықтары арқылы ұлттық биографияны күшейту басымдылыққа ие болды.

Қазақ мемлекеттілігі туралы нарративтерде тұрақтылық пен сабақтастық сезімі кең таралған. Оқулықтарда мемлекеттің болашағы туралы оптимистік көзқарас қалыптастыру үшін бұрынғы Президент Н. Назарбаевтың «Қазақстан-2030», «Қазақстан-2050» стратегиялық бағдарламалары, «Мәңгілік Ел» идеясы және біртұтас ұлттық бірегейлік туралы пайымдаулары беріліп отыр. Бұл элементтер қазіргі мемлекеттік идеологияның сабақтастығы мен халық санасындағы бірлігін қамтамасыз етуге бағытталған.

Оқулықтардағы репрезентациялар биік идеологиялық міндетті ғана емес, сонымен қатар оқушылардың ұлттық тарихпен

байланысын қалыптастырады. Оқушыларға берілетін тапсырмалар, картографиялық материалдар, фотосуреттер мен кестелер арқылы визуалды еске сақтау тетіктері іске қосылады. Әсіресе сакральды география элементтері – Түркістан, Күлтөбе, Хан Тәңірі, Арыстан баб кесенесі – қазақ халқының тарихи және рухани кеңістігін мифтік және саяси ұғым ретінде ұғындыруға ықпал етеді.

Бұл зерттеу онтологиялық қауіпсіздік теориясын тек қауіпсіздік саласында ғана емес, білім беру, ұлттық бірегейлік және тарихи жады контекстінде қарастырудың әдістемелік негіздерін ұсынады. Бұған дейінгі зерттеулер негізінен мектеп оқулықтарын ұлттық бірегейлікті қалыптастыру құралы ретінде ғана қарастырса, бұл зерттеу оқулықтардың сонымен бірге қоғамның онтологиялық тұрақтылығын қамтамасыз ету құралы ретінде маңызды рөл атқаратынын дәлелдейді.

Монографияның ғылыми маңызы – онтологиялық қауіпсіздік теориясының Қазақстан жағдайында алғаш рет қолданылуында. Бұған дейінгі зерттеулерде бұл ұғым негізінен Батыс мемлекеттеріне немесе халықаралық дағдарыс аймақтарына қатысты қолданылып келген. Алайда, Қазақстан сияқты жас әрі посттарлық мемлекеттің тарихи жадысы мен ұлттық бірегейлікті қалыптастыру процестері де осы ұғым арқылы түсіндірілетіні дәлелденіп отыр. Бұл теорияны білім беру саласындағы саясатқа қатысты қолдану – жаңашыл әрі өзекті ғылыми үлес.

Монография онтологиялық қауіпсіздік теориясы мен білім беру саласындағы нақты саясат арасындағы өзара байланысты нақты эмпирикалық материал негізінде қарастырады. Теория тұрғысынан алғанда, онтологиялық қауіпсіздік – мемлекеттің немесе ұлттың ішкі тұтастығы мен тұрақты өзіндік «Менін» сақтауына бағытталған әрекеті. Бұл ұғым алғашында жеке тұлғаға қатысты болғанымен, халықаралық қатынастар теориясында ол мемлекеттерге де қолданыла бастады. Осы тұста, мемлекет өз азаматтарының тарихи жады мен ұлттық бірегейлігін жүйелі түрде қалыптастыру арқылы өзінің тұрақтылығын нығайтады.

Осы теорияны Қазақстан жағдайында қолдану мектеп оқулықтарындағы нарративтерді талдау арқылы жүзеге асты. Мек-

теп оқулықтары мемлекеттің өз идеологиясын ең алғашқы сатыдан, яғни балалық кезеңнен бастап беруі үшін қолданатын тиімді құрал. Бұл жерде теория мен тәжірибе тоғысады: онтологиялық қауіпсіздік туралы теория оқу бағдарламалары мен тарихи нарративтерде нақты репрезентацияларға айналады.

Мәселен, Қазақ хандығының құрылуы туралы бөлімдер мемлекеттіліктің тарихи әрі табиғи құбылыс екендігін дәлелдеуге тырысады. Ресей империясы мен Кеңес кезеңіндегі отарлық саясаттың ауыр зардаптары, ұлттық азаттық қозғалыстардың маңызы, барлығы да тәуелсіздік идеясын тарихи заңдылық ретінде көрсетуге бағытталған. Бұл тек тарихи фактілерді баяндау емес, ұлттық бірегейлікті қалыптастыру және күшейту амалы. Осылайша, зерттеу теориялық үлгіні тәжірибелік деңгейде қалай іске асыруға болатынын көрсетеді.

Практикалық жағынан алғанда, бұл зерттеу бірнеше салаларда пайдалы болуы мүмкін. Біріншіден, оқу бағдарламаларын құрастырушылар мен оқулық авторлары үшін тарихи нарративтердің құрылымы мен ықпалы туралы нақты аналитикалық қорытындылар ұсынылады. Екіншіден, саясаткерлер үшін бұл зерттеу ұлттық бірегейлікті бекемдеу жолдарын көрсететін құрал ретінде қызмет ете алады. Үшіншіден, мұғалімдер мен педагогтер үшін оқу материалының астарлы мазмұнын, оның құндылықтық бағдарын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, зерттеу қазіргі геосаяси жағдайдағы Қазақстанның өзіндік бейнесін сақтау стратегиялары тұрғысынан да құнды. Сыртқы ақпараттық қауіптер мен геосаяси тұрақсыздық жағдайында, білім беру жүйесі ішкі идеологиялық тұрақтылықты сақтаудың басты тетігіне айналуға. Монография осы үдерісті ғылыми түрде талдап, оның ықтимал салдарын көрсетеді.

Сөз соңында, осы зерттеу қазақ мемлекеттілігінің тарихи легитимдігін тек саяси емес, мәдени-танымдық құралдармен нығайтудың маңыздылығын көрсетеді. Оқулықтардағы биографиялық нарративтер тарихи сананың жаңғыруына ықпал етіп, оқушыны ұлттық болмыс пен кеңістікпен қайта байланыстырады. Бұл онтологиялық қауіпсіздік үшін тек сыртқы қатерге

жауап емес, сонымен бірге ішкі бірегейлікті бекемдеудің де басты құралына айналады.

Бұл монография Қазақстан жағдайында тарихи оқулықтардың онтологиялық қауіпсіздікпен байланысын қарастырған алғашқы зерттеу болғанымен, бұл тақырып әлі де кең ауқымды әрі көпқырлы зерттеуді қажет етеді. Өртүрлі аймақтардағы мектеп оқулықтары мен мұғалімдердің оларды түсіндіру тәсілдері өзгеше болуы мүмкін. Бұл әсіресе, этникалық құрамы өртүрлі өңірлер – Солтүстік Қазақстан, Батыс Қазақстан немесе Шығыс Қазақстан аймақтары үшін өзекті. Тарихи нарративтер тек оқулықта ғана емес, оны оқитын оқушының санасында қалай қалыптасады? Бұл мәселені сұхбаттар, сауалнамалар және фокус-топтар арқылы эмпирикалық тұрғыдан зерттеуге болады. Қазақстан көпэтносты ел болғандықтан, тарихи нарративтердің инклюзивтілігі – маңызды фактор. Басқа этностардың тарихы, олардың мемлекеттілікке қосқан үлесі қалай көрсетіледі? Бұл – болашақ зерттеу үшін өзекті тақырып деп санаймын. Сонымен қоса, Қазақстандық оқулықтарды Қырғызстан, Өзбекстан немесе Балтық елдерімен салыстыра отырып, посткеңестік кеңістіктегі онтологиялық қауіпсіздік стратегияларын кеңірек түсінуге болады. Қазіргі заманда оқулықтармен қатар, цифрлық платформалар да тарихи сана қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Болашақта осы медиа құралдардың да әсерін зерттеу орынды болар еді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Азаттық. (2015). *Назарбаев назвал Казахстан «страной великой степени»*. <https://rus.azattyq.org/a/27240619.html>
2. Ақорда. (2014). *Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне арналған салтанатты жиында Қазақстан Президенті Н.Назарбаевтың сөйлеген сөзі*. https://www.akorda.kz/ru/speeches/internal_political_affairs/in_speeches_and_addresses/vystuplenie-prezidenta-kazahstana-nazarbaeva-na-torzhestvennom-sobranii-posvyashchennom-dnyu-nezavisimosti-respubliki-kazahstan-1
3. Аманқұлова, Ш., Бердигалиева, Л., Мағзумова, А., & Юсупова, Т. (2019). *Қазақстан тарихы: 8-сыныпқа арналған оқулық*. Назарбаев Зияткерлік мектептері.
4. Ambrosio, T. (2022). Belarus, Kazakhstan and Alliance Security Dilemmas in the Former Soviet Union: Intra-Alliance Threat and Entrapment After the Ukraine Crisis. *Europe-Asia Studies*, 74(9), 1700-1728.
5. Anderson, B. (1991). *Imagined Communities: Reflections on the Origin and Spread of Nationalism*. Verso.
6. Auzhanova, A. (2022). Eurasian integration in the focus of foreign policy of Kazakhstan. *Scientific Collection «InterConf+»*(21 (109)), 48-53. <https://archive.interconf.center/index.php/2709-4685/article/view/344>
7. Аяған Б., Адиев К., Сатанов А.Б. (2019). *История Казахстана. (с 1946 года по настоящее время): Учебник для 9 класса общеобразовательной школы* Алматы: Атамұра.
8. Аяған Б.Ғ., Әдиев Қ.Б., Сатанов А.Б. (2019). *Қазақстан тарихы (1946 жылдан бүгінгі күнге дейін): Жалпы білім беретін мектептің 9-сыныбына арналған оқулық*. Алматы: Атамұра.
9. Әділет. (2018). *Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы*. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1800017669>
10. Әділет. (2004). *2004-2006 жылдарға арналған «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы туралы*. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U040001277_
11. Әділет. (2017). *«Ұлттық рухани жаңғыру» ұлттық жобасын бекіту туралы*. <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2100000724>
12. Әділет. (2018). *Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы*. <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1800017669>
13. Әшімбаев, М. (2025). Реформалардың мәні – 3: ХХІ ғасырдағы ұлттың жаңа сапасы. *Türkistan*. <https://turkistan.kz/article/262564-reformalardyn-mani-3-xxi-gasyrdagy-ultyn-zana-sapasy>

14. Bachleitner, K. (2023). Ontological security as temporal security? The role of ‘significant historical others’ in world politics. *International Relations*, 37(1), 25-47.
15. Бакина, Н., Жанақова, Н. (2017). *Қазақстан Тарихы: Жалпы білім беретін мектептің 7(6)-сыныбына арналған оқулық*. Атамұра.
16. Бакина Н., Жанақова Н., Сулейменова К. (2018). *История Казахстана: Учебник для 6 класса общеобразовательной школы*. Атамұра.
17. Бакина Н., Жанақова Н. (2017). *История Казахстана: Учебник для 7(6) класса общеобразовательной школы*. Алматы: Атамұра.
18. Berenskoetter, F. (2014). Parameters of a national biography. *European Journal of International Relations*, 20(1), 262-288.
19. Berenskoetter, F., & Giegerich, B. (2010). From NATO to ESDP: A Social Constructivist Analysis of German Strategic Adjustment after the End of the Cold War. *Security Studies*, 19(3), 407-452.
20. Berenskötter, F. (2020). Anxiety, time, and agency. *International Theory*, 12(2), 273-290.
21. Burkhanov, A., & Sharipova, D. (2023). New Narratives and Old Myths: History Textbooks in Kazakhstan. *Nationalities Papers*, 1-16.
22. Власть. (2019). Этническая карта Казахстана: казахов больше, европейцев меньше, третий мононациональный регион. <https://vlast.kz/obsshestvo/32977-etniceskaa-karta-kazahstana-kazahov-bolse-evropejcev-mense-tretij-mononacionalnyj-region.html>
23. Chokobaeva, A., Drieu, C., & Morrison, A. (2020). *The Central Asian Revolt of 1916: A collapsing empire in the age of war and revolution*. Manchester University Press.
24. Cummings, S. N. (2003). Eurasian bridge or murky waters between east and west? Ideas, identity and output in Kazakhstan's foreign policy. *Journal of Communist Studies and Transition Politics*, 19(3), 139-155.
25. Dave, B. (2007). *Kazakhstan-ethnicity, language and power*. Routledge.
26. Dukeyev, B. (2023). Representation of the Kazakhstani famine (1931–33) in secondary school history textbooks, 1992–2021. *Central Asian Survey*, 42(2), 383-401.
27. Duman, S. (2024). Education Reforms in Kazakhstan: International Integration and Nationalization Efforts. In B. Akgün & Y. Alpaydın (Eds.), *Global Agendas and Education Reforms: A Comparative Study* (pp. 41-67). Springer Nature Singapore.
28. Джандосова, З. (2019). *История Казахстана: Учебник для 10 классов общеобразовательных школ*. Алматы: Мектеп.
29. Жандосова, З. (2019). *Қазақстан тарихы: Жалпы білім беретін мектептің 10-сыныбына арналған оқулық*. Алматы: Мектеп.

30. Злобин, П. (2019). Больше – не лучше. Чем грозит Казахстану демографический бум? *Комсомольская правда*. <https://www.kp.kz/daily/27043.3/4107445/>
31. Eschment, B. (2020). *Kazakh and/or Kazakhstani? The National Identity of the Republic of Kazakhstan And Its Citizens*. https://www.zois-berlin.de/fileadmin/media/Dateien/3-Publikationen/ZOiS_Reports/2020/ZOiS_Report_4_2020.pdf
32. Fadlallah, H., & Janmaat, J. G. (2024). History education and the construction of identities in divided societies: the case of Lebanon. *National Identities*, 26(1), 65-85.
33. Fierman, W. (2006). Language and Education in Post-Soviet Kazakhstan: Kazakh-Medium Instruction in Urban Schools. *The Russian Review*, 65(1), 98-116.
34. Giddens, A. (1991). *Modernity and Self-Identity: Self and Society in the Late Modern Age*. Stanford University Press.
35. Gopinathan, S., & Boon, G. C. (2005). History Education and the Construction of National Identity in Singapore, 1945–2000. In E. Vickers (Ed.), *History Education and National Identity in East Asia* (pp. 203–226). Routledge.
36. Götz, E. (2022). Near Abroad: Russia's Role in Post-Soviet Eurasia. *Europe-Asia Studies*, 74(9), 1529-1550.
37. Gustafsson, K. (2015). Identity and recognition: remembering and forgetting the post-war in Sino-Japanese relations. *The Pacific Review*, 28(1), 117-138.
38. Gustafsson, K. (2016). Routinised recognition and anxiety: Understanding the deterioration in Sino-Japanese relations. *Review of International Studies*, 42(4), 613-633.
39. Hanks, R. R. (2009). 'Multi-vector politics' and Kazakhstan's emerging role as a geo-strategic player in Central Asia. *Journal of Balkan and Near Eastern Studies*, 11(3), 257-267.
40. Hansel, M., & Oppermann, K. (2019). The ontological security of special relationships: the case of Germany's relations with Israel. *European Journal of International Security*, 4(1), 79-100.
41. Huysmans, J. (1998). Security! What Do You Mean?: From Concept to Thick Signifier. *European Journal of International Relations*, 4(2), 226-255.
42. Исенов, Т. (2015). На крыльях истории по Великой степи. *Казахстанская правда*. <https://kazpravda.kz/n/na-krylyah-istorii-po-velikoy-stepi/>
43. Jones, P. (2023). Russia's War against Ukraine and the Future of Kazakhstan's Foreign Policy. *Journal of International Affairs*, 75(2), 97-106.

<https://search.ebscohost.com/login.aspx?direct=true&db=asn&AN=169775104&site=ehost-live>

44. Кабулдинов, З., Калиев, З., & Бейсембаева, А. (2018). История Казахстана (18–19 вв.): Учебник для 8 (7) классов общеобразовательных школ. Атамұра.

45. Каликулов, Д. (2014). В Казахстане озадачены словами Путина о русском мире. *BBC News Russian*. https://www.bbc.com/russian/international/2014/09/140901_kazakhstan_putin

46. Қабылдинов, З., Қалиев, З., Бейсембаева, А. (2018). Қазақстан тарихы (XVIII–XIX ғғ.): Жалпы білім беретін мектептің 8 (7) сыныптарына арналған оқулық. Атамұра.

47. *Қазақстандағы білім*. (2024). Мемлекеттік органдардың интер-нет-ресурстарының бірыңғай платформасы. <https://www.gov.kz/article/128171?lang=kk>

48. *Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі*. (2014). <https://www.youtube.com/watch?v=u1mSN1gZT28>

49. Kassen, M. (2018). Understanding foreign policy strategies of Kazakhstan: a case study of the landlocked and transcontinental country. *Cambridge Review of International Affairs*, 31(3-4), 314-343.

50. Kazharski, A. (2020). Civilizations as Ontological Security? *Problems of Post-Communism*, 67(1), 24-36. <https://doi.org/10.1080/10758216.2019.1591925>

51. Казинформ. (2015). В Вашингтоне отметили 550-летие Казахского ханства. https://www.inform.kz/ru/v-vashingtone-otmetili-550-letie-kazahskogo-hanstva_a2826402

52. Казинформ. (2018). Программа «Рухани жангыру» - результаты и новые проекты. https://www.inform.kz/ru/programma-ruhani-zhangyru-rezul-taty-i-novye-proekty_a3437371

53. Kinnvall, C. (2004). Globalization and Religious Nationalism: Self, Identity, and the Search for Ontological Security. *Political Psychology*, 25(5), 741-767.

54. Kinnvall, C., & Mitzen, J. (2020). Anxiety, fear, and ontological security in world politics: thinking with and beyond Giddens. *International Theory*, 12(2), 240-256.

55. Kissane, C. (2005). History education in transit: where to for Kazakhstan? *Comparative Education*, 41(1), 45-69.

56. Klerides, E. (2010). Imagining the textbook: Textbooks as discourse and genre. *Journal of Educational Media, Memory, and Society*, 2(1), 31-54.

57. Klyuchareva, V. (2022). Ot Kazakhskoy SSR do «nezavisimogo» Kazakhstana: uchebnik po istorii kak sposob formirovaniya natsional'noy identichnosti. *Vestnik Altayskogo gosudarstvennogo pedagogicheskogo universiteta*(51), 96-102.

58. Krickel-Choi, N. C. (2022a). The embodied state: why and how physical security matters for ontological security. *Journal of International Relations and Development*, 25(1), 159-181.
59. Krickel-Choi, N. C. (2022b). State personhood and ontological security as a framework of existence: moving beyond identity, discovering sovereignty. *Cambridge Review of International Affairs*, 1-19.
60. Laing, R. D. (1965). *The Divided Self: An Existential Study in Sanity and Madness*. Penguin Books.
61. Mitzen, J. (2006). Ontological Security in World Politics: State Identity and the Security Dilemma. *European Journal of International Relations*, 12(3), 341-370.
62. Morrison, A. (2021). *The Russian Conquest of Central Asia: A Study in Imperial Expansion, 1814–1914*. Cambridge University Press.
63. Najibullah, F. (2014, September 3, 2014). Putin downplays Kazakh independence, sparks angry reaction. *RFE/RL*. www.rferl.org/content/kazakhstan-putin-history-reactionnation/26565141.html
64. Narozhna, T. (2021). Revisiting the Causes of Russian Foreign Policy Changes: Incoherent Biographical Narrative, Recognition and Russia's Ontological Security-Seeking. *Central European Journal of International and Security Studies*, 15(2), 56-81.
65. Nazarbayev, N. (2017). *Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру*. https://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conferences/memleket-basshysynyn-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru-atty-makalasy
66. Noda, J. (2016). *The Kazakh Khanates between the Russian and Qing Empires: Central Eurasian international relations during the eighteenth and nineteenth centuries* (Vol. 3). Brill.
67. Nyshanbayev, N., Bekov, K., Baizakova, Z., Amangeldy, A. (2024). The Republic of Kazakhstan's multi-vector foreign policy. *New Perspectives*, 0(0), 2336825X241308432.
68. Olcott, M. B. (2002). *Kazakhstan: Unfulfilled Promise*. Carnegie Endowment.
69. Омарбеков, Т., Хабижанова, Г., Қартаева, Т., Ноғайбаева, М. (2018б). Қазақстан тарихы (орта ғасырлар): Жалпы білім беретін мектептің 6-сыныбына арналған оқулық. Алматы: Мектеп.
70. Омарбеков, Т., Хабижанова, Г., Қартаева, Т., Ноғайбаева, М. (2018а). Қазақстан тарихы (XVIII-XIX ғғ.): Жалпы білім беретін мектептің 8-сыныбына арналған оқулық. Алматы: Мектеп.
71. Омарбеков, Т., Хабижанова, Г., Қартаева, Т., Ноғайбаева, М. (2018а). История Казахстана (XVIII-XIX вв.): Учебник для 8-го класса общеобразовательной школы. Алматы: Мектеп.
72. Омарбеков, Т., Хабижанова, Г., Қартаева, Т., Ноғайбаева, М. (2018б). История Казахстана (Средние века): Учебник для 6-го класса общеобразовательной школы. Алматы: Мектеп.

73. Өскембаев, Қ., Сақтағанова, З., Зуева, Л. (2019). Қазақстан тарихы (1900-1945): Жалпы білім беретін мектептің 8-9 сыныптарына арналған оқулық. 1-бөлім. Алматы: Мектеп.

74. Петренко, Ю. (2011). Учебник истории как инструмент формирования национальной идентичности на постсоветском пространстве: опыт Казахстана. *Вестник Пермского университета. Серия: Политология* (2), 52-63.

75. Podeh, E. (2000). History and Memory in the Israeli Educational System: The Portrayal of the Arab-Israeli Conflict in History Textbooks (1948-2000). *History and Memory*, 12(1), 65-100.

76. Polkinghorne, D. E. (1995). Narrative configuration in qualitative analysis. *International Journal of Qualitative Studies in Education*, 8(1), 5-23.

77. Pusane, Ö. K., & Ilgit, A. (2022). Ontological Insecurity, Anxiety, and Hubris An Affective Account of Turkey-KRG Relations. *Uluslararası İlişkiler / International Relations*, 19(73), 95-111.

78. Rather, Z. A., Abdullah, D. (2019/2020). The Development of Soviet Education in Kazakh SSR (1917-1991). *The Journal of Central Asian Studies*, 26/27, 35-46.

79. Ringmar, E. (2012). Introduction: the international politics of recognition. In T. Lindemann & E. Ringmar (Eds.), *The international politics of recognition* (pp. 3-23). Paradigm.

80. Roe, P. (2008). The 'value' of positive security. *Review of International Studies*, 34(4), 777-794.

81. Rumelili, B. (2015). Identity and desecuritisation: the pitfalls of conflating ontological and physical security. *Journal of International Relations and Development*, 18(1), 52-74.

82. Rumelili, B. (2020). Integrating anxiety into international relations theory: Hobbes, existentialism, and ontological security. *International Theory*, 12(2), 257-272.

83. Russo, A., & Stoddard, E. (2018). Why do Authoritarian Leaders do Regionalism? Ontological Security and Eurasian Regional Cooperation. *The International Spectator*, 53(3), 20-37.

84. Shlapentokh, D. (2016). Kazakh and Russian History and Its Geopolitical Implications. *Insight Turkey*, 18(4), 143-164.

85. Shvartz, A. (2015). В США состоялась презентация книги «Иллюстрированная история Казахстана». *Казахстанская правда*. <https://kazpravda.kz/n/v-ssha-sostoyalas-prezentatsiya-knigi-illyustrirovannaya-istoriya-kazahstana/>

86. Smith, A. (1991). *National Identity*. University of Nevada Press.

87. Sorbello, P. (2022). As the War Continues, Ukraine Is on Kazakhstan's Mind. *The Diplomat*. <https://thediplomat.com/2022/03/as-the-war-continues-ukraine-is-on-kazakhstans-mind/>

88. Steele, B. J. (2005). Ontological Security and the Power of Self-Identity: British Neutrality and the American Civil War. *Review of International Studies*, 31(3), 519-540.

89. Steele, B. J. (2008). *Ontological security in international relations: Self-identity and the IR state*. Routledge.

90. Subotić, J. (2016). Narrative, Ontological Security, and Foreign Policy Change. *Foreign Policy Analysis*, 12(4), 610-627. <https://doi.org/10.1111/fpa.12089>

91. Тоқаев, Қ.-Ж. (2023). *Әділетті Қазақстан: бірлік, тұрақтылық, даму (Қазақстан халқы Ассамблеясының XXXII сессиясында сөйлеген сөзі)*. Ақорда. <https://akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyyn-kazakstan-halky-assambleyasynyn-adiletti-kazakstan-birlik-turaktylyk-damu-atty-hhhii-sessiyasynda-soylegen-sozi-2731938>

92. Taylor, C. (1995). The Politics of Recognition. In G. Amy (Ed.), *Multiculturalism* (pp. 25-74). Princeton University Press.

93. Ускембаев, К., Сактаганова, З., Зуева, Л. (2019). История Казахстана (1900-1945): Учебник для 8-9 классов общеобразовательных школ. Часть 1. Алматы: Мектеп.

94. Vanderhill, R., Joireman, S. F., Tulepbayeva, R. (2020). Between the bear and the dragon: multivectorism in Kazakhstan as a model strategy for secondary powers. *International Affairs*, 96(4), 975-993.

95. Vieira, A. V. G. (2016). Eurasian integration: elite perspectives before and after the Ukraine crisis. *Post-Soviet Affairs*, 32(6), 566-580.

96. Weldes, J. (1999). The Cultural Production of Crises: U.S. Identity and Missiles in Cuba. In J. Weldes (Ed.), *Cultures of Insecurity: states, communities, and the production of danger*. University of Minnesota Press.

97. Wendt, A. (2003). Why a World State is Inevitable. *European Journal of International Relations*, 9(4), 491-542. <https://doi.org/10.1177/135406610394001>

98. Zadeh, M. S. (2012). *History Education and the Construction of National Identity in Iran* [Florida International University]. Florida. <https://digitalcommons.fiu.edu/cgi/viewcontent.cgi?article=1705&context=etd>

99. Юсупова, Т., Бердигалиева, Л., Унгарбаева, А., Магзумова, А., Зейнулла, А., Ибраева, А., Касенова, Г., Шагимолдин, Е. (2019). *Қазақстан тарихы: 7-сыныпқа арналған оқулық*. Назарбаев Зияткерлік мектептері.

100. *1-11 сынып оқулықтарының электрондық нұсқаларына сілтемелер*. (2022). <https://www.gov.kz/memleket/entities/edu/documents/details/253262?lang=ru>

Ғылыми басылым

Муминов Нурлан Акимбаевич

**ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҰЛТТЫҚ БІРЕГЕЙЛІГІ МЕН
ОНТОЛОГИЯЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІГІ:
КОНСТРУКТИВИСТІК ТАЛДАУ**

Монография

ИБ №15950

Басуға 25.05.2025 жылы қол қойылды. Пішімі 60x84 1/16.
Көлемі 6,12 б.т. Офсетті қағаз. Сандық басылыс. Тапсырыс №1505.

Таралымы 500 дана. Бағасы келісімді.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
«Қазақ университеті» баспа үйі.

050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.

«Қазақ университеті» баспа үйі баспаханасында басылды.

ISBN 978-601-04-7243-3



9|786010|472433